Андатпа. Бүгінгі таңда жасанды интеллект (ЖИ) және табиғи тілді өңдеу заманауи технологиялардың дамуына үлкен ықпал етіп отыр. ЖИ көптеген салаларда тиімділікті арттырып, уақытты үнемдеуге және еңбек үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары жасанды интеллект мүмкіндіктерін білім беруде қолдану, соның ішінде тілдерді оқытуда пайдалану кеңінен таралды. *Мақаланың өзектілігі:* жаһандану дәуірінде тіл үйренуді заманауи шешімдер арқылы жетілдіру – өзекті және перспективалы қадам. Жасанды интеллект арқылы тіл үйренушілердің тілдік деңгейлеріне сәйкес бейімделген оқу жоспарларын жасауға, тиімділікті арттыру мен оқу материалдарын интерактивті түрде ұсынуға, тілдік дағдыларды автоматты түрде бағалауға және мотивацияны арттыруға көмектесетін, қазақ тілінің интеграцияланған платформасының моделін құрастырудың жолдарын қарастыру. *Зерттеудің мақсаты:* қазақ тілін транслингвалды аспектіде оқытуды қамтамасыз етіп, жасанды интеллектің генеративті мүмкіндіктерін пайдалану арқылы тілдік және икемді дағдыларды (soft skills) қатар дамытатын интеграцияланған платформа моделін әзірлеу; осы мақсатта жасанды интеллект негізіндегі қолданыстағы платформаларды талдау, транслингвалды тәсілдің ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау және модельдің архитектурасын жобалау міндеттері қарастырылды. *Зерттеудің жаңалығы:* оңтайлы қолданбаны таңдау үшін жасанды интеллект қолданатын желілік платформаларға талдау жасалып, икемді дағдыларды дамытатын, ана тілін салыстыра отырып (транслингвалды аспектіде) екінші тілді үйренуге арналған платформаның моделі құрастырылып ұсынылды. Зерттеу барысында Course Hero, Gradescope, Cognii AI, Socratic және Praktika AI қолданбаларының тіл үйрету мақсатындағы артықшылықтары мен кемшіліктерін сипаттау, салыстыру әдістері қолдана отырып талданып, Cognii AI және Praktika AI платформаларының білім алушының талаптарын қамтамасыз етуге ыңғайлы екені анықталды. *Зерттеудің практикалық маңызы:* зерттеу нәтижелерін қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытып, тіл үйренушілердің икемді дағдыларын ЖИ көмегімен дамытқысы келетін оқытушыларға және онлайн платформа құрастыратын мамандар мен ізденушілерге көмекші бола алады деп ойлаймыз. Сонымен қатар білім беру жүйесінде ЖИ арқылы тілді дамытуға практикалық жолсілтегіш ретінде қолдана алады. Зерттеу транслингвалды тәсілді жасанды интеллектіге негізделген оқыту платформалары арқылы жүзеге асыруды ұсынады. Бұл тәсіл ана тілі мен үйренетін тілді салыстыра отырып, коммуникативтік, сыни ойлау және эмоциялық интеллект сияқты икемді дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: жасанды интеллект; икемді дағдылар; тіл үйренушілер; транслингвалды аспект; тіл үйрену қолданбасы**Қаржыландыру көзі:** Мақала AP23487324 «Қазақ тілін түркітілдес студенттерге цифрлық технологиялар негізінде транслингвалды аспектіде оқыту» гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.**Сілтеме жасау үшін:** Оданова С.А., Ибраймова Л.Ә., Молдабаева К.Е. Транслингвизм және жасанды интеллект: икемді дағдыларды (soft skills) дамытудың жаңа мүмкіндіктері. *Tiltanym*, 2025. №3 (99). 74-85-66.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-74-85>**Сагира Амангелдиевна Оданова¹, Лира Абдилдабековна Ибраймова^{2*}****Карлығаш Ермазыевна Молдабаева³**¹кандидат филологических наук, профессор, Казахский национальный исследовательский
технический университет имени К. Сатпаева, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0003-2939-7198 E-mail: sagira68@mail.ru^{2*} автор-корреспондент, кандидат филологических наук, и.о. доцента,
Казахский национальный женский педагогический университет,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-8385-492X E-mail: liraibraymova@gmail.com

³доктор философии (PhD), Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-6785-7848 E-mail: m_karly74@mail.ru

ТРАНСЛИНГВИЗМ И ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ: НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ГИБКИХ НАВЫКОВ (SOFT SKILLS)

Аннотация. В настоящее время искусственный интеллект (ИИ) и обработка естественного языка существенно влияют на развитие современных технологий. ИИ открывает возможности повышения эффективности, экономии времени и оптимизации рабочих процессов в разных сферах. В последние годы применение ИИ в образовании, особенно в обучении языкам, получило широкое распространение. *Актуальность статьи* обусловлена тем, что в эпоху глобализации совершенствование процесса изучения языков с опорой на современные решения является важной и перспективной задачей. Использование ИИ позволяет разрабатывать адаптированные учебные планы по уровням обучающихся, повышать результативность и персонализацию обучения, предоставлять материалы в интерактивной форме, автоматически оценивать языковые навыки и усиливать мотивацию. В работе рассматриваются пути создания модели интегрированной платформы для изучения казахского языка с применением ИИ. *Цель исследования* – разработка интегрированной модели платформы, обеспечивающей одновременное развитие языковых и гибких навыков (soft skills) при обучении казахскому языку в транслингвальном аспекте с использованием генеративных возможностей ИИ; в рамках цели выполнен анализ существующих ИИ-платформ, определены научно-методологические основы транслингвального подхода и спроектирована архитектура предлагаемой модели. *Научная новизна* исследования заключается в анализе сетевых платформ, использующих ИИ для выбора оптимального приложения, а также в разработке и предложении модели платформы, предназначенной для изучения второго языка в транслингвальном аспекте путём развития гибких навыков и сопоставления с родным языком. В ходе исследования выполнен сравнительный анализ преимуществ и ограничений образовательных приложений Course Hero, Gradescope, Cognii AI, Socratic и Praktika AI; установлено, что платформы Cognii AI и Praktika AI наиболее удобны для удовлетворения потребностей обучающихся. *Практическая значимость работы* состоит в том, что результаты могут быть полезны преподавателям казахского языка как второго, а также специалистам и разработчикам онлайн-платформ, использующим ИИ для развития гибких языковых навыков обучающихся, и служить ориентиром при внедрении таких технологий в систему языкового образования. Исследование предлагает реализацию транслингвального подхода через платформы обучения на основе ИИ; такой подход, сопоставляя родной и изучаемый язык, позволяет развивать гибкие навыки, включая коммуникативные способности, критическое мышление и эмоциональный интеллект, и эмпатию.

Ключевые слова: искусственный интеллект; гибкие навыки; изучающие язык; транслингвальный аспект; приложение для изучения языка

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования AP23487324 «Обучение казахскому языку тюркоязычных студентов в транслингвальном аспекте на основе цифровых технологий».

Для цитирования: Оданова С.А., Ибраимова Л.А., Молдабаева К.Е. Транслингвизм и искусственный интеллект: новые возможности для развития гибких навыков (soft skills). *Tiltanyim*, 2025. №3 (99). С. 74-85. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-74-85>

Sagira Odanova¹, Lira Ibraimova^{2*}, Karlygash Moldabayeva³

¹Candidate of Philological Sciences, Professor, Satbayev University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0003-2939-7198 E-mail: sagira68@mail.ru

^{2*}Corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor,
Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-8385-492X E-mail: lirairaymova@gmail.com

³Doctor of Philosophy (PhD), Abai Kazakh National Pedagogical University,
Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-6785-7848 E-mail: m_karly74@mail.ru

TRANSLINGUALISM AND ARTIFICIAL INTELLIGENCE: NEW OPPORTUNITIES FOR THE DEVELOPMENT OF SOFT SKILLS

Abstract. Currently, artificial intelligence (AI) and natural language processing significantly influence the development of modern technologies. AI offers opportunities to improve efficiency, save time, and optimize work processes across various fields. In recent years, the use of AI in education, particularly in language learning, has become widespread. *The relevance of this study* lies in the fact that, in the era of globalization, improving language learning through modern technological solutions is both important and promising. AI enables the development of adaptive curricula tailored to learners' proficiency levels, enhances learning efficiency, provides interactive educational materials, automates assessment of language skills, and increases motivation. This study explores approaches to developing a model for an integrated platform for learning the Kazakh language using AI. *The aim of the study* is to design an integrated platform model that supports the simultaneous development

of language proficiency and flexible skills (soft skills) when teaching Kazakh in a translingual context using the generative capabilities of AI. To achieve this aim, existing AI-based platforms were analyzed, the scientific and methodological foundations of the translingual approach were defined, and the architecture of the proposed model was designed. *The scientific novelty* of the research lies in analyzing network platforms that utilize AI to identify optimal applications and in developing and proposing a platform model designed for second-language acquisition in a translingual framework by fostering flexible skills and comparing the target language with the native language. The study includes a comparative analysis of the advantages and limitations of educational applications such as Course Hero, Gradescope, Cognii AI, Socratic, and Praktika AI. The findings indicate that Cognii AI and Praktika AI are the most effective for meeting learners' needs. *The practical significance* of the study is that its results may be useful for educators, specialists, and developers of AI-based online platforms and may serve as a guideline for integrating such technologies into language education. The study proposes implementing a translingual approach through AI-based learning platforms, enabling learners to develop communication, critical thinking, and emotional intelligence by comparing the native and target languages.

Keywords: artificial intelligence; flexible skills; language learners; translingual aspect; language learning app

Source of funding: The article was prepared within the framework of the grant-funded project AP23487324 «Teaching the Kazakh Language to Turkic-Speaking Students in a Translingual Aspect Based on Digital Technologies».

For citation: Odanova, S., Ibraimova, L., Moldabayeva, K. Translingualism and Artificial Intelligence: New Opportunities for the Development of Soft Skills. *Tiltany*, 2025. No.3 (99). P. 74-85. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-74-85>

Кіріспе

Қазіргі уақытта жасанды интеллект білім саласының көптеген аспектілерін қарқынды өзгертіп отыр. Мысалы, лингвистика саласында Duolingo, Rosetta Stone, Babbel, Busuu, Hello Talk, Speakly, lingvist сынды IT платформалар әлем тілдерін үйренуде тілдің айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым дағдылары бойынша таптырмас құралға айналып отыр. Дегенмен қазақ тілінің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілін үйрететін желілік бағдарламалар өте аз. Сондықтан да қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айналып, икемді дағдыларды меңгеру басымдылыққа ие болып тұрған жаһандану дәуірінде жасанды интеллектінің (бұдан кейін ЖИ) икемділік, инклюзивтік, персоналдық және қол жетімділік сияқты мүмкіндіктерін пайдаланып, тілді генеративті жасанды интеллектінің аватарлары бар иммерсивті тіл үйрену қолданбасы арқылы үйретуді қолға алу аса маңызды.

Қазіргі ақпараттық қоғамда адамдар тіл үйрететін әдістемелік кітап түгілі, компьютерге де жүгінуден қалып барады. Тіл үйренушілердің сұранысы арнайы гаджеттерге арналған тіл үйретуші IT бағдарламалар мен қосымшаларға түсіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 15 наурызында өткен ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде «Тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала береді. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным» дей келе, тіліміздің тұғырын ешкімді мәжбүрлемей, күнделікті өмірдегі қажеттілікті арттыру арқылы нығайту керек екенін, осы мақсатта «Креативті индустрияның», атап айтқанда, қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерді барынша тиімді пайдаланып, ақпараттық технология мүмкіндіктерін толығымен пайдалану керектігін баса айтқан болатын (Қасым-Жомарт Тоқаев, 2024 а). Сондықтан да тіл үйрету үдерісіне жаңашылдық әкелу аса маңызды.

Қазақ тілін оқыту бойынша жинақталған материалдарды және қазақ интернет кеңістігін саралай келе, ақпараттық технологиялар тіл үйренуде, жалпы білім саласында кеңінен қолданыс тауып отырғанын байқауға болады. Қазіргі уақытта қазақ тілін үйретуге бағытталған 11 онлайн қосымша жұмыс істеп тұр (<https://sknews.kz/news/view/kazak-tilin-uyrenuge-arnalghan-11-onlayn-kyral>). Ақпараттық ғасырда бұл тым аз. Көп жағдайда тіл үйрету үдерісі кейде қалыпты, бірізді тәсілдермен шектеліп қалады, бұл тіл үйренушілердің мотивациясын төмендетіп, тілді тиімді меңгеруге кедергі келтіреді. Жасанды интеллект технологияларын қолдану тіл үйренушілердің оқу үдерісін жақсартуға, оқу материалының қолжетімділігін арттыруға және әр оқушының жеке ерекшеліктеріне бейімделген оқытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар қазіргі заман талабына сай икемді дағдылар, яғни коммуникация, топта жұмыс істеу, эмоционалды интеллект және сыни ойлау дағдылары да өте маңызды. Осы дағдыларды қазақ тілін үйрету үдерісіне кіріктіру тілді тек академиялық мақсатта ғана емес, шынайы өмірде қолдануға дайындықты күшейтеді.

Ұсынылған мақалада жасанды интеллект оқытушы арқылы тіл үйренушілердің тілдік деңгейлеріне сәйкес бейімделген оқу жоспарларын жасау, оқу үдерісін жекелендіру, тиімділікті

арттыру және оқу материалдарын интерактивті түрде ұсыну, сондай-ақ тілдік дағдыларды автоматты түрде бағалау мен мотивацияны арттыруға мүмкіндік беретін, қазақ тілін транслингвалды аспектіде өз ана тілімен салыстыра оқытуға негізделген және икемді дағдылардың негізгі түрі болып табылатын коммуникативтік дағдыны, еркін ойын жеткізу мен топпен жұмыс жасау қабілеттерін дамытуды көздейтін ЖИ көмегін пайдаланатын платформаның моделі қарастырылады. Ұсынылған зерттеу транслингвалды тәсілді ЖИ құралдарымен ұштастыра отырып, тіл үйренушінің ана тіліндегі білімін жаңа тілді меңгеруге тірек етеді. Бұл үдеріс барысында студент тек тілдік құзыреттілікті ғана емес, топпен жұмыс, еркін ойды жеткізу, мәдениетаралық коммуникация сияқты *soft skills* дағдыларын қатар дамытады.

Материал және әдістер

Зерттеу білім алушылардың *коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға* және тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге бағытталды. Атап айтқанда, *эмоционалды интеллект, сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік сенімділік, икемділік пен өзгерістерге ашықтық* сияқты қасиеттерді дамыту жолдары қарастырылды. Сонымен бірге *пікірлер қақтығысын реттеу, кәсіби және жеке байланыстарды құру, өзінің және әріптесінің эмоцияларын түсіну, ақпаратты талдау және негізделген қорытынды жасау* сияқты икемді дағдылардың құрамдас элементтерін қалыптастыру стратегиялары талданды.

Сонымен қатар білім алушыларға қазақ тілін оқытудың *трансмәдени әдіс-тәсілдері* қарастырылды. *Геймификация элементтерін* қолдану арқылы тіл үйренуге деген қызығушылықты арттыру және тілді жүйелі түрде меңгеруге ынталандыру жолдары талданды. Зерттеу барысында *сандық технологиялар негізіндегі инновациялық оқыту жүйелері*, атап айтқанда, *генеративті жасанды интеллекті аватарлары бар иммерсивті тіл үйрену платформаларының мүмкіндіктері* жан-жақты зерделенді.

Транслингвалды әдісті жасанды интеллект арқылы жүзеге асыру білім алушыларды *күрделі жағдаяттарға (симуляциялар, диалогтер, геймификация элементтері)* белсенді қатыстыруды көздейді. Мұндай әдіс оқушылардан өз ойын бейімдеуді, *топтық талқылауларға қатысуды, шешім қабылдауды* талап етеді. Осы процестердің барлығы *soft skills*-тің негізгі құрамдас бөліктерін дамытуға ықпал етеді.

Мақалада икемді дағдылар негізінде тілді транслингвалды аспектіде оқытудың әлемдік және отандық теорияларын *саралау*, ЖИ-ге негізделген ресурстарды *топтастыру, сипаттау, салыстыру, модельдеу* әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Қазақ тілінің қолданыс аясының кеңейіп, күнделікті қарым-қатынас тілінен білім, ғылым, экономика және техника тіліне айнала бастады, сондықтан тілді оқыту барысында тіл үйренушілердің қазақ тілінде кәсіби коммуникацияға қатысып, нарықтық бәсекелестікке сай келіп, жеке тұлға ретінде қалыптасып, қазақша ойлап, еркін сөйлеу дағдыларын дамыту бүгінгі таңдағы филологтар мен педагогтердің міндеті. Осы мақсатта еліміздің ғалымдарының тілді үйрету бойынша еңбектері жарыққа шығып, желі арқылы тіл үйрету платформалары даярланды. Қазақ тілін оқытуға арналған дәстүрлі платформалар негізінен тілдік материалдарды меңгертуге бағытталса, қазіргі кезеңде тіл үйренушінің тек лексика-грамматикалық білімін ғана емес, сонымен бірге оны нақты қарым-қатынаста қолдану қабілетін қалыптастыру өзекті болып отыр. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін тілдерді оқытудың жаңа әдіснамалық ұстанымдары қажет. Солардың бірі – транслингвалды тәсіл, ол тіл үйренушіге ана тілі мен үйреніп жатқан тілін салыстыра отырып, шынайы қарым-қатынаста икемді пайдалануға мүмкіндік береді.

Екінші тілді үйренуге арналған транслингвалды тәсіл бір тіл негізінде оқытуды емес, тілдердің табиғатының өзара байланысын мойындай отырып, әр түрлі тілдің контекстінде ойды жеткізуге көмек береді. «Транслингвалдылық» көптілді ресурстарды әдейі қолданатын әдіс ретінде де қарастырылады (Brinkschulte және т.б., 2018). Транслингвизмді Li Wei және Wing Yee «шекарасыз тіл үйрену» ретінде қарастырып, лингвистикалық және мәдени шекараларды жоятын «трансдисциплинарлық модель» ұсынған (Li Wei, Wing Yee, 2018). Anderson транслингвалдылықты екінші тілді үйренудің табиғи процесімен байланыстырады (Anderson, 2017). Біздің зерттеуде осы көзқарастар ЖИ құралдарымен интеграцияланып, транслингвалдылық тек әдіс емес, *soft skills* дамыту тетігі ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан алғанда, біз ұсынған

модель CLIL (Content and Language Integrated Learning) моделімен ортақ негізге ие: екі тілдің салыстырылуы мен пәнаралық мазмұн интеграциясы арқылы танымдық және әлеуметтік дағдыларды қатар дамыту.

Транслингвалды әдісті қолдана отырып, тәжірибе жасаған шетелдік зерттеулер көп. Мысалы, Sitong Wang транслингвалды әдісті жазылым әрекетінде қолданудың тиімділігін көрсеткен (Sitong Wang, 2022). Хиан Сук пен М. Пачеро сырттан келген студенттердің қарым-қатынас кезінде сөздердің дұрыс айтылуына мән бере отырып, мағынасын түсіне (ресурстарды кодтау) алатындығын және грамматикадан бас тартуға болатындығын жазған (Hyun-Sook Kang, Mark Barba Pacheco, 2020: 12). Алайда транслингвалды аспектіде оқытуда екінші тіл мен өз ана тілін салыстыру кезінде грамматикалық ортақ ұқсастықтар ескеріледі. Әсіресе түркі тілді білім алушылардың ортақ тарихи байланысы, тілдік, мәдени ұқсастығы бар болғандықтан, дәл осы әдісті қолдану аса тиімді деп есептейміз.

Транслингвалды оқытуда кездесетін «тілдің пиджинденуі», тілдік нормадан ауытқу сияқты кереғар пікірлерді жоққа шығаруға болмайды. Бірақ бұның алдын алатын лексика-грамматикалық тапсырмаларды көбейту («дрилинг»), лингвомәдениеттанымдық, лингвоелтанымдық тапсырмаларды практикалық сабақтарға енгізу арқылы жеңуге болатындығын жазған (Куриленко, 2020).

Студенттер әртүрлі тілдік, мәдени және нәсілдік ортадан шыққанымен, олар басқалармен транслингвалды қарым-қатынас арқылы басқа адамдардың тілі мен мәдениетін түсіне алады. K.Nurcahyoko студенттердің қытай тілі мен ағылшын, батыс мәдениетін сыни және шығармашылық байланыстыра алатынын жаза келе, бұл «мәдени сезімталдық мен түсінісуді» қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін», – дейді (Nurcahyoko, 2016: 15). Транслингвалды аспектіде тілді оқытудың негізгі мақсаты – өзге тілде сенімді сөйлеп, еркін қарым-қатынас жасай алуға баулу. Сондықтан студенттің икемді дағдыларын дамыту, соның ішінде коммуникативтік дағдыларын, топ ішінде жұмыс жасау, өзіне сенімді болу, сыни ойлау дағдыларын қатар дамытуды қажет етеді.

Білім алушыға тіл арқылы икемді дағдыларын дамыту нәтижелі болмақ. Себебі икемді дағдыларды дамыту жеке тұлғаның мансаптық өсуіне тікелей ықпал етеді. Сондықтан тіл үйренушінің бойында эмоционалды интеллектіні қалыптастыру да маңызды. Эмоционалды интеллект, сыни тұрғыдан ойлау, өзіне деген сенімділік, икемділік пен өзгерістерге ашықтық, пікірлер қақтығысын реттеу сияқты тұлғалық қасиеттерін дамыта отырып, кәсіби және жеке байланыстарды құру, өзінің және әріптесінің эмоцияларын түсіну, ақпаратты талдау және негізделген қорытынды жасау, өзін-өзі бағалау арқылы ұжымның салауатты қарым-қатынастарын сақтау сияқты қабілеттерін қалыптастырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады (Yermakov, Amantai, 2021: 42-50).

Күнделікті қарапайым жағдаяттарда базалық деңгейдегі білім алушыға тіл қолданудағы сенімділігін арттыратын негізгі базалық сөз тіркестері мен грамматикалық құрылымдарды меңгерту үшін викториналар және рөлдік ойындар сияқты геймификация элементтері тіл үйренуді қызықты және өнімді етеді. Ортаңғы деңгейде тіл үйренушілерге контекстте тілді үйренуге мүмкіндік беретін іскерлік кездесулер немесе күнделікті диалогтар сияқты сценарийлерді ұсыну арқылы коммуникативтік дағдылары тереңдетіліп, диалогтік сөйлеу дағдылары дамытылып, пікірталасқа ат салысуға қызығушылықтары арттырылады. Жоғары деңгейде білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау және ойын құрылымдау қабілеттерін дамытуға және жұрт алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған күрделі, өзекті әрі қызықты тақырыптар кешені ұсынылып, тақырыпты дұрыс талқылауларына назар аударылады. Геймификация элементтері әлемге танымал ағылшын тілін үйрететін платформалардың барлығында бар және тіл үйретудің қарапайым деңгейінен бастап, ең жоғарғы деңгейіне дейін барады.

Әрбір тіл өз халқының қайталанбас мәдени және тарихи ерекшеліктерін көрсетеді. Қазақ тілін оның мәдени контекстін ескермей үйрету түсінбеушілікке әкелуі мүмкін. Көптеген сөздер мен сөз тіркестерінің түп тамыры қазақ халқының салт-дәстүрінде, әдет-ғұрпында, тарихында жатыр. Зерттеуде ұсынылатын тақырыптық топтамалардағы мәдени контекст студенттердің білімін толықтырып қана қоймайды, сонымен қатар қазіргі көптілді әлемде үлкен маңызға ие боп отырған тиімді қарым-қатынас пен мәдениетаралық түсіністікке жағдай жасайды. Сонымен қатар тіл мен мәдениетті оқу қазіргі жаһандану жағдайында қазақ жастары үшін әсіресе маңызды мәселе,

себебі, ол өзінің түп тамырын танып білуге және өзінің ұлттық мәдени мұрамен сабақтастығын пайымдауға ықпалын тигізеді. Сондықтан да әр деңгейдің тапсырмалар топтамасы ұлттық мәдениет пен құндылықтарға негізделіп құрастырылады. Тіл үйренушінің өз мәдениеті мен үйреніп жатқан тілінің мәдениетін салыстыруы, одан ұқсастық табуы тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырып, тілдік ортада оңай коммуникацияға түсуіне септігін тигізеді. Мәдени ерекшеліктерді ғана емес, грамматикалық (дыбыс, сөз, буын т.б. ұқсастық) ұқсастықтарды іздеу – бұл тілді транслингвалды аспектіде оқытудың негізгі ерекшелігі.

Тіл саясатын тиімді іске асыру, оның ішінде көпшілікке тілдерді оқыту процесінің қолжетімдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысымен әзірленген «Tilmedia.kz», «Balatili.kz», «Tilqural.kz», «Abai.institute», «Termincom.kz», «Emle.kz», «Sozdikqor.kz», «Qazcorpor.kz», «Qazgrammar», «Qujat.kz», «Atau.kz», «Qazlatyn.kz» электрондық ресурстары жұмыс істейді. Бұл ресурстар – сабақтар, бейнероликтер, мәтіндер, сөздік, оқулықтардан тұратын интуитивті іздеу жүйесі мен ыңғайлы навигация жүйесі бар онлайн платформалар. Жоғарыда аталған отандық ресурстар көбіне контент жеткізуші рөлінде, яғни content-delivery model деңгейінде қалып отыр. Ал біздің зерттеу ұсынып отырған платформа – interactive immersive model, яғни виртуалды аватар-оқытушы мен транслингвалды тәсіл негізінде білім алушының белсенді әрекетін талап ететін, soft skills дамытатын модель.

Бернард Марр мен Матт Вардтың пайымдауынша, тілді оқытуда генеративті аватарларды және иммерсивті технологияны пайдалану өзара әрекеттесу мен тәжірибе үшін жаңа көкжиектерді ашады (Marr, Ward, 2017), себебі бұл тәсіл шынайы қарым-қатынас жағдайларын имитациялауға мүмкіндік береді, бұл табиғи тілді меңгеруге ықпал етеді, сонымен қоса жасанды интеллектті пайдалану кезінде оқу бағдарламасы білім алушының жеке қажеттіліктеріне бейімделеді (Рахметова, 2012: 227).

Геймификация туралы Thurairasu еңбегінде ол мотивацияны арттыратын құрал ретінде қарастырылса (Thurairasu, 2022), біздің моделімізде геймификация элементтері self-determination theory қағидатымен ұштасып, студенттің ішкі уәжін арттыруға бағытталған (Deci, Ryan, 2000). Бұл тәсіл қазақ тілін үйретуде бұрынғы дәстүрлі қайталау жаттығуларынан артық: өйткені студент тек тілдік форма емес, өз ойын еркін жеткізуге дағдыланады.

Осы себептен де тіл үйренушінің икемді дағдыларын дамытуды көздейтін әрі қазақ тілін транслингвалды аспектіде үйретуге бағытталған генеративті жасанды интеллектті аватарлары бар иммерсивті тіл үйрену қолданбасында ұсынылатын геймификация элементтері тіл үйренушіге еркіндік атмосферасын қалыптастырып, коммуникацияға түсу кезінде қате жіберу қорқынышын азайтып, сенімділігін арттырады.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі тілдерді оқытуға арналған бағдарламаларға шолу жасалды. Үйретудің озық технологиялары зерделеніп, білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жолдары айқындалды. Сонымен қатар генеративті жасанды интеллект аватарлары бар иммерсивті тіл үйрену қолданбасы негізінде қазақ тілін оқытудың қазақстандық моделін ұсыну жолдары қарастырылды. Бұл мақсатта теориялық талдау, сипаттау және салыстыру әдістері қолданылды. Нәтижесінде білім беру саласында қолданылатын бес желілік бағдарлама таңдалып, олардың білім беру үдерісіндегі артықшылықтары мен кемшіліктері, Soft skills-ке әсері және пайдалану көрсеткіші сияқты критерийлер бойынша талдау жасалды.

Кесте 1 – Білім беру мақсатында қолданылатын желілік бағдарламалар
Таблица 1 – Сетевые программы, используемые в образовательных целях
Table 1 – Network-based Programs used for Educational Purposes

Платформа	Артықшылығы	Soft skills-ке әсері	Пайдалану көрсеткіші
Course Hero	Құжаттардың кең кітапханасы; репетиторлық қызмет; өзіндік оқуға ыңғайлы; кешенді ресурстар	Өз бетінше іздену, академиялық өзіндік жұмыс дағдысын дамыту	Нақты дерек жоқ

Кесте 1 жалғасы / Продолжение Таблицы 1 / Continuation of Table 1

Gradescope	Бағалауды автоматтандырады; уақытты үнемдейді; объективтілік пен дәйектілікті қамтамасыз етеді	Жылдам кері байланыс арқылы өзін-өзі жетілдіру; әділ бағалау мәдениеті	Нақты дерек жоқ
Cognii AI	Жекелендірілген оқыту; интерактивтілік; сыни ойлауды дамытуға бағытталған; ашық сұрақтарға назар аударады	Сыни тұрғыдан ойлау; дәлелді пікір айту; инклюзивтілік	1 млн+ қолданушы (ресми сайт дерегі бойынша)
Socratic (Google)	Жылдам жауаптар мен түсіндірмелер; пәндердің кең қамтылуы; интерактивті құралдар	Өзіндік ізденіс; ақпаратты құрылымдау; өзіндік білім алу дағдысы	Нақты дерек жоқ, бірақ әлем бойынша кең қолданылады
Praktika AI	Нақты өмірлік симуляциялар; аватар-оқытушы; ойын элементтері; жылдам кері байланыс	Коммуникативтік дағдылар; мәдениетаралық қарым-қатынас; өзіндік сенімділік	Нақты дерек жоқ (жылдам өсіп келе жатқан стартап)

Тілді үйренуде жасанды интеллекті қолданудың әлемдік тәжірибесі сараланып, соның негізінде оқу материалдарын генерациялайтын, грамматикалық, лексикалық құрылымға негізделген, нақты кері байланыс беретін, виртуалды сөйлесу агентін, интерактивті сабақтарды, ойын элементтерін қамтитын платформалар таңдалып, нәтижесінде Course Hero, Gradescope, Cognii AI, Socratic және Praktika AI (<https://www.unite.ai/ru/10-best-ai-tools-for-education/>) платформаларына шолу жасалды.

ЖИ негізінде құрастырылған оқытушылар мен студенттерге арналған желілік бағдарлама – Course Hero. Бұл онлайн білім беру платформасы білім алушылардың өз беттерімен білім қорларын толықтыруына мүмкіндік беретін, сонымен қоса оқулықтар, оқу құралдары және студенттерге арналған сарапшылық көмекті қоса алғанда, көптеген оқу материалдарын ұсынады. Жалпы, білім қоры – бұл құрылымдалған ақпараттық ресурс, ол әр түрлі форматтағы деректерді қамти алады және нақты тапсырмаларды шешу үшін қолданылады. Чат-боттар үшін білім қоры олардың «ақпараттық орталығы» қызметін атқарады. Ол чат-ботқа пайдаланушының сұрақтарына жауап беру немесе белгілі бір әрекет жасау үшін қажетті деректер мен білімді қамтамасыз етеді (Dahiya, 2017: 158-161).

Платформаның артықшыларына кешенді ресурстарға қолжетімділік, репетиторлық қызметтер және икемділік жатады. Course Hero құжаттардың кең кітапханасын ұсынып қана қоймайды, сонымен қатар сынып жазбалары, оқу нұсқаулықтары мен сынаққа дайындық материалдары қамтылады.

Платформаны қолдану барысында білім алушының ЖИ-мен жұмыс істейтін құралдарға қол жеткізу мүмкіндігі артады, платформа математикалық есептерге арналған қадамдық шешімдер ұсынып, студенттерге күрделі тақырыптарды түсінуге көмектеседі. Платформада ұсынылған ақпараттың сенімділігіне кей жағдайда күмән туындауы мүмкін, сондықтан, қолданбас бұрын ақпаратты анықтап алу керек болады.

Студенттердің білімін бағалауға мүмкіндік беретін ЖИ Gradescope машиналық бағалау мен ЖИ негізінде бағалауды жеңілдетіп, уақыт үнемдейді. Артықшылықтарына баға қою тиімділігі, дәйектілік және объективтілік, өлшемділік, кері байланыс жылдамдығы, қайталанатын тапсырмаларды автоматтандыру жатады.

Gradescope деректердің үлкен көлемін қамтитын, әсіресе көп таңдаулы тесттер мен математикалық есептерге арналған бағалау тапсырмаларын орындауда ЖИ қолданады. Бұл мұғалімдердің баға қоюға кететін уақытын айтарлықтай қысқартып, оқытуға және оқушылардың өзара әрекеттестігіне көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді. ЖИ негізіндегі бағалау барлық студенттер арасында дәйекті және объективті бағалауды қамтамасыз ете отырып, кодтау

тапсырмалары, эсселер немесе субъективті жауаптарды бағалау кезінде әділдікті сақтауға көмектеседі (Marr, Ward, 2019: 351). ЖИ жүздеген, тіпті мыңдаған студенттері бар үлкен сыныптар мен курстардағы бағалауды тиімді басқара алатындықтан, онлайн курстар мен жаппай лекциялар ұсынатын білім беру мекемелері үшін ерекше маңызды.

ЖИ студенттерге осал тұстарын анықтауға көмектесе отырып, жылдам кері байланыс бере алады, дер кезінде берілген кері байланыс студенттерге материал әлі есінде тұрған кезде мәселелерді шешуге мүмкіндік беру арқылы оқу нәтижелерін жақсартыады. ЖИ тез әрі тұрақты түрде баға қоя алғанымен, эссе немесе жобаға негізделген бағалау сияқты күрделі немесе шығармашылық тапсырмаларды толық немесе дәл бағаламауы мүмкін. Жасанды интеллект белгілі бір тапсырмаларды орындауға құрастырылғанымен, оқу деректерінен ауытқыған, әдеттен тыс, немесе жоғары креативті студент жауаптарын өңдеуде қиындықтарға тап болуы мүмкін, сонымен қоса бағалау үшін ЖИ-ге шамадан тыс сену тәлімгердің білім алушының жұмысын егжей-тегжейлі тексермей, тек шолып шығуына әкелуі мүмкін. Жалпы тәлімгерлер, агенттер және ЖИ негізіндегі робот тіл үйренуде маңызды рөл атқарады, әсіресе тілдік тәжірибе мен қарым-қатынас жасауға бағытталған дағдыларды дамытуда пайдалы және нақты уақыт режимінде оқушылардың айтылымын бағалап, қателерді көрсетеді және оларды түзету жолдарын ұсынады (Bao, 2019: 28-40).

Cognii AI – жекелендірілген оқыту тәжірибесін ұсыну және қолдау көрсету арқылы білім беруді жақсартуға арналған коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған ЖИ платформасы. Бағдарламаның білім алуғағы дербестік, интерактивтілік және тартымдылық, сыни тұрғыдан ойлауды дамытудағы мүмкіндік, ауқымдылық сияқты артықшылықтары мен білім алу барысындағы эмоционалды аспектінің жетіспеушілігі, техникалық қиындықтар сияқты осал тұстары анықталды.

Cognii әр студенттің қарқыны мен оқу стиліне бейімделіп, кері байланыс пен нұсқаулықты қамтамасыз етіп, білім сапасын арттыруға қол жеткізуге көмектесе отырып, сабаққа қатысу мен материалды түсіну сапасын арттырады. Интерактивті тапсырмалар кешені коммуникативтік дағдыларды дамыта отырып, инклюзивті оқу элементтерін имитациялай отырып, білім алу үдерісін тартымды етеді.

Бағдарлама ауқымды аудиторияға бағытталып, онлайн курстар мен қашықтықтан білім беру үшін қолайлылық тудырады. Ашық сұрақтарға назар аудара отырып, Cognii студенттерді сыни тұрғыдан ойлауға дағдыландырып, материал негізінде ой қорытуға ынталандырады.

Екі платформаны салыстырсақ, практика AI-дың диалогтік симуляциялары транслингвалды әдіспен ұштастырылғанда студент шынайы қарым-қатынасқа түсіп, коммуникативтік дағдыларын дамытады. Cognii AI сыни тұрғыдан ойлау мен дәлелді пікір білдіруді талап етіп, тіл үйренушінің soft skills-ін жетілдіреді. Осылайша транслингвизм – ЖИ – soft skills ұштағаны бір модельде тоғысады.

Socratic – бұл студенттерге сұрақтардың кең ауқымы бойынша жауаптар, түсініктемелер және ресурстар беру арқылы оқуға көмектесуге арналған ЖИ-мен жұмыс істейтін қолданба, білім беруді қолжетімді ету үшін табиғи тілді өңдеуді және машиналық оқытуды пайдаланады. Оның білім беру мақсатына жетудегі артықшылықтарына қол жетімділік және ыңғайлылық, жылдам жауаптар мен түсіндірмелер, пәнді терең қамту мүмкіндігі, интерактивті оқыту, ал кемшілігіне кері байланыстың болмауын жатқызуға болады.

Socratic әртүрлі пәндер бойынша сұрақтарға жылдам, егжей-тегжейлі жауаптар беріп, математика, жаратылыстану, әдебиет және әлеуметтік пәндер бойынша тақырыптардың кең ауқымын қамтиды. Диаграммалар мен қадамдық нұсқаулықтар сияқты көрнекі құралдарды қамти отырып, түсіну мен есте сақтауды жақсартып, білім берудің интерактивтілігін жоғарылатады.

Қолданба студенттерге өз бетінше ізденуге және шешімдерді табуға мүмкіндік беру арқылы, өздігінен білім алу әдетін дамытады. Студенттердің сұрақ қою үшін дауысты пайдалана алу мүмкіндігі, платформаны пайдаланушыға ыңғайлы етіп, жас ерекшеліктеріне қарамастан білім алуға мүмкіндік туғызады.

Socratic сенімді білім беру платформаларынан алынған ақпараттар мен ресурстарды біріктіріп, студенттердің нақты әрі сенімді ақпарат алуын қамтамасыз етеді, дегенмен ақпараттың қолжетімділігі білім алушының сыни ойлауы мен мәселені шешу дағдыларының қалыптасуына

нұқсан келтіруі мүмкін, сонымен қоса, кері байланыс механизмінің болмауы білім алушының материалды түсіну деңгейін анықтауда қиындықтар тудыруы мүмкін.

Praktika ЖИ – білім беруге, әсіресе интерактивті симуляциялар мен өмірден алынған нақты ситуациялар арқылы тіл үйренуге және коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған сұхбаттық AI платформасы.

Praktika ЖИ білім алушыға имитацияланған нақты әлем сценарийлеріндегі дағдыларды тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді, аватар оқытушымен сұхбат білім алу үдерісін анағұрлым қызықты етіп, коммуникативтік дағдының дамуына әсер етеді.

Жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін коммуникативтік және икемді дағдыларды дамытуға бағытталған, имитацияланған өзара әрекеттесуге негізделген білім кешені платформаны тартымды етіп көрсетеді. Ол білім алушының ынтасын арттырып, жылдам кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Дегенмен, бағдарламаға шамадан тыс сенім арту, жұмсақ дағдыларды қалыптастыру үшін маңызды саналатын эмоционалды интеллектінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Course Hero, Gradescope, Cognii AI, Socratic және Praktika AI платформаларының салыстырмалы талдауы жүргізілді. Платформалардың қолдану мақсаты, артықшылықтары, кемшіліктері және білім беру процесіндегі қолданыс бағыттары анықталып, жіктеу негізінде оңтайлы бағдарлама таңдалды.

Course Hero негізінен жазбалар, нұсқаулықтар және өткен емтихан құжаттары сияқты оқу материалдарының кең репозиторийін ұсынатын «ресурстық хаб» ретінде қызмет етеді. Оның артықшылығы: студенттерге бұрыннан бар ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы өздігінен оқуға мүмкіндік береді. Бағдарлама тәуелсіз білім алушылар үшін қосымша оқу құралы ретінде өте қолайлы, бірақ жекелендірілген немесе интерактивті білім беру талаптарын қанағаттандырмайды.

Gradescope кері байланысты қамтамасыз етуге бағытталған, бағалау үдерісін жылдамдатып, объективтілікті қамтамасыз ететін, әсіресе сандық немесе құрылымдық тапсырмалар үшін тиімді болса, Cognii AI сыни ойлауға және жекелендірілген білім беруге ықпал ететін интерактивті оқыту платформасы ретінде ерекшеленеді, егжей-тегжейлі кері байланыс береді және оқушының қажеттіліктеріне бейімделе отырып, сыни тұрғыдан ойлау мен инклюзивті оқытуды ілгерілетуге бағытталған.


Google ұсынған Socratic – бұл тақырыптардың кең ауқымы үшін жылдам жауаптар мен қадамдық түсініктемелер беретін мобильді интеллект. Уақытын үнемдеуге тырысатын білім алушылар үшін қарапайым әрі қолжетімді тамаша ресурс. Praktika AI иммерсивті оқытуда, әсіресе тілді меңгеруде нақты өмірдегі ситуацияларды модельдей отырып, коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған аватар оқытушысы бар, ойын элементтері мен кері байланысты қамтитын платформа.

Жоғарыда сипатталған ЖИ платформаларын негізге ала отырып, екінші тілді үйренушінің икемді дағдыларын дамытатын және өз тілі мен үйренетін тілін салыстыра отырып, тілді оңтайлы үйренуіне көмектесетін платформаның моделін ұсынамыз (Сурет 1).

Ұсынылып отырған модель тіл үйренушілердің икемді дағдыларын дамыту арқылы тілді табиғи жолмен және терең түсінуіне көмектеседі. Атқаратын қызметі үлкен үш модульге жіктелді. Тілді салыстыру модулінде тіл үйренуші ана тілі мен үйренетін тілінің грамматикалық, лексикалық, фонетикалық ерекшеліктерін салыстырады. Кейбір қиын грамматикалық құрылымдардың түсіндірмесі беріледі. Пайдаланушыға екі тілді ортақ және ерекшеленетін тұстарын интерактивті тапсырмалармен көрсетеді. Тіл үйренушінің деңгейі бастапқы тест арқылы анықталып, соның негізінде оқыту барысында материалдар күрделендіріліп немесе жеңілдетіліп ұсынылады. ЖИ көмегімен тіл үйренушінің жеке оқу жоспары құрылады.

Интерактивті тапсырмаларға әлемдік стандарттарға негізделген тапсырма түрлері, атап айтқанда: грамматикалық жаттығулар, сөздік ойындар, диалог құру, ана тіліне сүйене отырып, жаңа сөздерді ассоциациялау әдістері, дауысты тану технологиясы арқылы айтылым дағдысын тексеру қарастырылған. Сонымен қатар бір мәтінді екі тілде оқыту, салыстыру, аударма жасау, қате аударылған жерлерді көрсетіп, түсініктеме беру функцияларын қосу аса тиімді. Платформада тіл үйренушілерге бір-бірімен байланыс жасап, бірігіп ойын ойнауға, тапсырмаларды бірге шешуге болады. Оқытушы аватарды пайдалану арқылы жасанды қарым-қатынас орнатып, тіл

үйренушінің өзге тілде сөйлеудегі ұялу мен қысылу сезімдерін жеңуіне ықпал етеді. Қоғамдастық арқылы үйреніп жатқан тілінде сөйлейтін адамдармен қарым-қатынас жасайтын болса, тілді тезірек үйренуге септігі тиеді.



Сурет 1 – Икемді дағдыларды дамыта отырып, тілді транслингвалды аспектіде меңгертетін ЖИ-дің жалпылама моделі

Рисунок 1 – Обобщённая модель ИИ для овладения языком в транслингвальном аспекте через развитие гибких навыков

Figure 1 – Generalized Model of AI for Language Acquisition in a Translingual Aspect through the Development of Flexible Skills

Ұсынылып отырған платформа моделі зерттеудің бастапқы кезеңінде әзірленген концептуалдық жоба болып табылады. Модельдің басты мақсаты – қазақ тілін транслингвалды аспектіде үйрету процесінде жасанды интеллектің генеративті мүмкіндіктерін пайдалану арқылы тілдік дағдылармен қатар икемді дағдыларды (soft skills) дамытуға бағытталған интеграцияланған жүйені ұсыну.

Модельдің ғылыми жаңалығы үш негізгі қырынан көрінеді:

1. Транслингвалды тәсілді жасанды интеллектімен үйлестіру – ана тілін салыстыруға негізделген оқыту, виртуалды ортада аватар-оқытушымен интерактивті әрекеттесу арқылы жүзеге асады;

2. Жеке оқу траекториясын қалыптастыру – ЖИ негізінде тіл үйренушінің деңгейін автоматты түрде анықтап, материалды күрделендіру немесе жеңілдету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі;

3. Soft skills дамытуды кіріктіру – модель тіл үйренушінің тек тілдік құзыреттілігін ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік, сыни тұрғыдан ойлау, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруді көздейді.

Практикалық маңыздылығы тек қолданыстағы қосымшаларды шолумен шектелмейді. Платформа Cognii AI мен Praktika AI артықшылықтарын үйлестіре отырып, виртуалды тілдік орта құруды, аватар-оқытушы көмегімен сөйлеу тәжірибесін қалыптастыруды, геймификация элементтері арқылы мотивацияны арттыруды мақсат етеді. Бұл әдіс тіл үйренушіге қателесуден қорықпай, табиғи түрде қарым-қатынасқа еркін түсуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген талдау нәтижесінде жасанды интеллектке негізделген білім беру платформаларының ерекшеліктері айқындалды. Course Hero қосымшасы негізінен білім қорына

қолжетімділікті қамтамасыз етсе, Gradescope автоматтандырылған бағалау мен кері байланыс арқылы оқыту процесін жеңілдететіні анықталды. Cognii AI студенттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытып, жекелендірілген оқытуға мүмкіндік береді. Praktika AI коммуникативтік дағдыларды жетілдіруде және транслингвалды тәсілді қолдануда тиімді болып шықты. Ал Socratic ақпаратқа жедел қол жеткізу арқылы білім алушының өзіндік ізденіс дағдыларын қолдайды.

Осы платформаларды салыстырмалы талдау нәтижесінде, Cognii AI – сыни ойлауды дамытуға, Praktika AI – коммуникативтік дағдыларды жетілдіруге ең қолайлы құралдар екендігі анықталды.

Зерттеу барысында қазақ тілін екінші тіл ретінде үйретуге арналған, транслингвалды аспектіде жұмыс істейтін, икемді дағдыларды дамытуға бағытталған ЖИ-ге негізделген жаңа платформаның теориялық моделі ұсынылды. Бұл модельдің ерекшелігі – ана тілі мен меңгеріліп жатқан тілді салыстыруға негізделген тапсырмалар, өзін-өзі бағалау мен прогресті бақылау жүйесі, офлайн режим мүмкіндігі және аватар-оқытушымен иммерсивті өзара әрекет ету.

Сонымен, зерттеу нәтижесінде мынадай қорытындылар жасалды:

1. Тілді ЖИ арқылы оқытуда транслингвалды тәсіл soft skills (коммуникация, сыни ойлау, эмоциялық интеллект) дамытуға ықпал етеді;
2. ЖИ платформаларының салыстырмалы талдауы Cognii AI мен Praktika AI-дың тиімділігін айқындап берді;
3. Қазақ тілін үйретуге арналған жаңа үлгілік модельдің ғылыми-әдістемелік негіздері жасалды.

Бұл жұмыс әзірге теориялық сипатта. Келесі кезеңде модельді эмпирикалық негізде бағалау жоспарланып отыр. Пилоттық зерттеу барысында статистикалық деректер жиналып, модельдің тиімділігі тәжірибелік тұрғыдан айқындалмақ.

Әдебиеттер

Десять лучших инструментов ИИ для образования (январь 2025 г.) // Unite.ai. – URL: <https://www.unite.ai/ru/10-best-ai-tools-for-education/> (қаралған күні: 25.08.2024).

Куриленко В.Б., Бирюкова Ю.Н., Цотова Д. Транслингвальный подход в обучении иностранным языкам: сущность, специфика, лингводидактический потенциал // Технологии, образование, наука: стратегия прорыва Сборник научных трудов по материалам международной научно-практической конференции г. Белгород, 6 марта 2020. – С. 55.

Қазақ тілін үйренуге арналған 11 онлайн құрал // SKnews.kz. – URL: <https://sknews.kz/news/view/kazak-tilin-uyrenuge-arnalghan-11-onlayn-kural> (қаралған күні: 25.08.2024).

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> (қаралған күні: 25.08.2024).

Рахметова Р.С. Қазақ тілін деңгейлік оқытудың ғылыми-методологиялық негіздері. – Алматы, 2012. – 227 б.

Anderson, J. Reimagining English language learners from a translanguaging perspective. *ELT Journal*. 2017. Published by Oxford University Press: <https://doi.org/10.1093/elt/ccx029>.

Bao, M. Can home use of speech-enabled artificial intelligence mitigate foreign language anxiety – Investigation of a concept. *Arab World English Journal Special Issue on CALL*. 2019. No.5. P. 28-40.

Brinkschulte, Melanie, Grieshammer, Ella, Stoian, Monica-Elena. Translanguaging Academic Writing at Internationalised Universities: Learning From Scholars. *Journal of Academic Writing*. Vol. 8. No.2. 2018. P. 150-160.

Hyun-Sook, Kang, Mark Barba, Pacheco. Translanguaging competence and study abroad: shifts in sojourners' approaches to second language learning. *Language and Education*. 2020. P. 425-439.

Li Wei, Wing Yee (Jennifer) Ho. Language Learning Sans Frontiers: A Translanguaging View. *Annual Review of Applied Linguistics*, 38. 2018. P. 33-59. <https://doi.org/10.1017/S0267190518000053>.

Marr, B., Ward, M. Artificial intelligence in practice: how 50 successful companies used artificial intelligence to solve problems. Communication tool: chatbot. *International Journal of Computer Science and Engineering*. 2019. Vol. 5. No.5. P. 8-12.

Nurcahyoko, K. Cultural snapshot: Fostering crosscultural understanding through cultural projects. *International Journal of Education (IJE)*. 2016. Vol. 4. № 4. P. 29-37.

Ryan, R.M., Deci, E.L. Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being. *American Psychologist*, 2000. 55(1), 68-78. <https://doi.org/10.1037/0003-066X.55.1.68>.

Sitong, Wang. Exploring the translanguaging approach to English as a foreign language writing in China. *International Journal of Education (IJE)* Vol.10, No.3, 2022. <https://doi.org/10.5121/ije.2022.10302>

Vanitha, Thuraiarasu. Gamification-Based Learning as the future of language learning. *European Journal of Humanities*

and Social Sciences. 2022. Vol. 2. No.6. P. 62-69. <http://dx.doi.org/10.24018/ejsocial.2022.2.6.353>.

Yermakov, D.S., Amantai, Zh.A. Soft skills models. Modern education and soft skills. Education Policy. 2021. No.4. P. 42-50.

References

Anderson, J. (2017) Reimagining English language learners from a translangual perspective. ELT Journal. Published by Oxford University Press: <https://doi.org/10.1093/elt/ccx029>. (in English)

Bao, M. (2019) Can home use of speech-enabled artificial intelligence mitigate foreign language anxiety – Investigation of a concept. Arab World English Journal Special Issue on CALL. No.5. P. 28-40. (in English)

Brinkschulte, Melanie, Grieshammer, Ella, Stoian, Monica-Elena. (2018) Translangual Academic Writing at Internationalised Universities: Learning From Scholars. Journal of Academic Writing. Vol. 8. No.2. P. 150-160. (in English)

Desjat' luchshih instrumentov II dlja obrazovaniya (Janvar' 2025 g.). Unite.ai. – URL: <https://www.unite.ai/ru/10-best-ai-tools-for-education/> (qaralgan kuni: 17.01.2025). [Top Ten AI Tools for Education (January 2025). Unite.ai. – URL: <https://www.unite.ai/ru/10-best-ai-tools-for-education/> (date of request: 08/25/2024).] (in Russian)

Hyun-Sook, Kang, Mark Barba, Pacheco. (2020) Translangual competence and study abroad: shifts in sojourners' approaches to second language learning. Language and Education. P. 425-439. (in English)

Kurilenko, V.B., Birjukova, Ju.N., Cotova, D. (2020) Translingval'nyj podhod v obuchenii inostrannyh jazykam: sushhnost', specifika, lingvodidakticheskij potencial. Tehnologii, obrazovanie, nauka: strategija proryva. Sbornik nauchnyh trudov po materialam Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. Belgorod, 6 marta 2020. S. 55. [Kurilenko, V.B., Biryukova, Yu.N., Tsotova, D. (2020) Translangual approach in teaching foreign languages: essence, specificity, linguistic and didactic potential. Technologies, education, science: a breakthrough strategy Collection of scientific papers based on the materials of the International Scientific and Practical Conference Belgorod, March 6, 2020. P. 55.] (in Russian)

Li Wei, Wing Yee (Jennifer), Ho. (2018) Language Learning Sans Frontiers: A Translanguaging View. Annual Review of Applied Linguistics, 38. P. 33-59. doi: 10.1017/S0267190518000053. (in English)

Marr, B., Ward, M. (2019) Artificial intelligence in practice: how 50 successful companies used artificial intelligence to solve problems. Communication tool: chatbot. International Journal of Computer Science and Engineering. Vol. 5. No.5. P. 8-12. (in English)

Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyng ulttyq quryltajdyng «Adal adam – Adal engbek – Adal tabys» atty ushinshi otyrysında soylegen sozi. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-qasym-zhomart-toqaevtyng-ulttyq-quryltajdyng-adal-adam-adal-engbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysında-soylegen-sozi-1525727> (qaralgan kuni: 25.08.2024). [Speech of the head of state Kassym-Zhomart Tokayev at the third meeting of the National Kurultai "Honest man – Honest labor – Honest success". URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-qasym-zhomart-toqaevtyng-ulttyq-quryltajdyng-adal-adam-adal-engbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysında-soylegen-sozi-1525727> (review date: 25.08.2024).] (in Kazakh)

Nurcahyoko, K. (2016) Cultural snapshot: Fostering crosscultural understanding through cultural projects. International Journal of Education (IJE). Vol. 4. No.4. P. 29-37. (in English)

Qazaq tilin ujrenuge arnalgan 11 onlajn qural. SKnews.kz. – URL: <https://sknews.kz/news/view/kazak-tilin-yyrenuge-arnalgan-11-onlajn-kyral> (qaralgan kuni: 25.08.2024). [11 online tools for learning the Kazakh language. SKnews.kz. - URL: <https://sknews.kz/news/view/kazak-tilin-yyrenuge-arnalgan-11-onlajn-kyral> (review date: 25.08.2024).] (in Kazakh)

Rahmetova, R.S. (2012) Qazaq tilin denggejlik oqytudyng gylymi-metodologijalyq negizderi. Almaty, 2012. 227 b. [Rahmetova, R.S. (2012) Scientific and methodological foundations of level teaching of the Kazakh language. Almaty, 227 p.] (in Kazakh)

Ryan, R.M., Deci, E.L. (2000) Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being. American Psychologist, 55(1), 68-78. <https://doi.org/10.1037/0003-066X.55.1.68>. (in English)

аударма сапасын арттырады. Сонымен қатар ортақ терминдік жүйе тіл үйрету мен оқулық әзірлеу үдерісін оңтайландырып, түркі тілдерін тез үйренуге қолайлы орта туғызады. Аталған үдерістің тиімді жүзеге асуына халықаралық терминологиялық институттар мен салалық сарапшылардың жүйелі, белсенді әрі үйлесімді әрекеттестігі маңызды фактор саналады.

Түркі мемлекеттері ұйымы (бұрынғы Түркі кеңесі), түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы (TÜRKPA), Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы (TÜRKSOY), Түркі Академиясы тарапынан жүргізіліп жатқан терминологиялық үйлестіру жұмыстары түркі әлеміндегі ортақ ғылыми терминологияны қалыптастыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болып саналады. Мәселен, Түркі Академиясының 2021 жылғы ортақ терминологиялық кеңістік туралы есебінде түркі халықтарының білім беру, ғылым және цифрлық технологиялар салаларында ортақ терминдер қоры қажеттігі ерекше атап өтілді.

Ортақ терминологиялық қор қалыптастыру тек әлеуметтік не қоғамдық-саяси қажеттілік емес, лингвистикалық заңдылықтарға сүйенетін табиғи үдеріс. Ал түркі тілдерінің морфологиялық байлығы, ортақ түбірлер мен өнімді жұрнақ жүйесі ортақ термин жасауға мол мүмкіндік береді. Алайда қазіргі кезде бұл бағытта бірыңғай ғылыми-әдістемелік тұғырнаманың жоқтығы, әр тілде дербес терминологиялық саясаттың жүргізілуі ортақ жүйені қалыптастыруда қиындықтар туындатып отыр. Осымен байланысты мақалада заманауи терминжасам мәселесіне қатысты еңбектерге сүйене отырып, ортақ терминжасам тәсілдері мен тетіктерін жүйелеуді және ғылыми интеграцияны дамыту жолдарын ұсыну мақсаты қойылған.

Материал және әдістер

Мақалада түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздерін айқындау мақсатында түрлі дереккөздер пайдаланылды. Негізгі материал ретінде қазақ, түрік, өзбек, эзербайжан, қырғыз, түрікмен тілдеріндегі терминологиялық сөздіктер, ресми нормативтік құжаттар, сондай-ақ электронды терминологиялық платформалар – termincom.kz (Termincom, 2025), sozdikqor.kz (Sozdikqor, 2025), Nişanyan Sözlük (Nişanyan, 2025), Kubbealtı Lugatı (Kubbealtı, 2025), Türkçe Bilim Terimleri Sözlüğü (TDK, 2025), O‘zbek tilining izohli lug‘ati (ZiyoNET, 2025), Obastan (Obastan, 2025), Эл-Сөздүк (El Sozdük, 2025), Türkmen diliniň düşündirişli sözlügi (Türkmen dil merkezi, 2025), Ajap Sözlük (Ajap Sözlük, 2025) пайдаланылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін салыстырмалы-типологиялық талдау, құрылымдық-морфологиялық сараптама, компоненттік және семантикалық талдау, лексика-статистикалық әдістер құрайды. Бұл тәсілдер арқылы ортақ терминжасам үлгілерінің тілдердегі көрінісі, қолданыс аясы, құрылымдық сәйкестігі мен мағыналық үйлесімі анықталды. Салыстырмалы талдау арқылы ортақ түбірлі терминдердің формалық және мағыналық ерекшеліктері зерттелді. Морфологиялық әдіс өнімді жұрнақтардың терминжасамдағы рөлін, ал семантикалық тәсіл калькалау мен бейімдеу арқылы жасалған терминдердің мағына тұрақтылығын айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар лексика-статистикалық әдіс арқылы түркі тілдерінде жиі қолданылатын терминдер іріктелді. Жинақталған мәліметтер негізінде түркі тілдерінде ортақ түсіністікті қамтамасыз ететін терминжасам тәсілдері мен тетіктері жүйеленіп, олардың ғылыми негіздемесі мен практикалық қолдану мүмкіндіктері ұсынылды.

Әдебиетке шолу

Түркі тілдеріндегі терминжасам мәселелері – қазіргі түркітану ғылымының өзекті зерттеу бағыттарының бірі. Түркі халықтарының тарихи-мәдени бірлігі, тіл ортақтығы мен типологиялық ұқсастығы ортақ терминологиялық кеңістік құруға негіз болады. Бұл бағыттағы зерттеулерде тілдер арасындағы фонетикалық, морфологиялық және семантикалық параллельдерге сүйене отырып, бірыңғай терминологиялық жүйе қалыптастыру жолдары қарастырылады.

Қазақстандық ғалымдар – Р.Сыздық (Сыздық, 2009), Ө.Айтбаев (Айтбаев, 2007), Б.Қалиұлы (Қалиұлы, 2008), Ж.Манкеева (Манкеева, 2008), Е.Әбдірәсілов (Әбдірәсілов, 2007), Э.Оразалиева (Оразалиева, 2007) – қазақ тіліндегі терминжасам үдерісін ғылыми тұрғыда жүйелеп, терминологияны ұлттық таныммен сабақтастыра зерттесе; ал Ш.Құрманбайұлы (Құрманбайұлы, 2005, 2014), Н.Оралбай (Оралбай, 2001), Ш.Біләлов (Біләлов, 1997) және т.б. ғалымдар терминнің морфологиялық, синтаксистік және семантикалық деңгейлерде жасалу жолдарын жүйелеген.

Түркиялық ғалымдар Zeynep Korkmaz (Korkmaz, 2005), Hamza Zülfikar (Zülfikar, 1991), Ahmet Bican Ercilasun (Ercilasun, 2007), Mehmet Kahraman (Kahraman, 2014), Süer Eker (Eker, 2015),

Hayati Develi (Develi, 2019), Alina Minsafina (Minsafina, 2020) т.б. өз еңбектерінде ортақ түркі әліпбиін жасау, түркі халықтарының тіл бірлігін арттыру мәселелеріне назар аударады. Бұл зерттеулерде түркі тілдеріндегі лексикалық және семантикалық ұқсастықтар, тарихи-мәдени сабақтастық пен диахрондық дамудағы ортақ заңдылықтар негізінде бірыңғай терминологиялық кеңістік қалыптастырудың теориялық және практикалық алғышарттары айқындалды.

Өзбек (Саидқодирова, 2018; Bozorbekov, 2022), әзербайжан (Sadigova, 2010; Mamedova, 1988), қырғыз (Орузбаева, 2004; Сыдыков, 2007), түрікмен (Пенджиєв, 2023), татар (Газизова, 1999; Хайруллин, 2000) зерттеулерінде өз тіліне тән терминжасам үлгілерін жан-жақты сипаттап, туынды сөз жасауда қолданылатын аффикстердің құрылымын жүйелеп, олардың өнімділік дәрежесін, мағыналық ерекшеліктерін айқындаған.

Нәтижелер және талқылау

Аталған түркіжайттар жиынтығы қазіргі кезде түркі тілдеріндегі терминологиялық алшақтықтардың қалыптасуына себеп болып отыр. Тарихи тұрғыдан алғанда, әрбір түркі елі өз кезеңіне тән саяси-мәдени ықпалдарға бейімделе отырып, өзіндік терминологиялық жүйе қалыптастырды. Мысалы, Осман империясы кезеңінде түрік тілі араб-парсы мәдени кеңістігінің ықпалында болды. Ғылым, дін, философия салаларында қолданысқа енген терминдердің басым бөлігі араб және парсы тілдерінен енген лексикалық бірліктер еді. Бұл – османша түрік тілінің күрделеніп, халықтың тілін ғылымнан алшақтатуға себеп болғаны белгілі (Doğan, 2012).

Ал Кеңес өкіметі ықпалындағы Орталық Азия мен Еділ бойындағы түркі тілдес халықтардың тілі мүлде басқа бағытта дамыды. Терминологиялық саясат Мәскеу бақылауында болды, нәтижесінде ғылыми ұғымдар мен атаулар негізінен орыс тілінен тікелей қабылданып, жергілікті тілдерге бейімделді. Бұл кезеңде терминологиялық қор жасанды жолмен, сыртқы ықпалмен қалыптасып, көп жағдайда ұлттық тілдің ішкі заңдылықтары ескерілмеді (Құрманбайұлы, 2014). Соның салдарынан ғылыми дискурста түркі тілдерінің арасында айтарлықтай алшақтық туындады.

Посткеңестік кезең – түркі халықтарының ұлттық болмысқа бет бұру кезеңі болды. Егемендігін алған елдер өз тілін қайта жаңғыртып, ғылыми терминологияны ұлттық негізде дамытуды мақсат етті. Осы үдеріс аясында орыс тіліне тәуелділік азайып, терминжасамда ана тілінің бай мұрасы мен тарихи тамырларын негіз тұту үрдісі байқалды. Бұл – тілдің табиғи дамуына жол ашқан оң үрдіс болғанымен, әр елде жүзеге асырылған әркелкі тілдік реформа ортақ терминологиялық кеңістіктің құрылуын қиындатты.

Қазіргі түркі тілдерінде ортақ негізді терминдер болғанымен, олардың жазылуы, мағынасы, құрылымы мен қолданысы көбінесе ерекшеленеді. Мысалы, бір елде таза түркілік балама қолданылса, екінші елде сол ұғым орыс немесе ағылшын тілінен енген баламамен берілуі мүмкін. Мұндай айырмашылықтар өзара түсіністік пен аударма жұмыстарын күрделендіріп жіберді. Сонымен қатар бұл жағдайлар ғылыми коммуникацияға да кедергі келтіруде.

Дегенмен қазіргі кезең – тарихи алғышарттарды ескере отырып, түркі тілдерінің ортақ терминологиялық кеңістігін жаңаша көзқараспен құруға мүмкіндік беретін уақыт. Ортақ негіздерді саралай отырып, өзара түсініктілігі мен ұғымдық сәйкестігі жоғары, жүйелі терминологиялық қор жасау – заман талабы. Ол үшін тарихи-мәдени мұра мен заманауи тілдік ресурстардың өзара ықпалдастығы қажет. Бұл мәселенің өзектілігін көптеген ғалымдар түсініп, осы бағытта жүйелі зерттеулер жүргізіп жүр. Олардың еңбектерінде ортақ терминологиялық қор құру тілдік қажеттілікпен қатар, ғылыми интеграцияның маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Мәселен академик Ш.Құрманбайұлы «түркі тілдес халықтардың терминологиялық қорын құру бағытында мемлекетаралық үйлестіру жұмыстарын қолға алудың маңызы зор» деп атап көрсетеді (Құрманбайұлы, 2014: 154).

Түркі тілдеріне ортақ терминологиялық кеңістік құру – тілдік интеграцияның маңызды қадамы. Бұл үрдіс тек тіл ғылымына ғана емес, сонымен қатар білім беру, технология, ғылым, құқық және қоғамдық-мәдени салаларға да тікелей әсер етеді. Ортақ терминқор қалыптастыру – түркі халықтарының ғылыми-технологиялық және рухани бірлігін нығайтып, түркі елдерінің өзара тиімді әрі үйлесімді дамуына мықты негіз қалайды. Төменде қазіргі таңда қолданылып жүрген, түркі халықтарына ортақ терминқор қалыптастыруға негіз болатын ғылыми-әдістанымдық тұжырымдар мен тәсілдер сипатталған.

1. Түбірлес сөздер

Түркі тілдерінің тереңде жатқан этимологиялық ортақтығы – терминжасамның аса құнарлы әрі тарихи тұрғыдан негізделген көзі. Ортақ түбірлерге негізделіп жасалған жаңа атаулар түркі тілдеріне табиғи түрде сіңісіп, қолданысқа жеңіл енеді. Ең маңыздысы – түркі тілдерінің генетикалық туыстығы мен типологиялық ортақтығы арқасында бұл тәсіл түркі тілдерінде нәтижелі қолданылып отыр. Бір негізден тараған бұл тілдерде сөзжасамдық үлгілер мен морфемдік жүйе ұқсас болғандықтан бұл тәсілмен жасалған халықаралық терминдердің тұлғасы да бірдей болып шығады. Қазіргі түркі тілдерінде мұндай сөздердің көптеп кездесетінін төмендегі кестеден байқауға болады (Кесте 1).

Кесте 1 – Түркі тілдеріндегі түбірі ортақ терминдер

Таблица 1 – Однокоренные термины в тюркских языках

Table 1 – Common root terms in Turkic languages

Қазақ	Қырғыз	Өзбек	Түрік	Әзерб.	Түрікмен	Татар	Баиқұрт
білім	билим	bilim	bilim	bilim	bilim		
мәлімет	маалыматтар	ma'lumotlar	malumat	məlumat	maglumatlar	мәғлүмат	мәғлүмәт-тәр
сайлау	шайлоо	saylov			saýlaw	сайлау	һайлаузар
ақпарат		axborot					
жүктеп алу	жүктөп алуу	yuklab olish				йөкләү	
құқық	укук	huquq	hukuk	hüquq		хокук	хокук
мәселе			mesele	mesele	mesele		
салық	салык	soliq			salgyt	салым	һалым
түймешік		tugma	düğme	düymə	düwmesi	төймә	төймә
байланыс	байланыш		bağlantı		baglanyşyk		бәйләнеш
жаңартпа			yenilik	yenilik		яңалык	
талап	талап	talab	talep	tələb	талап	таләп	талап
		o'zchekim	özçekim (селфи)				
мұзтау		muztog	buzdağı				
жеткізу	жеткирүү	yetkazish					
мақала	макала	maqola	makale	məqalə	makala	məgala	мәкәлә
дәріхана	дарыкана	dorixona		dərxxana	dermanhana	дәвахана	дарыхана
			beyanname (декларация)	bəyannamə	beyannama		

Көріп отырғанымыздай, кестеде берілген сөздер түрлі салада кеңінен қолданылып жүр. Ортақ түбірлер арқылы жасалған жаңа атаулар ұлттық болмысты сақтап қана қоймай, түркі халықтары арасындағы өзара тілдік байланыстарды нығайтады, сол арқылы бірізді терминологияны қалыптастыруға ықпал етеді. Түйгеніміз, «Ортақ терминологияны қалыптастыру үшін ортақ түбірлер қолданылуы тиіс. Ортақ түбірлер әрбір түркі тілінде бар және барлық тілдерде бірдей немесе мағынасы өте жақын. Осы мақсатта ортақ түбірлердің сөздіктері дайындалуы қажет» (Minsafina, 2020).

2. Халықаралық терминдерді калькалау

Халықаралық терминдерді мағынасы мен құрылымына сай ұлттық тілде қайта жасау – қазіргі жаһандану жағдайында ғылыми терминологияны ұлттық тілдік жүйеге бейімдеудің өнімді әрі кең таралған тәсілі. Бұл әдіс ғылыми-технологиялық, ақпараттық және білім беру салаларында жаһандық қолданысқа енген ұғымдарды дәл әрі түсінікті жеткізу үшін маңызды. Бұл тәсілдің түркі тілдерінде белсенді қолданылуының бірнеше себебі бар. Біріншіден, бұл тәсіл арқылы жаңа ұғымдар ұлттық тілге жатық әрі жеңіл енеді. Екіншіден, термин құрылымын сақтай отырып, мазмұнын нақты беру халықаралық ғылыми қауымдастықпен терминологиялық сәйкестік орнатуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, калькалау тәсілі жасалған терминнің лексикалық және морфологиялық құрылымын ана тіліне икемдей отырып, тілдің ішкі заңдылықтарын бұзбай, оны

сол тілдік жүйеге кіріктіреді. Осының көріністерін төмендегі кестеден көруге болады (Кесте 2).

Кесте 2 – Калькалау тәсілімен жасалған тұлғасы бірдей түркі терминдері

Таблица 2 – Тюркские термины идентичной формы, образованные методом калькирования

Table 2 – Turkic Terms of identical form formed by Calque method

Қазақ	Қырғыз	Өзбек	Түрік	Әзерб.	Түрікмен	Татар	Башқұрт
киберқауіп-сіздік	киберкооп-суздук	kiber-xavfsizlik	siber güvenlik	kibertəhlükəsizlik	kiberhowp suzlyk	кибекуркынычсызлык	киберхәүефһезлек
дереккор	маалымат базасы	ma'lumotlar bazasi	veritabanı	verilənlər bazası	maglumat bazasy	мәғлүмат базасы	мәғлүмәт базаһы
жасыл энергия	жашыл энергия	yashil energiya	yeşil enerji	yaşıl enerji	yaşyl energiya	яшел энергия	йәшел энергия
ақылды технология	ақылдуу технология	aqlli texnologiya	akıllı teknoloji	ağıllı texnologiya	akylylly tehnologiya	ақыллы технологи	ақыллы технология
жасанды интеллект	жасалма интеллект	sun'iy aql	yapay zeka	süni intellekt	emeli intellekt	ясалма интеллект	яһалма интеллект
мобильді қосымша	мобилдик колдонмо	mobil ilova	mobil uygulama	mobil uyğalam	ykjam programm	мобиль кушымта	мобиль кушымта
қоғамдық қызмет	коомдук ишмердүүлүгү	ijtimoiy faoliyat	kamu hizmeti	ictimai xidmət	jemgyýetçilik hyzmaty	жәмәгать хезмәте	социаль эшмәкәрлек
бұлтты есептеу	булуттағы эсептөө	bulutli hisoblash	bulut bilişim	bulud hesablama	bulut hasaplama sy	болытлы исәпләү	болотта исәпләүзәр
ақылды үй	ақылдуу үй	aqlli uy	akıllı ev	ağıllı ev	akylylly öý	ақыллы өй	ақыллы өй
смарт-келісімшарт	смарт-келишим	smart-shart	akıllı sözleşme	smart müqavilə	akylylly şertnama	смарт-келешү	смарт-келешем
нейрондық желі	нейрондук тармак	neyron tarmoq	sinir ağı	neyron şəbəkəsi	neyron toragy	нейрон челтәре	нейрон селтәре
виртуалды шындық	виртуалду чындык	virtual haqiqat	sanal gerçeklik	virtual reallıq	wirtual hakykylyk	виртуаль чынбарлык	виртуаль ысынбарлык
жасанды интеллект	жасалма интеллект	sun'iy intellekt	yapay zeka	süni intellekt	ýasama aň	ясалма интеллект	яһалма интеллект

Жоғарыдағы кесте түркі халықтарының лексикалық және құрылымдық жағынан ортақ ерекшеліктерге ие екенін, сондай-ақ халықаралық терминдерді қабылдау мен бейімдеуде бірізді тәсілдерді қолдана отырып, терминжасам үдерісінде бір бағытта дамып келе жатқанын айқын көрсетеді. Мұндай ұқсастықтар тек лингвистикалық туыстықты көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар болашақта түркі мемлекеттерінде ортақ ғылыми кеңістік қалыптастыруға, білім мен технология салаларында өзара түсіністік пен ықпалдастықты арттыруға, сондай-ақ тілдік әлеуетті заманауи талаптарға сай дамытуға зор мүмкіндік барын көрсетіп тұр.

3. Өнімді сөзжасам үлгілерін қолдану

Морфологиялық тұрғыдан агглютинативті тілдер қатарына жататын түркі тілдері бай әрі сөзжасамға бейім келетіні белгілі. Сондықтан бұл тілдерде терминжасамда аффикстер (жұрнақтар мен префикстер) арқылы жаңа сөз жасау – кең таралған әрі тиімді тәсілдердің бірі. Осы ортақ морфологиялық сипат ортақ терминқор қалыптастыруға негіз болады. Түркі тілдерінде бірқатар өнімді сөзжасам үлгілері бар және олар мағына жағынан да, құрылым жағынан да үйлесімділікке ие. Мысалы: -лық/-лик/-лык: *құқықтық* (каз.), *құқықлик* (узб.), *hukukluk* (тур.) – барлығы «құқыққа қатысты» деген мағынада; -шы/-чи/-чы: *оқытушы* (каз.), *оқитувчи* (узб.), *öğretici* (тур.) – «оқыту ісімен айналысатын адам» ұғымында қолданылады. Мұндай үлгілермен жасалған терминдер тілдің табиғи болмысын сақтап, түсініктілігін арттырады. Осы ерекшелікті 3-кестеден де байқаймыз.

Кесте 3 – Өнімді сөзжасамдық үлгілер арқылы жасалған түркі терминдері

Таблица 3 – Тюркские термины, образованные посредством продуктивных словообразовательных моделей

Table 3 – Turkic Terms Formed Through Productive Word-Formation Patterns

Қазақ	Қырғыз	Өзбек	Түрік	Әзерб.	Түрікмен	Татар	Башқұрт
бағдарламашы	программалоочу (бағдарламашы)	dasturchi (бағдарламашы)	denetçi (аудитор)	proqramçı (бағдарламашы)	aragatna şykçu (байланысшы)	белгечче (маман)	логистикасы (логист)
жемқорлық	таңсықтық (тапшылық)	samaradorlik (тиімділік)	bakanlık (министрлік)	müstəqillik (тәуелсіздік)	döwrebarlyk (заманауилық)	мөстәкыйльек (тәуелсіздік)	әүземлек (белсенділік)
салым		tizim (жүйе)	işlem (операция)				
ойынхана	мейманхана	шифохона (емхана)	doğumhane (перзентхана)	çatmaşır xana (кір жуатын орын)	dermanhane (дәріхана)	матбугатхана (баспахана)	ашхана (асхана)
қазанама	жарнама	şartnoma (келісім-шарт)	beyanname (декларация)	əmtina mə (бұйрық)	hatnama (ниет хат)	васыятнама (өсиетнама)	шикаятьнамә (шағым)
балама	каттама	to‘plama (жинақ)	deneme (іс-тәжірибе)	qaydetmə (тіркеу)	yoklama (тексеру)	белдермә (хабарландыру)	фекерләшеүмә (талқылау)

4. Терминологияны кірме сөздер арқылы біріздендіру

Тілдік кеңістікте жүріп жатқан жаһандық үрдістер ұлттық терминологиялық жүйелердің дамуына жаңа талаптар мен бағыттар ұсынуда. Бұл жағдайда техникалық, цифрлық және ғылыми салаларда қолданылатын халықаралық терминдерді тілдік нормаға сай бейімдеу – қазіргі кезеңнің өзекті талабы. ХХІ ғасырда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен цифрлық кеңістіктің дамуымен қатар «интернет», «сканер», «код», «файл», «онлайн», «чат», «плагин» секілді неологизмдер тек қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркі тілдерінде кеңінен қолданылып жүр. Ғылым мен технологияның жаһандық қарқынына сай, әсіресе техникалық және цифрлық саладағы неологизмдердің тілдік жүйеге енуі – ғылыми коммуникацияның бірізділігі мен тиімділігі үшін қажетті үдеріс. Бұл құбылыс кей жағдайда ұлттық тілдік нормалар мен терминологиялық ұстанымдарға қайшы көрінгенімен, ғылымның әмбебап табиғаты мұндай лексиканы қабылдауды объективті шартқа айналдырып отыр. Түркі тілдерінде кең таралған осындай кірме терминдерді 4-кестеде ұсынып отырмыз.

Кесте 4 – Түркі тілдеріндегі кірме сөздер

Таблица 4 – Заимствованные слова в тюркских языках

Table 4 – Loanwords in Turkic languages

Қазақ	Қырғыз	Өзбек	Түрік	Әзерб.	Түрікмен	Татар	Башқұрт
университет	университет	universitet	üniversite	universitet	uniwersitet	университет	университет
жаһандану	глобализация	globalashuv	küreselleşme	qloballaşma	globallaşma	глобальләштерү	глобалләшеү
банк	банк	bank	bank	bank	bank	банк	банк
телефон	телефон	telefon	telefon	telefon	telefon	телефон	телефон

Кесте 4 жалғасы / Продолжение Таблицы 4 / Continuation of Table 4

компьютер	компьютер	kompyuter	bilgisayar	kompüter	kompýuter	компьютер	компьютер
интернет	интернет	internet	internet	internet	internet	интернет	интернет
радио	радио	radio	radio	radio	радио	радио	радио
сканер	сканер	skaner	tarayıcı	skaner	skaner	сканер	сканер
технология	технология	texnologiya	teknoloji	teknologiya	tehnologíya	технология	технология
блокчейн	блокчейн	blokcheyn	blok zinciri	blokçeyn	blokçeyn	блокчейн	блокчейн
криптовалюта	криптовалюта	kriptoalyuta	kripto para	kriptovalyuta	kriptowalýuta	криптовалюта	криптовалюта
жарнама	жарнама	reklama	reklam	reklam	mahabat	реклама	реклама
репост	репост	repost	yeniden paylaşım	repost	repost	репост	репост
биометрия	биометрия	biometrika	biyometri	biometri	biometrika	биометрика	биометрика
онлайн	онлайн	onlayn	çevrimiçi	onlayn	onlaýn	онлайн	онлайн
офлайн	офлайн	oflayn	çevrimdışı	oflayn	awtonom	оффлайн	оффлайн
смартфон	смартфон	smartfon	akıllı telefon	smartfon	smartfon	смартфон	смартфон

Кестеден көріп отырғанымыздай, көбінесе түрік тілі кірме сөздерге ана тілінде сәтті баламалар тапқан. Бұл – түрік тілінде тіл тазалығына және ұлттық терминологиялық саясатқа үлкен мән берілетінінің айғағы. Түрік тілінде жаңа ұғымдар мен ғылыми-техникалық терминдерге балама табу ісі арнайы мемлекеттік құрылымдар (TDK – Түрік Тіл Қоғамы) мен терминологиялық комиссиялар арқылы жүйелі түрде жүзеге асырылады (Tekeli, 2001). Осылайша тілдік бірзділікті сақтауға, халық арасында жаңа ұғымдардың қабылдануын жеңілдетуге және терминологиялық интеграцияны күшейтуге үлкен үлес қосылады.

Сонымен, ортақ терминологиялық қорды қалыптастыру тәсілдері – түркі халықтарының тілдік бірлігі мен ғылыми ынтымақтастығын нығайтудың негізгі құралдарының бірі. Этимологиялық бірлік, халықаралық терминдерді калькалау, өнімді сөзжасам үлгілерін қолдану мен кірме сөздерді бейімдеу – осы жолдағы басты бағыттар. Бұл тәсілдерді ғылыми түрде жүйелеп, әрбір тілдің өзіндік ерекшелігін ескере отырып жүзеге асыру – түркі интеграциясының табысты болуының кепілі. Терминжасам – тек тілдік үдеріс емес, сонымен қатар әр елдің ғылыми болмысы мен мәдени келбетін айқындайтын құндылық.

Сонымен, зерттеу барысында ортақ терминжасам қалыптастырудың негізгі тетіктерін анықтау зерттеудің ғылыми-практикалық сабақтастығын қалыптастырады. Оған түркі халықтарының ортақ тарихи-мәдени мұрасы мен тілдік туыстығы ортақ терминологиялық кеңістік қалыптастыруға мол мүмкіндік береді. Дегенмен ортақ терминологиялық қор қалыптастыру үшін тек тәсілдерді айқындап қана қою жеткіліксіз, нақты ғылыми тетіктер де қажет. Төменде осы бағытта біз ұсынып отырған тетіктер қарастырылады.

1. Ортақ түркі терминологиялық база (цифрлық платформа) құру

Цифрлық дәуірде ортақ терминологиялық жүйе болмаса, түркі халықтарының интеграциялануы мүмкін емес. Сондықтан барлық түркі тілдерін қамтитын, әрбір терминнің мағынасы, қолданысы, грамматикалық ерекшеліктері мен баламалары берілген көптілді интербелсенді терминологиялық портал қажет. Осындай портал құрылса:

- тұтынушы кез келген терминді қазақ, түрік, қырғыз, өзбек, әзербайжан және т.б. тілдерден бір мезетте іздеп таба алады;
- әр түркі тіліндегі нұсқалар салыстырмалы форматта беріледі;
- терминнің шығу төркіні (этимологиясы), контекстік қолданыс ерекшеліктері, бейнелі аударма баламалары және грамматикалық құрылымы жан-жақты талданады;
- терминологтар, тіл мамандары мен сала мамандары кәсіби тұрғыдан негіздеп, терминдерге

қатысты өз ұсыныстарын бере алады.

2. *Терминдердің қолданысын бақылап, біріздендіру үшін түркі тілдеріндегі мәтіндер корпусын құру*

Бұл корпусар әртүрлі функционалдық стильдердегі заманауи мәтіндер негізінде (оқулықтар, көркем шығармалар, ғылыми жарияланымдар, БАҚ материалдары, нормативтік-құқықтық актілер, техникалық құжаттама және т.б.) құрылуға тиіс. Корпустық деректер терминдердің қолданылу аясын, жиілігін және мағыналық ерекшеліктерін нақты әрі жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. Мұндай корпус негізінде:

- белгілі бір терминнің әр саладағы қолдану жиілігі мен таралу аясы анықталады;
- нақты мәнмәтінде терминнің мағыналық реңкі, тіркесі, баламалары зерттеледі;
- терминнің өзге түркі тілдеріндегі баламалары мен құрылымдық сәйкестіктері салыстырылады;
- статистикалық, семантикалық және синтаксистік сипаттағы кешенді талдаулар жүргізіледі.

3. *Сандық терминология құралдарын енгізу (мобильдік қосымшалар, плагиндер)*

Цифрлық технологияларды еркін меңгерген қазіргі жастардың онлайн кеңістіктегі белсенділігі терминологиялық саясатты тиімді әрі жаңа деңгейде жүргізуге мол мүмкіндік береді. Сондықтан бұл бағытта мынадай ұсыныстарымыз бар:

- терминологиялық мобильдік қосымшалар жасау. Сол арқылы кез келген түркі тіліндегі терминнің баламасын офлайн режимде де табуға болады;
- браузерге арналған терминологиялық плагиндер әзірлеу. Мәселен, Google Translate тәрізді жүйелерге балама ретінде түркі тілдеріне бағытталған арнайы TurkTranslate сынды плагин жасау – ортақ терминологиялық базаны кеңінен қолжетімді етуге, қолданушылар арасында дұрыс терминқолданысты қалыптастыруға және аударма сапасын арттыруға жол ашады;
- жасанды интеллектіге негізделген аударма және талдау құралдарын енгізу. Мысалы, ғылыми мәтіндегі терминдерді автоматты тану, оларға тілдік сәйкестік бойынша баламалар ұсыну;
- әлеуметтік желілер арқылы жаңа терминдерге қатысты қоғамдық пікірді білу мақсатында сауалнамалар ұйымдастырып, сол негізде терминдерді алдын ала іріктеу және бекіту үдерістерін жүргізу.

4. *Ортақ көптілді терминологиялық сөздіктер әзірлеу*

Салааралық ғылыми-институционалдық ынтымақтастық нәтижесінде әзірленген көптілді сөздіктер – ортақ терминологиялық кеңістік қалыптастырудың нақты нәтижесі әрі тиімді құралы. Мәселен, Түркі академиясы бастамасымен 2024 жылы жарық көрген «Türk Dillerinin İktisat Terimleri Sözlüğü / Dictionary of Economic Terms of Turkic Languages», «Türk Dillerinin Dil Bilimi Terimleri Sözlüğü / Dictionary of Linguistic Terms of Turkic Languages», «Türk Dillerinin Askerî Terimleri Sözlüğü / Dictionary of Military Terms of Turkic Languages» сынды еңбектер – салалық терминдер сәйкестігін қамтамасыз етіп, ғылыми интеграцияны нығайтуда маңызды рөл атқарады. Бұл сөздіктер түркі халықтарының салалық терминологиясын жүйелеп, өзара түсіністік пен терминологиялық үйлесімділікке жол ашады. Алдағы уақытта мұндай сөздіктер қатарын кеңейтіп, өзге де салаларды қамту – терминология саласындағы ықпалдастықты дамытудың келесі кезеңі болмақ.

5. *Ұлттық терминкомдар арасында тұрақты байланыс орнату*

Мұндай байланыс арқылы әр елдің терминжасам тәжірибесі мен әдіснамалық ұстанымдары өзара салыстырылып, сол арқылы лайықты шешімдердің табылып, қабылдануына мүмкіндіктер туады. Сонымен қатар бірлескен отырыстар, ғылыми жиындар мен ортақ ақпараттық ресурстар терминдердің бірыңғай қолданылуына жағдай жасайды.

6. *Жыл сайын «Түркі мемлекеттерінің ұйымы» (ТМҰ) немесе «ТҮРКСОЙ» ғылыми кеңесі аясында терминология мәселелеріне арналған түрлі іс-шаралар өткізу*

Бұл іс-шаралар түркі тілдеріндегі ғылыми ынтымақтастықты нығайтып қана қоймай, ортақ терминологиялық қор құру жолындағы маңызды қадамдардың бірі болмақ. Аталған жиындарда лингвист-ғалымдар мен терминологтар арасында өзара тәжірибе алмасу жүріп, ғылыми-терминологиялық үйлесімділікке негіз болатын қағидалар мен ұстанымдар жүйеленеді.

Түркі мемлекеттерінің ұйымы (ТМҰ) – түркі интеграциясының саяси және мәдени өзегі. Осы ұйым аясында терминологиялық саясатты үйлестіретін арнайы комиссиялар мен жұмыс топтарын

құру – ортақ терминқор қалыптастырудың алғышарты бола алады. Мұндай құрылымдар тек термин қабылдаумен шектелмей, оны бекіту, таныту және түсіндіру ісінде де шешуші рөл атқара алады. Сондай-ақ ТМҰ шеңберінде ортақ терминологиялық кеңестер мен түрлі іс-шаралар ұйымдастыру – түркі халықтары арасындағы ғылыми-танымдық байланысты нығайтып, терминжасам тәжірибесін үйлестіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ТҮРКСОЙ – мәдени бағыттағы халықаралық ұйым ретінде ортақ сөздіктер мен анықтамалықтар әзірлеуде, ұғымдардың мәнін түркі тілдерінде сәйкестендіруде пәрменді тетікке айналып отыр. Бұл ұйым көптілді терминологиялық зерттеулер жасау, салааралық терминдердің глоссарийлерін жасау және ортақ ақпараттық платформалар құру арқылы да маңызды қызмет атқара алады. ТҮРКСОЙ аясында ортақ терминологиялық жобаларды жүзеге асырып, жүйелі түрде ғылыми басқосуларды ұйымдастыру – түркітілдес халықтардың терминологиялық үйлесімділігін тереңдетіп, бірізді терминқор қалыптастыруға серпін беретін маңызды қадам болмақ.

7. Білім беру, ғылым және БАҚ салаларында үйлесімді қолданысты қамтамасыз ету

Түркі тілдерінде терминологиялық үйлесімділікке жетудің аса маңызды әрі негізгі алғышарты – білім беру, ғылым және БАҚ салаларында терминдердің бірізді әрі мақсатты қолданылуын жүзеге асыру. Бұл үшін бірқатар нақты қадамдар қажет. Атап айтқанда, білім беру саласында бірлескен оқу-әдістемелік кешендер, салалық глоссарийлер мен цифрлық платформалар әзірленуі тиіс. Түркі мемлекеттерінің жоғары оқу орындары үшін келісілген білім бағдарламалары жасалып, ондағы негізгі ұғымдар мен терминдер алдын ала сараптамадан өткізіліп, ортақ қолданысқа ұсынылуы керек. Мәселен, техника, медицина, құқық, экономика және т.б. салаларда қолданылатын негізгі терминдердің лайықты нұсқалары студенттерге оқулықтар мен лекция мәтіндері арқылы бірдей түрде ұсынылса, болашақ мамандарда тілдік сәйкестік туралы түсінік қалыптасады.

Ғылым салаларында терминологиялық үйлесімділікке қол жеткізу үшін түркі елдерінің ғалымдары бірлесіп әзірлейтін көптомдық терминологиялық тезаурустар мен ашық қолжетімді ғылыми корпустар қажет. Бұл жүйелерде түркі тілдеріндегі терминдердің баламалары (эквиваленттері), қолданылу саласы, семантикалық өрісі мен контекстері нақты көрсетілуі тиіс. Ортақ ғылыми басылымдардағы мақалалар терминологиялық үйлесімділікті сақтау мақсатында, алдын ала белгіленген редакциялық талаптар мен біріздендірілген терминдер қорына сүйеніп жазылуы қажет. Мұндай тәжірибе ғылыми интеграцияны жеделдетіп, түркі ғалымдарының өзара түсіністігін арттырады.

Ал бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) – атап айтқанда, теледидар, радио, мерзімді баспасөз (газет-журналдар), интернет сайттары мен әлеуметтік медиа алаңдарында – ортақ терминдерді жүйелі түрде қолдану терминдерді халыққа таныту мен сіңірудің негізгі тетіктерінің бірі саналады. Ол үшін журналистер мен редакторларға терминдерді біріздендіру мен дұрыс қолдануға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, практикада қолданылуы тиіс. Сондай-ақ ұлттық ақпарат агенттіктері мен халықаралық БАҚ құрылымдары арасында бірлескен семинарлар мен шеберлік сыныптары ұйымдастырылуы тиіс. Түркі халықтарының ортақ жаңалық порталдары немесе медиа платформаларында ақпараттардың бірізді және ортақ терминдермен берілуі – ортақ лексикалық қорды орнықтырудың қарқынды жолы.

Осылайша, түркі тілдеріне ортақ терминжасам тетіктері көпқырлы және кешенді сипатқа ие. Атап айтқанда, ортақ түркі терминологиялық базасын қамтитын цифрлық платформалар құру, мәтіндер корпусын қалыптастыру арқылы терминқолданысты бақылау және үйлестіру, мобильдік қосымшалар мен плагиндер сынды сандық құралдарды енгізу – заманауи тілдік интеграцияны қамтамасыз ететін пәрменді тетіктер. Бұл тетіктер түркі халықтарының ғылыми және мәдени ықпалдастығын тереңдетуге, терминологиялық саясатты үйлестіруге бағытталған негізгі бағдарлар. Алдағы уақытта бұл бастамаларды кеңейтіп, жаңа технологиялар мен ортақ ғылыми стандарттарға негізделген қосымша бағыттармен толықтыру – терминология саласындағы ықпалдастықты одан әрі күшейтудің кепілі.

Проблемалар мен сын-қатерлер

Түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор қалыптастыру – маңызды әрі өзекті міндет. Дегенмен бұл бағытта шешімін күтетін бірқатар өзекті мәселелер мен сын-қатерлер де баршылық.

Бұл қиындықтар тарихи, лингвистикалық, саяси және мәдени түрткіжайттардың (факторлардың) өзара әрекеттесуінен туындап, қазіргі терминологиялық интеграцияны тежеп отыр. Төменде осы мәселелердің бірнешеуін қарастырамыз:

1. Әркелкі әліпби

Қазіргі таңда түркі тілдерінің әртүрлі жазу жүйелерін қолдануы – ортақ терминологиялық кеңістік қалыптастыру үдерісіне едәуір кедергі келтіріп отыр. Мысал үшін қазақ тілі латын графикасына көшуге дайындық жұмыстарын бастап кеткен болса, түрік, өзбек, әзірбайжан, түрікмен тілдері латын графикасына толықтай көшіп, тұрақты қолданып жүр. Ал бұрынғы КСРО құрамындағы қырғыз тілі мен Ресей федерациясы құрамындағы татар, башқұрт тілдері әлі де кириллица әліпбиін пайдалануда. Сонымен қатар Қытай, Иран, Ауғанстан секілді елдердегі кейбір түркі тілді қауымдастықтарда (мысалы, ұйғыр, салар тілдерінде) әлі де араб графикасы қолданылады.

Дегенмен түркі тілдерінің басым көпшілігі қазіргі таңда латын графикасына бейімделіп, оны негізгі жазу жүйесіне айналдырған. Ал кириллица графикасын қолданып отырған тілдер үшін жазу реформасы күн тәртібінде өзектілігін сақтап отыр. Әртүрлі орфография түркі халықтарының өзара түсінісуіне ғана емес, ортақ ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға да кедергі келтіреді. Бірдей терминдер әртүрлі графикамен әртүрлі жазылғандықтан салыстырмалы зерттеу жүргізіп, ортақ сөздіктер құрастыру қиынға соғады. Мұндай әркелкілік әсіресе цифрлық технологиялар мен машиналық аударма жүйелерінде автоматты сәйкестендіруді тежейді. Сондықтан түркітілдес елдер арасында ғылыми, білім беру және техникалық салаларда біріздендірілген орфографиялық шешімдер қабылдау қажеттілігі күннен-күнге артып отыр.

2. Әсірепатриотшылдық және ұлттық баламаларға ұмтылыс

Посткеңестік кеңістіктегі түркі мемлекеттерінде жүргізіліп жатқан тілдік жаңғыру үдерісі шетелдік және өзге түркі тілдерінен енген терминдерге балама табуға деген ұмтылыспен қатар жүруде. Бұл құбылыс көбіне ұлттық тілдің әлеуетін арттыру, мәдени дербестікті нығайту және тілдегі кірме элементтерді азайту мақсаттарымен негізделеді. Осы бағытта ұлттық баламаларды жасау әрекеттері кең етек алып, терминжасам үдерісі пуристік (тазалаушы) сипатқа ие болуда.

Бір жағынан, бұл үдеріс тілдің ішкі ресурстарын іске қосып, сөзжасам мүмкіндіктерін кеңейтуге, жаңа терминдердің ұлттық сипатта қалыптасуына және санадағы ұлттық кодтың нығаюына ықпал етеді. Бірақ екінші жағынан, бір ұғымның бірнеше нұсқада беріліп, сол арқылы ортақ ғылыми кеңістіктің фрагменттелуіне алып келіп отыр. Мәселен, «спутник» сөзі түркі тілдерінде әртүрлі баламалармен қолданылып жүр: қазақ тілінде – *серік*, қырғыз тілінде – *спутник*, түрік тілінде – *uydu*, түркімен тілінде – *hemra*, әзірбайжан тілінде – *reyki*. Бұл тілдік әркелкілік ғылыми коммуникация мен терминологиялық сәйкестікті қиындататыны сөзсіз. Нәтижесінде түркі тілдері арасындағы ақпарат алмасу, әсіресе, жаратылыстану, техникалық және қолданбалы ғылымдар саласында кедергілерге ұшырауда.

Сондай-ақ бұл үдеріс кей жағдайда ғылыми қауымдастық қабылдаған халықаралық стандарттардан алшақтауға алып келеді. Терминнің орнын басқан ұлттық балама ұғымды дәл жеткізбесе немесе кәсіби ортада танылмаса, ол коммуникацияда түсініспеушілік туғызуы мүмкін. Мысалы, Түркияда жақында «интернет» сөзіне балама ретінде *bilgisunar* атауы ұсынылды (*bilgi* – ақпарат, *sunar* – ұсынады). Бұл сөз түрік тілінің ішкі ресурстарына негізделіп, халықаралық деңгейде орныққан және барлық түркі тілдерінде кеңінен қолданылып жүрген «интернет» терминін алмастыруға бағытталған. Мұндай біржақты балама түркі тілдері арасындағы терминологиялық сәйкестікті бұзып, ортақ ғылыми кеңістікке нұқсан келтіреді. Сондықтан жаңа ұлттық терминдер ұсыну кезінде тек тілдік шығармашылық емес, ғылыми дәлдік пен түркітілдес елдер арасындағы үйлесімділік те ескерілуі тиіс.

3. Бірыңғай терминологиялық стандарттың болмауы

Түркі елдерінің терминологиясын реттейтін бірыңғай стандарттардың болмауы – интеграцияның маңызды мәселесі. Әр елде өз тілдік нормалары мен терминологиялық қағидалар қалыптасқанымен, олар бір-бірімен үйлеспейді. Мысалы, медициналық терминологияда бір тілде латын және грек тілдерінен енген сөздер қолданылса, басқа бір тілде ұлттық баламалар басым болуы мүмкін. Мысалы «санаторий» сөзі Қырғызстанда *санаторий*, Өзбекістанда *sanatoriю* деп түпнұсқа қалпында қалса, Қазақстанда ол *шипажай*, Түркіменстанда *şurahana* деп ұлттық

баламамен қолданылып жүр. Бұл әркелкілік медицина саласындағы терминологиялық сәйкессіздікке алып келеді. Осылайша, бірыңғай терминологиялық стандарттың болмауы аударма сапасын төмендетіп қана қоймай, ғылыми басылымдар мен оқу құралдарында бір ұғымның әртүрлі нұсқада берілуіне себеп болып, оқырманның түсінігін қиындатады әрі ғылыми мазмұн бірізділігін бұзады (Aldash, 2025).

4. Терминологиялық мектептердің даму деңгейлерінің әртүрлілігі

Түркі тілдеріне ортақ терминологиялық кеңістік қалыптастыру жолында елеулі кедергілердің бірі – түрлі елдердегі терминологиялық мектептер мен дәстүрлердің даму деңгейлерінің әркелкілігі. Бұл мәселе тек ғылыми ұстанымдардың алшақтығын ғана емес, сонымен қатар әдіснамалық, институционалдық және тарихи-мәдени ерекшеліктерді де қамтиды. Мысалы, Қазақстанда Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлттық терминжасам дәстүрі кеңестік кезеңде жалғасып, қазіргі таңда «Ұлттық терминкорды жаңғырту», «Қазақ терминологиясының онлайн базасы» сияқты жүйелі жобалармен дамып келеді.

Түркияда терминология мәселесі лингвистика, аударматану және арнайы пәндік салалармен тығыз байланыста қарастырылады. Мұнда «*terim bilimi*» (терминтану) жеке ғылыми бағыт ретінде қалыптасқан және жоғары оқу орындарының филология, аударма ісі, қолданбалы лингвистика факультеттерінде жүйелі түрде оқытылады.

Ал кейбір түркі елдерінде терминология саласы әлі де құрылымданбаған немесе жеке пән ретінде оқытылмайды. Бұл – ғылыми кадрлардың тапшылығына, жүйесіздікке және ұлттық терминологиялық стратегияның болмауына алып келеді.

Сондай-ақ терминжасам тәсілдері мен әдістері де бірізді емес. Мысалы, Түркия мен Қазақстанда ұлттық балама табу тәсілі жиі қолданылса, Ресей құрамындағы татар және башқұрт тілдерінде керісінше, орыс тілінен енген халықаралық терминдерді сол қалпында қабылдау үрдісі басым. Бұл тілдердегі терминжасам саясаты көбінесе ресми орыс терминологиясына бейімделу арқылы жүзеге асады. Осылайша әртүрлі тәсілдер бір ұғымның бірнеше атаумен берілуіне әкеліп, ғылыми түсіністік пен коммуникацияны қиындатады. Бұған қоса әр елдегі ұлттық терминологиялық комиссиялардың мәртебесі, құзыреті мен жұмыс форматы әртүрлі. Кейбір елдерде олар тек кеңесші орган ретінде жұмыс істесе, басқаларында нақты бекітуші құрылым ретінде заңды күші бар. Мұндай институционалдық теңсіздік ортақ терминологиялық шешімдер қабылдауға кедергі келтіреді.

Қорытынды

Түркі халықтарының тарихи дамуы, саяси ықпалдар мен мәдени өзгерістер тілдік жүйелердің, соның ішінде терминологиялық құрылымдардың да өзіндік бағытта дамуына ықпал етті. Осман кезеңіндегі араб-парсы әсері, кеңестік дәуірдегі орыс тіліне тәуелділік, егемендік алғаннан кейінгі тілдік жаңғыру және қазіргі жаһандану үдерістері – бәрі де түркі тілдеріндегі терминологияның әркелкі дамуына себеп болды. Дегенмен тілдік туыстық пен типологиялық ұқсастық түркі тілдерінде ортақ терминологиялық кеңістік құруға зор мүмкіндік беріп отыр.

Бүгінгі таңда түркі тілдеріне ортақ терминқор қалыптастырудың бірнеше тиімді тәсілі айқындалған: түбірлес сөздерге сүйену, халықаралық терминдерді калькалау, өнімді сөзжасам үлгілерін қолдану және кірме терминдерді ұлттық тіл нормаларына сәйкестендіру. Бұл тәсілдер терминдердің табиғи түрде қалыптасуына, ұғымдық сәйкестіктің артуы мен өзара ғылыми түсіністіктің нығаюына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ортақ терминологиялық жүйені қалыптастыру үшін заманауи ғылыми тетіктер қажет: ортақ цифрлық платформа мен интербелсенді терминологиялық база құру, көптілді мәтіндер корпусы мен сөздіктер әзірлеу, мобильдік қосымшалар мен плагиндер жасау, жасанды интеллектке негізделген терминологиялық құралдарды қолдану, сондай-ақ ұлттық терминқор арасында жүйелі ынтымақтастық орнату. Бұл бастамалар білім беру, ғылым, БАҚ және технология салаларында терминдерді біріздендіруді қамтамасыз етіп, түркі интеграциясын жеделдетуге мүмкіндік береді.

Алайда бұл жолда бірқатар күрделі проблемалар да бар: әртүрлі орфография мен жазу жүйелері, ұлттық баламаларға әсіре ұмтылу, бірыңғай терминологиялық стандарттың болмауы және әртүрлі елдердегі терминологиялық мектептердің даму деңгейіндегі сәйкессіздік. Бұл мәселелер ортақ терминологиялық кеңістік қалыптастыру үдерісін қиындатуда. Осыған

байланысты, түркі елдерінің ғылыми қауымдастығы ортақ терминжасам стратегияларын әзірлеп, үйлесімді әдістемелер мен стандарттар жүйесін қалыптастыруы қажет. Түркі мемлекеттерінің ұйымы (ТМҰ) және ТҮРКСОЙ секілді ұйымдардың ғылыми терминология саласында белсенді рөл атқаруы бұл бағыттағы жұмысты жүйелеуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, ортақ терминологиялық қор – тілдік бірліктердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар ғылыми, технологиялық және мәдени ықпалдастық негізі. Бұл бағытта ұсынылған тәсілдер мен тетіктер жүйелі түрде жүзеге асса, түркі тілдері арасындағы өзара түсіністік күшейіп, түркі әлемінің ғылыми әлеуеті күшейетіні анық.

Әдебиеттер

- Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 624 б.
- Әбдірәсілов Е.Қ. Қазақ терминографиясының ғылыми-теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2007. – 40 б.
- Білалов Ш. Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру (математика саласы бойынша): филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 1997. – 44 б.
- Қалиұлы Б. Қазақ терминтанымының өзекті мәселелері. – Алматы: Әлішер, 2008. – 160 б.
- Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: Сардар, 2014. – 952 б.
- Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 354 б.
- Оразалиева Э. Н. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2007. – 47 б.
- Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 213 б.
- Орузбаева Б. Кыргыз тил илими. Мақалалар жыйнағы. Т II. – Бишкек, 2004.
- Пенджиєв А. Русско-туркменский технологический словарь. Rusça-türkmençe tehnologik sözlük. – 2023. – 238 с.
- Саидқодирова Д. Инглиз ва ўзбек тилларида интернет терминларининг лингвистик тадқиқи: филол. фан. бўйича фалс. докт. ... автореф. – Тошкент, 2018.
- Сыдыков Ж.К. Лингвистика: типология, терминология / Ж.К. Сыдыков, З.П. Акжолова. – Бишкек: КГУСТА, 2007. – 130 с.
- Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми танымдық зерттеу. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.
- Хайруллин М.Б. Развитие татарской лексики: взаимодействие исконно-национального и инонационального: дис. ... д-ра филол. наук / М.Б.Хайруллин: Ин-т языка, литературы и искусства АН РТ. – Казань, 2000. – 363 с.
- Ajar Sözlük. Türkmen dilindäki sözleriň düşündirişli sözlügi [Электрондық ресурс]. Қолжетімді: <https://ajapsozluk.com> (қаралған күні: 20.03.2025).
- Aldash A., Seidamat A., Aldasheva K., Islamova A., Kulmanov S., Seyitova B. Theory and Practice in Language Studies, Vol. 15, No.3, P. 860-868, March 2025 DOI: <https://doi.org/10.17507/tpls.1503.21> ISSN 1799-2591
- Bozorbekov, A.S. Specific features of logistics terminology. Thematics journal of education (TJE). Vol. 7 – India. 2022, P. 94-98 (ISSN: 2249-9822).
- Develi, H. Türk Halkları Arasında Ortak Dil Arayışları”, Zamanını Aşan Medeniyet Özbekistan Sempozyumu Bildiri Kitabı, İstanbul. S. 125-129.
- Doğan, H. Türk Dilinde Terim Yapımı. Ankara: TDK Yayınları, 2012.
- Eker, S. Çağdaş Türk Dili. 9. Baskı. Ankara: Grafiker, 2015. 478 s.
- Ercilasun, A.B. Türk Lehçeleri Grameri. Ankara: Akçağ Yayınları, 2007. 1340 s.
- Kahraman, M. Kazak Dilinde Terim Yapma Prensipleri Üzerine. İnsan ve Toplum Bilimleri Araştırmaları Dergisi. Cilt 3, Sayı 4, 2014, s. 696-717.
- Korkmaz, Z. Türk Dili Üzerine Araştırmalar. 2. cilt. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2005. 476 s.
- Kubbealtı Lugatı. Osmanlıca-Türkçe sözlük [Электрондық ресурс]. Қолжетімді: <https://lugat.kubbealti.org.tr> (қаралған күні: 19.03.2025).
- Mamedova, M. Term-formation in the contemporary literary Azerbaijani language – The problems of Azerbaijani terminology. Baku: API, 1988.
- Minsafina, A. Çağdaş Türk Dillerinde Ortak Terminoloji Geliştirme İmkân ve Yöntemleri. Doktora tezi. İstanbul. Haziran, 2020. 208 s.
- Nişanyan Sözlük. Türkçe etimolojik sözlük [Электрондық ресурс]. Қолжетімді: <https://www.nisanyansozluk.com> (қаралған күні: 19.03.2025).
- Obastan. Azərbaycan dilinin terminoloji lüğəti [Электрондық ресурс]. Қолжетімді: <https://obastan.az> (қаралған күні: 04.03.2025).
- O‘zbek tilining izohli lug‘ati. Ziyonet portalı [Электрондық ресурс]. Қолжетімді: <https://www.ziyonet.uz> (қаралған күні: 03.03.2025).
- Sadigova, S. Theoretical problems of terminology of the Azerbaijani language. Baku: Nauka, 2010.
- Sozdikqor.kz. Сөздікқор – қазақ тілінің ұлттық корпусы [Электрондық ресурс]. Қолжетімді: <https://sozdikqor.kz>

(қаралған күні: 20.03.2025).

Tekeli, İ. Ulusal Terim Politikaları. Ankara: Türk Dil Kurumu, 2001.

Termincom.kz. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының ресми сайты [Электрондық ресурс]. Қолжетімді: <https://www.termincom.kz> (қаралған күні: 03.03.2025).

Türkmen diliniň düşündirişli sözlügi. Türkmenistanyň Bilim ministrligi [Электрондық ресурс]. Қолжетімді: <https://www.dilbilim.gov.tm> (қаралған күні: 20.03.2025).

Zülfikar, H. Terim Sorunları ve Terim Yapma Yolları. Ankara: TDK, 2011. 213 s.

References

Aitbaev, O. (2007) Qazaq til bilimining maseleleri. Almaty: Arys, 624 b. [Aitbayev, O. (2007) Problems of Kazakh linguistics. Almaty: Arys, 624 p.] (in Kazakh)

Abdirasilov, E.Q. (2007) Qazaq teminografijasynyn gylmi-teorijalyq negizderi: Filol. gyl. dokt. ... avtoref. Almaty, 40 b. [Abdrasilov, Ye.K. (2007) Scientific and theoretical foundations of Kazakh terminology: Philol. science. doc. ... abstract. Almaty, 40 p.] (in Kazakh)

Aldash, A., Seidamat, A., Aldasheva, K., Islamova, A., Kulmanov, S., Seyitova, B. (2025) Theory and Practice in Language Studies, Vol. 15, No.3, P. 860-868, March 2025 DOI: <https://doi.org/10.17507/tpls.1503.21> ISSN 1799-2591 (in English)

Bilalov, Sh. (1997) Ulttyq gylm tili negizderin qalyptastyru (mateematika salasy boynsha): Filol. gyl. dokt. ... avtoref. Almaty, 44 b. [Bilyalov, Sh. (1997) Formation of the foundations of the national language of Science (in the field of mathematics): Philol. science. doc. ... abstract. Almaty, 44 p.] (in Kazakh)

Ajap Sözlük. Türkmen dilindäki sözleriň düşündirişli sözlügi [Jelektrondyq resurs]. <https://ajapsozluk.com> (date of review: 20.03.2025).

Bozorbekov, A.S. (2022) Specific features of logistics terminology. Thematics journal of education (TJE). Volume 7 – India. P. 94-98 (ISSN: 2249–9822). (in English)

Develi, H. (2019) Türk Halkları Arasında Ortak Dil Arayışları”, Zamanını Aşan Medeniyet Özbekistan Sempozyumu Bildiri Kitabı, İstanbul. S. 125-129. (in Turkish)

Doğan, H. (2012) Türk Dilinde Terim Yapımı. Ankara: TDK Yayınları. (in Turkish)

Eker, S. (2015) Çağdaş Türk Dili. 9. Baskı. Ankara: Grafiker, 478 s. (in Turkish)

Ercilasun, A.B. (2007) Türk Lehçeleri Grameri. Ankara: Akçağ Yayınları, 1340 s. (in Turkish)

Hairullin, M.B. (2000) Razvitie tatarskoi leksiki: vzaimodeistvie iskonno-nacional'nogo i inonacional'nogo: dis. dokt. filol. nauk / M.B.Hairullin: In-t jazyka, literatury i iskusstva AN RT. Kazan', 363 s. [Khairullin, M.B. (2000) The development of Tatar vocabulary: the interaction of native-national and foreign: dis. doctor of Philology / M.B. Khairullin: Institute of Language, Literature and Art of the Academy of Sciences of the Republic of Tatarstan. Kazan, 363 p.] (in Russian)

Kahraman, M. (2014) Kazak Dilinde Terim Yapma Prensipleri Üzerine. İnsan ve Toplum Bilimleri Araştırmaları Dergisi. Cilt 3, Sayı 4. S. 696-717. (in Turkish)

Korkmaz, Z. (2005) Türk Dili Üzerine Araştırmalar. 2. cilt. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 476 s. (in Turkish)

Kubbealtı Lugatı. Osmanlıca-Türkçe sözlük [Jelektrondyq resurs]. <https://lugat.kubbealti.org.tr> (date of review: 19.03.2025).

Mamedova, M. (1988) Term-formation in the contemporary literary Azerbaijani language – The problems of Azerbaijani terminology. Baku: API. (in English)

Mankeeva, Zh.A. (2008) Qazaq tilindegi jetnomadeni ataulardyng tanyndyq negizderi. Almaty: Zhibek zholy, 354 b. [Mankeyeva, Zh.A. (2008) Cognitive foundations of ethno-cultural names in the Kazakh language. Almaty: Zhibek Zholy, 354 p.] (in Kazakh)

Minsafina A. (2020) Çağdaş Türk Dillerinde Ortak Terminoloji Geliştirme İmkân ve Yöntemleri. Doktora tezi. İstanbul. Haziran, 208 s. (in Turkish)

Nişanyan Sözlük. Türkçe etimolojik sözlük [Jelektrondyq resurs]. <https://www.nisanyansozluk.com> (date of review: 19.03.2025).

Obastan. Azərbaycan dilinin terminoloji lüğəti [Jelektrondyq resurs]. <https://obastan.az> (date of review: 04.03.2025).

Oralbai, N. (2001) Qazaq tilining sozzhasamy. Almaty: Gylym, 213 b. [Oralbai, N. (2001) Word formation of the Kazakh language. Almaty: Gylym, 213 p.] (in Kazakh)

Orazalieva, Je.N. (2007) Qazaq til bilimindegi kognitivtik paradigma: filol. gyl. dokt. ... avtoref. Almaty, 47 b. [Orazaliyeva, E.N. (2007) Cognitive paradigm in Kazakh linguistics: philol. science. doct. ... abstract. Almaty, 47 p.] (in Kazakh)

Oruzbaeva, B. (2004) Kyrgyz til ilimi. Makalalar zhyinagy. T II. Bishkek. [Oruzbayeva, B. (2004) Macalar shook his head. T II. Bishkek.] (in Kyrgyz)

O'zbek tilining izohli lug'ati. Ziyonet portalı [Jelektrondyq resurs]. <https://www.ziyonet.uz> (date of review: 03.03.2025).

Pendzhiev, A. (2023) Russko-turkmenskij tehnologicheskij slovar`. Rusça-türkmençe tehnologik sözlük. 238 s. [Pendzhiev, A. (2023) Russian-Turkmen technological dictionary. Rusça-türkmençe tehnologik sözlük. 238 p.] (in Russian)

Qaliuly, B. (2008) Qazaq termintanymynyn ozekti maseleleri. Almaty: Alisher, 160 b. [Kaliuly, B. (2008) Actual problems of Kazakh terminology. Almaty: Alisher, 160 p.] (in Kazakh)

Qurmanbaiuly, Sh. (2014) Qazaq terminologijasy: zertteuler, oqulyq, sozdik, biografija. Almaty. 952 b. [Qurmanbaiuly, Sh. (2014) Kazakh terminology: research, textbook, dictionary, bibliography. Almaty: Sardar. 952 p.] (in Kazakh)

- Sadigova, S. (2010) Theoretical problems of terminology of the Azerbaijani language. Baku: Nauka. (in English)
- Saidkodiroya, D. (2018) Ingliz VA Uzbek tillarida internet termarining linguist tadkiki: Philol. fan. doct. ... abstract. Toshkent. [Saidkodiroya, D. (2018) A linguistic study of the Internet term in English and Uzbek: Philol. fan. doct. ... abstract. Toshkent.] (in Uzbek)
- Sozdikqor.kz. Сөздікқор – қазақ тілінің ұлттық корпусы [Elektrondyq resurs]. <https://sozdikqor.kz> (date of review: 20.03.2025).
- Sydykov, Zh.K. (2007) Lingvistika: tipologiya, terminologiya. / Zh.K. Sydykov, Z.P. Akzholova. Bishkek: KGUSTA, 130 s. [Sydykov, Zh.K. (2007) Linguistics: typology, terminology. / Zh.K. Sydykov, Z.P. Akzholova. Bishkek: KGUSTA, 130 p.] (in Russian)
- Syzdyq, R. (2009) Qazaq tilindegi eskilikter men zhangalyqtar. Gylymi tanyndyq zertteu. Almaty: Arys, 272 b. [Syzdyk, R. (2009) Old and new in the Kazakh language. Scientific Cognitive Research. Almaty: Arys, 272 p.] (in Kazakh)
- Tekeli, İ. (2001) Ulusal Terim Politikaları. Ankara: Türk Dil Kurumu. (in Turkish)
Сонымен қатар бұл елтанымдық сөздік – тек шетелдік тіл үйренушілер үшін лексикалық және мәдени-танымдық құрал ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінің мазмұндық әлеуетін арттыруға бағытталған, Қазақ тілінің ұлттық корпусына енгізілетін ғылыми-әдістемелік ресурс. Ол Корпус дерекқорын мазмұндық тұрғыда байытады. Тілдік бірліктердің қолданылу аясын тек құрылымдық тұрғыдан ғана емес, мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан да жүйелеуге мүмкіндік береді. Сөздік шетелдік аудиторияның қажеттілігіне сай құрылып, тілді практикалық тұрғыдан меңгеруге бағытталған. Берілген сөздер мен сөз тіркестері нақты контексте, мысалдармен, иллюстрациялармен, мәдени түсіндірмелермен беріледі. Бұл – тілдік бірліктердің функционалдық сипатын арттырады әрі корпусың мәдени бағытына сай келеді. Сондай-ақ шетелдік зерттеушілер мен оқытушылар үшін қазақ тілінің мәдени-танымдық негіздерімен жұмыс істеу анағұрлым жеңілдей түседі. Болашақта осы бағыттың жүйеленуі тіл мен мәдениет сабақтастығын сақтай отырып, білім алушылардың танымдық сұранысына толық жауап бере алады.

Әдебиеттер

- Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – Алматы: Елтаным, 2011. – 142 б.
- Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Языки и культуры: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – Москва: Русский язык, 1973. – 135 с.
- Верещагин Е.М. Язык и культура. – Москва: Русский язык, 1976. – 248 с.
- Виноградов В.В. О языке художественной прозы. Избранные Труды. – Москва: Наука, 1980. – 359 с.
- Жұматаева З.Н. Қазақ тілін түркітілді студенттерге лингвоелтаным бағытында оқыту әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2007. – 123 б.
- Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. – Алматы: Санат, 1998. – 256 б.
- Қазақ халқының ұлттық киімдері. – Алматы: Алматыкітап, 2011. – 384 б.
- Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. (Т 1. Адам. Алматы, 2009; Т. 2. Қоғам, Т. 3. Табиғат). – Алматы: Сардар, 2013.

- Өтебаева Э.Ә., Исаева Г.С., Серікқызы М. Лингвомәдени ішкорпусты әзірлеудегі мәдени-семантикалық белгіленім // Tiltanym. – 2023. – №3. – 135-143-66. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-135-143>
- Щерба Л.В. О трех лексикографических работах // Языковая система и речевая деятельность. – Ленинград: Наука, 1974. – С. 265-274.
- Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Москва: Едиториал УРСС, 2004. – 432 с. <https://ls.pushkininstitute.ru/lsslovar/?title=%D0%A2%D0%B5%D0%BC%D0%B0%D1%82%D0%B8%D1%87%D>
- Sapir, E. The status of Linguistics as a science. / Collected Writings. / Ed. By D. Mandelbaum. – Berkly: University of California Press, 1951.
- Talqatqyzy, G., Amirbekova, A., Fazylyzhanova, A., Gabitkhanuly, K., Issayeva, G. Exploring the Semantic Significance ‘Camel’ and Cultural Representation in the Kazakh Ethnic Worldview as Reflected in the National Corpus. Forum for Linguistic Studies, 6(4), 2024. P. 268-276. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i4.6986>.

References

- Amirbekova, A. (2011) Qazirgi qazaq til bilimindegi zhanga bagyttar. Almaty: Eltanym baspasy. 142 b. [Amirbekova, A. (2011) New Directions in modern Kazakh linguistics. Almaty: Eltanym publishing house. 142 p.] (in Kazakh)
- Kenzheahmetuly, S. (1998) Ulttyq adet-guryptyng beimalim 220 turi. Almaty: Sanat. 248 b. [Kenzheahmetuly, S. (1998) 220 unknown types of national customs. Almaty: Sanat. 248 p.] (in Kazakh)
- Otebaeva, Je.A., Isaeva, G.S., Serikqyzy, M. (2023) Lingvomadeni ishkorpusty azirleudegi madeni-semanticalyq belgilenim. Tiltanym. (3), 135-143. [Otebayeva, E.A., Issayeva, G.S., Serikqyzy, M. (2023) Cultural and semantic in the development of Linguocultural subcorpus. Tiltanym. No.3. P. 135-143. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-135-143>.] (in Kazakh)
- Qazaq halqynyng ulttyq kiimderi. (2011) Almaty: Almatykitap baspasy. 384 b. [National costumes of the Kazakh people. (2011) Almaty: Almatykitap publ. house. 384 p.] (in Kazakh)
- Qaidar, A. (2013) Qazaqtar ana tili aleminde: jetnolingvistikalıyq sozdik (T 1. Adam. Almaty, 2009; T. 2. Qogam, T. 3. Tabigat. Almaty: Sardar. [Qaidar, A. (2013) Kazakhs in the world of native language: ethnolinguistic dictionary (T. 1. Human. Almaty, 2009; Vol. 2. Society, Vol. 3. Nature. Almaty: Sardar.) (in Kazakh)
- Sapir, E. (1951) The status of Linguistics as a science. / Collected Writings. / Ed. By D. Mandelbaum. – Berkly: University of California Press. (in English)
- Shherba, L.V. (1974) O trjoh leksikograficheskikh rabotah. V kn.: Jazykovaja sistema i rechevaja dejatel'nost'. Leningrad: Nauka. S. 265-274. [Shcherba, L.V. (1974) On three lexicographical works. In: The language system and speech activity. Leningrad: Nauka. P. 265-274.] (in Russian)
- Shherba, L.V. (2004) Jazykovaja sistema i rechevaja dejatel'nost'. Moskva: Editorial URSS. 432 s. [Shcherba L.V. (2004) Language system and speech activity. Moscow: Editorial URSS. 432 p.] (in Russian)
- Talqatqyzy, G., Amirbekova, A., Fazylyzhanova, A., Gabitkhanuly, K., Issayeva, G. (2024) Exploring the Semantic Significance ‘Camel’ and Cultural Representation in the Kazakh Ethnic Worldview as Reflected in the National Corpus. Forum for Linguistic Studies, 6(4). P. 268-276. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i4.6986>. (in English)
- Vereshhagin, E.M., Kostomarov, V.G. (1973) Jazyki i kul'tury: Lingostranovedenie v prepodavanii russkogo jazyka kak inostrannogo. Moskva: Russkij jazyk. 135 s. [Vereshhagin, E.M., Kostomarov, V.G. (1973) Languages and cultures: Linguistic and foreign studies in teaching Russian as a foreign language. Moscow: Russkij jazyk. 135 p.] (in Russian)
- Vereshhagin, E.M. (1976) Jazyk i kul'tura. Moskva: Russkij jazyk. [Vereshchagin, E.M. (1976) Language and culture. Moscow: Russkij jazyk.] (in Russian)
- Vinogradov, V.V. (1980) O jazyke hudozhestvennoj prozy. Izbrannye trudy. Moskva: Nauka. 359 s. [Vinogradov, V.V. (1980) About the language of fiction. Selected Works. Moscow: Nauka. 359 p.] (in Russian)
- Zhumataeva, Z.N. (2007) Qazaq tilin turkitildi studentterge lingvoeltanyng bagytynda oqytu adistemesi: ped. gyl. kand. ... dis. Almaty. 123 b. [Zhumatayeva, Z.N. (2007) Methods of teaching the Kazakh language to Turkic-speaking students in the direction of linguoeltanyng: Ped. Science. Kand. ... dis. Almaty. 123 p.] (in Kazakh)
- <https://ls.pushkininstitute.ru/lsslovar/?title=%D0%A2%D0%B5%D0%BC%D0%B0%D1%82%D0%B8%D1%87%D>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 17.06.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.09.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.09.2025.

© Өтебаева Э.Ә., Нұстаева А.Б., Сәрсенбек Д.Т., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025



Құралай Биәділқызы Түйлебаева^{1*}, Ляйля Мидхатовна Хусаинова²^{1*} автор-корреспондент, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ., ORCID: 0009-0005-5457-1874 E-mail: TKB.84@mail.ru²филология ғылымдарының докторы, профессор, М. Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті, Башқұртстан, Уфа қ., ORCID: 0000-0002-7571-8143 E-mail: lejla-kh@yandex.ru**ЛИНГВОСИНЕРГЕТИКА. SCOPUS ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫН ТАЛДАУ**

Аңдатпа. Мақалада соңғы жылдары белсенді қолданылып жүрген «лингвосинергетика» терминінің мән-мағынасы қарастырылады. Зерттеу жұмысының мақсаты – синергия құбылысының шығу тарихына шолу жасау, «лингвосинергетика» терминінің мән-мағынасын ашу, Scopus дерекқорында жарияланған 2005-2025 жылдар аралығындағы мақалаларға талдау жасай отырып, нәтижесін ұсыну. Жалпы синергия мәселесі көптеген ғылымдар тоғысында орналасқандықтан, түрлі ғылым саласында жүргізіліп жатқан зерттеулер бұл мәселенің қаншалықты өзекті екенін айқын көрсетеді. Зерттеудің теориялық маңыздылығы лингвосинергетикаға қатысты білімді жүйелеу және осы саладағы қазіргі заманғы зерттеулердің сипатын тереңірек түсіну болса, практикалық маңызы синергия және лингвосинергетика бойынша ізденушілердің зерттеу, талдау нәтижесі негізінде тереңірек білім қалыптастыруға қосқан үлесі арқылы көрінеді. Терминнің шығу тарихына, ғылыми материалдар мен түрлі дереккөздеріне сүйене отырып, авторлар қоғамдағы күрделі де ашық жүйелерді, оның ішінде тіл жүйесін зерттеуде синергия заңдылығын білу маңызды деген қорытындыға келеді. Мақалада салыстырмалы-хронологиялық және статистикалық талдау әдістері қолданылады. 2005-2025 жылдар аралығындағы Scopus дерекқорында жарияланған синергия және лингвосинергетикаға қатысты жүздеген зерттеу жұмысына шолу жасалып, нәтижесі салыстырмалы түрде диаграммалар арқылы ұсынылады.

Тірек сөздер: синергия; синергетика; лингвосинергетика; тілдік жүйе; Scopus дерекқоры; статистикалық талдау**Сілтеме жасау үшін:** Түйлебаева Қ.Б., Хусаинова Л.М. Лингвосинергетика. Scopus жарияланымдарын талдау. *Tiltany*, 2025. №3 (99). 174-186-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-174-186>**Куралай Биәдиловна Түйлебаева^{1*}, Ляйля Мидхатовна Хусаинова²**^{1*} автор-корреспондент, докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Казахстан, г. Астана, ORCID: 0009-0005-5457-1874 E-mail: TKB.84@mail.ru²доктор филологических наук, профессор, Башкирский государственный педагогический университет имени М. Акмуллы, Башкортостан, г. Уфа, ORCID: 0000-0002-7571-8143 E-mail: lejla-kh@yandex.ru**ЛИНГВОСИНЕРГЕТИКА. АНАЛИЗ ПУБЛИКАЦИЙ В SCOPUS**

Аннотация. В статье рассматривается значение термина «лингвосинергетика», который активно используется в последние годы. Цель настоящего исследования – дать обзор истории возникновения явления синергии, раскрыть смысл термина «лингвосинергетика», а также представить результаты анализа публикаций, размещённых в базе данных Scopus за период с 2005 по 2025 год. Поскольку проблема синергии в целом находится на стыке многих научных дисциплин, исследования, проводимые в различных областях, наглядно демонстрируют её актуальность. Теоретическая значимость работы заключается в систематизации знаний, связанных с лингвосинергетикой, а также в углублённом понимании характера современных исследований в данной области. Практическая значимость проявляется во вкладе в формирование более глубоких знаний на основе анализа научных публикаций и результатов исследований, связанных с синергией и лингвосинергетикой. Основываясь на изучении происхождения термина, научных материалов и различных источников, авторы приходят к выводу о важности понимания закономерностей синергии при исследовании сложных и открытых систем в обществе, включая языковые системы. В работе использовались методы сравнительно-хронологического и статистического анализа. В качестве материала представляется обзор сотен научных работ, опубликованных в базе данных Scopus с 2005 по 2025 год, посвящённых синергии и лингвосинергетике. Полученные результаты проиллюстрированы с помощью сравнительных диаграмм.

Ключевые слова: синергия; синергетика; лингвосинергетика; языковая система; база данных Scopus; статистический анализ**Для цитирования:** Түйлебаева К.Б., Хусаинова Л.М. Лингвосинергетика. Анализ публикаций в Scopus.

Kuralay Tuilebayeva^{1*}, Lyailya Khusainova²^{1*}Corresponding author, Doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana, ORCID: 0009-0005-5457-1874 E-mail: TKB.84@mail.ru²Doctor of Philological Sciences, Professor, M. Akmulla Bashkir State Pedagogical University, Bashkortostan, Ufa, ORCID: 0000-0002-7571-8143 E-mail: lejla-kh@yandex.ru**LINGUOSYNERGETICS. ANALYSIS OF SCOPUS PUBLICATIONS**

Abstract. This article explores the meaning of the term “linguosynergetics”, which has gained increasing prominence in recent years. The aim of the study is to review the historical development of the concept of synergy, clarify the definition of “linguosynergetics”, and present the results of an analysis of publications indexed in the Scopus database from 2005 to 2025. Given the interdisciplinary nature of the concept of synergy, research conducted across various scientific domains clearly demonstrates its relevance and applicability. The theoretical significance of this study lies in the systematization of knowledge related to linguosynergetics and in fostering a deeper understanding of contemporary research in this field. The practical significance is reflected in the contribution to the development of a more comprehensive understanding of synergy and linguosynergetics, based on the analysis of scholarly publications and empirical research findings. Based on the study of the origin of the term, scientific literature, and a wide range of sources, the authors conclude that understanding the patterns of synergy is essential for investigating complex and open systems within society, including linguistic systems. The research methodology includes comparative-chronological and statistical analysis. The study is based on a review of hundreds of scholarly works published in the Scopus database between 2005 and 2025, focusing on synergy and linguosynergetics. The findings are illustrated using comparative diagrams.

Keywords: synergy; synergetics; linguosynergetics; language system; Scopus database; statistical analysis**For citation:** Tuilebayeva, K., Khusainova, L. Linguosynergetics. Analysis of Scopus Publications. *Tiltany*, 2025. No.3 (99). P. 174-186. (in Kazakh)DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-174-186>**Кіріспе**

Синергия термині күнделікті қарым-қатынас тілінде бірлескен әрекет және сол бірлескен әрекеттің жиынтық әсерін сипаттайтын ұғым ретінде белсенді қолданылатын терминдер қатарында, себебі қоғамда бірлесе әрекет ететін құбылыс та, фактор да көп (интеграция, кооперация). Сондықтан да болар, бірнеше қызмет түрін біріктіріп отырған ұйымның («Synergy Group» – су жолы қатынасы, логистика және энергетикамен айналысатын конгломерат, Гонконг), білім беру орындарының («Синергия университеті», бірнеше сала бойынша маман даярлайтын, 75000 студенті бар Мәскеудегі ірі жоғарғы оқу орны), газет-журналдардың («Синергия» Ресейлік ғылыми-практикалық журнал) атауында кездесіп жатады. Бұл аталған ұғымның әрқилылығын, эвристикалық және гносеологиялық әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.

Синергия терминінің мағынасына ғылыми тұрғыдан талдау жасасақ, ол ғылымның түрлі саласында ашық та күрделі жүйелерде болатын құбылыстардың өздігінен ұйымдасуы арқылы қоғамға бейімделу сипатын білдіретін ұғым ретінде қарастырылады. Жаратылыстану ғылымдарынан бастау алған термин тіршілік заңын ашуда белсенді қызмет ете отырып, кейіннен мәдениет пен әдебиет, тіл мен тарих сияқты гуманитарлық ғылым саласына да қарқынды түрде еніп, түрлі зерттеу жұмыстардың өзегіне айналды.

Синергия мен синергетика ұғымдары бір-бірімен байланысты болғанымен, мағыналары бір емес, сондықтан да оларды бірінің орнына бірін қолдану қателік болып саналады. Синергия күрделі де ашық жүйені құрайтын құбылыстар болса, *синергетика* сол күрделі жүйені құрайтын құбылыстардың бірлесе әрекет жасай отырып, нәтижесінде беретін әсерін, заңдылығын зерттейді, сол заңдылықтың пайда болуын, сипатын, тіршілік атаулыға берер мән-мағынасын зерттейді.

Біздің айтып отырғанымыз жүйелердің ішіндегі ашық, бейберекет, өзін-өзі реттейтін сипаттағы жүйе хақында болмақ, себебі бұдан басқа жабық, біртекті, қарапайым жүйенің де бары белгілі.

Тіл жүйесін синергиялық құбылыс деп тану неміс синергетикалық лингвистика мектебінің өкілдерінің есімдерімен байланысты. Олар тіл жүйесін синергиялық құбылыс ретінде зерттеудің маңыздылығы туралы тұжырым қалыптастырады, нәтижесінде лингвистикада «синергетикалық

лингвистика», «лингвосинергетика» термині ғылымға енді.

Материал және әдістер

Зерттеу жұмысының материалдық базасын аталған тақырыптар бойынша жазылған отандық және шетелдік монографиялар, түсіндірме сөздіктер мен 2005 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі Scopus дерекқорында жарияланған лингвосинергетикаға қатысты жүздеген зерттеу жұмыстары құрады. Бұл материалдар аталған ұғымның мән-мағынасы, тарихи дамуы, түрлі ғылым саласындағы қолданысын жан-жақты зерделеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысы бірнеше кезеңнен тұрды. Алдымен синергия және лингвосинергия терминдеріне қатысты ғылыми зерттеулер жинақталды. Аталған құбылыстың мәнін теңірек ашу үшін, жаратылыстану ғылымдарының әртүрлі саласындағы қолданылу мәнін, кейін гуманитарлық ғылымдардағы, соның ішінде тіл білімі саласындағы көрінісін зерттедік. Үшінші кезеңде алынған нәтижелер негізінде семантикалық, статистикалық және хронологиялық талдау жасалып, жұмыс нәтижесі салыстырмалы диаграммалар мен кестелер арқылы берілді.

Әдебиетке шолу

Синергия ұғымының мәнін түсіну үшін тарихқа жүгінеміз, қолдану саласының әртүрлілігіне қарамастан, түпкі мәні негізделген екі түрлі саланы анықтауға болады. Біріншіден, теологиялық наным-сенімге байланысты. Екіншіден, жаратылыстану саласында күрделі жаңалықтарға негіз болған білім.

Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, аталған термин православиіде философияның негізгі ұғымы болып табылады, яғни аскетизмге негізделген діни ұстанымға байланысты туындаған деседі. XVII ғасырда христиандық теологиялық тұжырымдамаға сәйкес, адам өзінің құтқарылуына ықпал ете алады, оған қатыса алады, яғни Құдаймен (рақымымен) бірге күш біріктіреді. Құдайдың энергиясы (рақымы) мен адамның энергиясы (еркі) арасындағы құтқарылу, адамды Құдаймен байланыстыру қажеттілігін растайды (The Oxford Dictionary of English Etymology, 1966: 407). Сондықтан да болар, әуелде «синергия» сөзі грек тілінде «συνεργία» – біріккен әрекет, көмек деген мағынаны береді. Ежелгі Грецияда пайда болған, жалпы қазіргі кездегі көптеген ғылыми терминдер грек тілінен шыққан. Кейін ол латын тіліне енеді де, сөз мағынасы өзгеріске ұшырап (synergein syn – бірге, ergon – жұмыс), «бірге жұмыс жасау» мағынасына ие болады.

Кейін термин Еуропаның бірнеше тілдерінде қолданыла бастайды. Мұнда ғылыми термин емес, күнделікті сөйлеу тілінде «бірлескен іс-әрекет, ынтымақтастық» мағынасында қолданылады. Әрі қарай терминнің лексикаға енуі 1850 жылдары АҚШ-тың медицина саласында жалғасады да, «белгілі бір ауруға қарсы тұрушы органның басқа органмен бірлесе жұмыс жасауы» мағынасында қолдана бастайды.

1896 жылы Француз журналисті және ғалымы Генри Мазель «La synergie sociale» еңбегінде оны қоғамның дамуына түрткі болатын ұғым ретінде сипаттап, «әлеуметтік синергия» тіркесін қолданады (Иванов, 2016). Ал 1909 жылы психологиялық эволюционизм өкілі Лестер Уорд «Табиғатта өздігінен дамиды әмбебап принцип бар, ол маған ұзақ уақыт бойы айқын болды. Мен мұны білгеннен кейін тиісті атпен сипаттау керек екенін түсіндім, ақыры «синергия» сөзіне тоқталдым» деп жазады (Иванов, 2016).

Осылайша, қоғамның әр саласында ара-тұра кездесіп жүрген терминнің гүлденуі XX ғасырдың ортасынан асқан кезеңде болды. Термин жаратылыстану бағытының барлық дерлік ғылыми әдебиеттерінде жиі қолданыла бастады. Мысалы, биология ғылымында ол тірі организмдер арасындағы өзара әрекеттесу нәтижесінде өмір сүру қабілеттерінің артуын сипаттаса, химияда ол тепе-теңсіздік жағдайында жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруы, сызықтық емес ашық жүйеде орын алатын құбылыстар заңдылығы т.б.

Нәтижелер және талқылау

Бұл терминнің арнайы ғылыми тұжырымдама ретінде алғаш қалыптасуы 1969 жылмен байланысты, оның негізін қалаушы – неміс физигі Герман Хакен (Hermann Haken). Ол физика-химия ғылымдарын сабақтастыру арқылы күрделі болып саналатын жаратылыстану бағытының аталған салаларын меңгерту мақсатын көздейді, ол үшін табиғаттағы физикалық құбылыстардың өзін-өзі ұйымдастыру процестерін және күрделі жүйелердің эволюциясын зерттеу керек деп санайды (Dombrov, 2016). «Я искал такое слово, которое выражало бы совместную деятельность, общую энергию что-то сделать...» деген Герман Хакен Е.Н. Князеваға берген

«Әлемнің синергетикалық бейнесі» атты сұхбатында «Синергияның негізгі мазмұнын жақсы білдіретін қандай кілт сөздерді атауға болады?» деген сұрағына (Князева, 2000), аталған ұғымды «бірігу», «үйлесімділік», «энергия» сөздерімен ұштастырады да, синергияның мәнін ашатын келесі негізгі ережелерді атайды (Данилов, 2008):

1. Зерттелетін жүйе бір-бірімен өзара әрекеттесетін бірнеше құбылыстардан тұрады.
2. Бұл жүйедегі түрлі элементтер бір-бірімен әрқилы резонанстық типте байланысады.
3. Бұл жүйе ашық әрі біртекті емес, сондықтан ішкі және сыртқы тербелістерге ұшырайды, өзгеріске бейім.
4. Сыртқы және ішкі өзгерістердің әсерінен жүйеде тұрақсыздық пайда болады, хаос туындайды.

5. Жүйенің өздігінен реттелу мүмкіндігіне байланысты сапалы өзгерістер болады.

6. Нәтижесінде жүйеде жаңа қасиеттер пайда болады, құрылымы қоғамға бейімделеді.

Г. Хакеннің синергияны жоғарыда берілгендей сипаттауын, монографиялар мен түрлі ғылыми зерттеу мақалаларын негізге ала отырып, аталған ұғымға белгілі бір күрделі жүйедегі құбылыстар, яғни жүйені түзуші құбылыстар деген анықтама береміз.

Жаратылыстану бағытындағы синергия ұғымын зерттеуші кейбір ғалымдар (Е.С. Узкова, А.Ф. Лосев, Т.В. Васильева) «энергия», «ағым», «әрекет», «күш» ұғымдары ықылым замандағы ежелгі грек философы әрі ғалымы Аристотель ілімінен бастау алады, IX ғасырдағы «Метафизика» кітабында ол қозғаушы күш – энергияның басқа құбылыс түзудегі әлеуеті туралы жазғандығын айтады (Каиржанов, 2007: 23).

Зерттеу нәтижесі бойынша «синергия» терминінің даму көрсеткішін сызба түрінде ұсынамыз.



Сызба 1 – «Синергия» терминінің даму көрсеткіші
 Схема 1 – Динамика развития термина «Синергия»
 Diagram 1 – Development Trend of the Term “Synergy”

Сонымен, аталған ұғымды термин ретінде ғылыми тұрғыдан алғаш сипаттаған, физикалық құбылыстардың заңдылықтарын анықтаудағы синергияның мәнін, термин ретінде танытқан Г.Хакен болды. Оның идеясын жалғастырушы, синергия ұғымының жалпыхалықтық термин ретінде қолданысқа еніп, жаратылыстану ғылымдарында өркендеуіне үлес қосқан, орыс жерінде туылған (1917 ж. Мәскеу) бельгиялық ғалым И.Р. Пригожин болды. Ғалымға 1977 жылы қайтымсыз процестердің термодинамикасындағы жұмысы, яғни химия саласындағы диссипативті құрылымдар теориясы үшін Нобель сыйлығы берілді. Мұндағы басты тұжырым сызықтық емес ашық жүйеде орын алатын құбылыстар заңдылығына арналды. Синергия іліміне сәйкес, күрделі жүйе тепе-тең емес, ашық, сызықты емес және өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе түрінде болады. Сол жүйе ішкі және сыртқы тербелістердің (өзгерістердің) әсерінен өзін-өзі реттей отырып, жаңартудан өтеді (бірақ түбегейлі емес), яғни жүйеде жаңа құрылымдар мен жаңа тәртіп пайда болады, химия саласының ғана емес, табиғаттағы, айналамыздағы осы синергия заңдылықтарын меңгеру көптеген жаңа ашылуларға әкеледі. Осылайша күрделі жүйені меңгеруде жаңаша көзқарас ұсынған И.Р. Пригожин тұжырымдамасының мәні осында еді. Мұндай күрделі жүйелер тек

физика мен химияда ғана емес, биология, экология, экономика, медицина, ғылым мен білім, тіл мен психология сияқты қоғамның сан түрлі саласында кездеседі. Сондықтан да И.Р. Пригожиннің тұжырымдамасы физика мен химия шеңберінде ғана қалып қоймай, биология, нейрофизиология, социология, педагогика, әдебиет, лингвистика, сондай-ақ өнер, мәдениет пен коммуникация сияқты жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың көптеген салаларында одан әрі дамытылды. Бұл бағыттың дамуына Е.Н. Князева, В.И. Аршинов, Д.С. Чернавский, В.Г. Буданов сияқты синергетик-ғалымдардың қосқан үлесі ерекше (Манкеева, 2021: 32).

Төменде ұсынылған Кесте 1-де синергия ұғымының мәнін, әр ғылым саласындағы қолданылу ерекшелігін терең түсіну үшін кесте арқылы салыстырып беруге тырыстық.

Кесте 1 – «Синергия» ұғымының әртүрлі ғылым саласына енуі, авторы және қолданылу мәні

Таблица 1 – Введение понятия «синергия» в различные области науки, его автор и значение применения

Table 1 – Introduction of the Concept of “Synergy” into Various Fields of Science, its Author and the Significance of its Application.

<i>Ғылым саласы</i>	<i>Автор</i>	<i>Жыл</i>	<i>Мәні, қолданылуы</i>
Философия, пәлсапа	Аристотель	Б.з.б. 384-322	Энергия ұғымының қозғаушы күш ретіндегі құбылыс түзушілік әлеуеті.
Дінтану, теология	Христиандық теологиялық тұжырым	XXVII ғасыр	Адамның Құдаймен (рақымымен) күш біріктіруі арқылы өзін құтқара алу ілімі.
Биология	Людвиг фон Бергаланфи	1930	Тірі организмдер арасындағы өзара әрекеттесу нәтижесінде олардың өмір сүру қабілеттерінің артуы.
Физика	Герман Хакен	1977	Өзара әрекеттесетін элементтердің күрделі жүйелерде бірлесіп жұмыс істеуі нәтижесінде жаңа қасиеттердің пайда болуы.
Химия	И.Р. Пригожин	1970	Тепе-теңсіздік жағдайында жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруы, сызықтық емес ашық жүйеде орын алатын құбылыстар заңдылығы.
Экономика	Адам Смит	1776	Топтық жұмыс кезіндегі жалпы нәтиженің біріккен әсерлердің қосындысынан асып түсетін жағдай немесе жеке мүшелердің біріккен әрекетінен үлкен нәтиже алуға мүмкіндік беретін әсер (мысалы, командалық жұмыстағы өнімділік).
Менеджмент	Питер Друкер	1954	Ұйым ішіндегі топтардың және бөлімшелердің тиімді ұйымдасуы арқылы компанияның жалпы мақсатқа жетуін қамтамасыз ету.
Медицина	Дональд Бервик	1990	Науқасты жылдам қалпына келтіру процесіне немесе ағзаның екі немесе одан да көп дәрілік заттардың аралас әсеріне реакциясының атауына қатысты қолданылады. Әдетте, науқасқа дәрі-дәрмектердің және/немесе ем-шараның бірнеше түрінен тұратын кешенді емдеу тағайындалады.
Бизнес	Генри Минцберг	1970	Тиімділікті арттыру үшін басқаруда синергетика заңдылығын, яғни қоғамға бейімделе отырып ұйымдасу әдісін қолдану.
Педагогика	Джон Дьюи	1930	Синергия тұжырымдамасы бойынша білім беру жүйесі кез келген қоғамдағы өзгерістерге, жаңашылдыққа бейім ашық болуы керек, педагогикалық жүйе бастапқы мықты күшке ие болуы тиіс.
Әлеуметтану	Пьер Бурдьё	1970	Қауымдастықтың негізі ретінде адам қызметінің барлық салалардағы бірлескен еңбегі немесе капиталды және оның қоғамдағы бірлескен әсерін топтық зерттеу.
Экология	Рэйчел Карсон	1960	Организмдер мен қоршаған ортаның өздігінен ұйымдасуы арқылы экожүйелерді қалпына келтіру.
Спорт	Фил Джексон	1990	Максималды нәтижеге жету үшін командалық спорт түрлерінде синергияны қолдану.

Ақпараттық технология	Тим Бернерс-Ли	1990	Ақпарат алмасу технологиясының синергиясы ретінде дүниежүзілік желі құру.
Лингвистика	Г. Альтман	1986	Тіл жүйесін синергиялық құбылыс ретінде зерттеудің маңыздылығы туралы тұжырым қалыптастырды.

Табиғаттағы кез келген құбылыс өз түрі мен қасиетін сақтау үшін, өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қандай да бір белсенділік танытуы тиіс. Адам күшіне ғана тәуелді құбылыстар адами фактор болмаған жағдайда жоғалып кетуі мүмкін, ал өздігінен реттелетін құбылыстар ғасырлар бойы жасай береді. Сондықтан да синергетика заңдылығын білу – әлемді түсіну мен танудың жолы, дамуға әкелер күш, ал оған адами фактордың қосымша әсер етуі – жоғары жетістікке әкелері анық (Герман, 2007). Сол себепті аталған тақырыпқа қатысты Scopus дерекқорында жарияланған мақалаларға статистикалық талдау жасауды жөн көрдік.

Зерттеу нәтижесі арқылы синергия іліміне қай елдердің белсенді екенін көрсету арқылы зерттеу бағытының жаһандық даму қарқыны мен географиясын сипаттауға болады.

Төменде берілген диаграммада 2005 жылдан бастап, 2025 жылға дейінгі Scopus дерекқорында синергия тақырыбында жарияланған мақалалар бойынша терминді көбірек қолданатын 10 елдің көрсеткішін ұсынамыз. Қытай елі тізімнің басында тұр. Бұл сол елдің зерттеу саласындағы белсенді ғылыми қызығушылығы мен ресурстық мүмкіндіктерін көрсетеді.




Диаграмма 1 – «Синергия» терминін жиі қолданатын, мақала жариялауда ең белсенді 10 ел (ақпарат Scopus индекстеген басылымдардың деректері (2005-2025 жж.) негізінде автор есептеуі бойынша алынды)

Диаграмма 1 – Топ-10 стран, наиболее активно использующих термин «синергия», публикующих наибольшее количество статей

(по расчетам автора на основе данных изданий, индексируемых в Scopus (2005-2025 гг.).

Diagram 1 – Top 10 Countries Most Actively Using the Term “Synergy”, with the Highest Number of Publications

(Based on the Author's Calculations Using Data from Scopus-indexed Sources (2005-2025).

Қытай, АҚШ сияқты алдыңғы қатарлы елдердің бұл тақырыпқа қызығушылығы аталмыш саланың өзектілігін дәлелдейді. Бұл – зерттеу бағытымыздың әлемдік тенденцияны түсінуде негізді екенін көрсетеді.

Тіршілік атаулыны синергетика тұрғысынан қарастырсақ, келесідей үш топқа жіктеуге болады: табиғи (физика, биология, экология), әлеуметтік (қоғам, экономика, педагогика) және ақпараттық (өнер, тіл, ғылым). Аталған саланың қайсысында болмасын зерттеу мақсаты –

өздігінен реттелетін құбылыстар түзетін жалпы заңдылық пен ұстанымдарды болжау және айқындау, жүйені дамытатын стратегия құру.

Жүйе деп кез келген құбылысты атай беруге болмайды (Klyumenko, 2022: 418). Оны жүйе деп тану үшін ол мынадай негізгі қағидаларға сай келуі керек:

1. Тұтастық – жүйе өзара байланысты бөліктерден құралады, оны бөлшектерінен бөлек түсіну мүмкін емес.

2. Құрылымдылық – жүйенің қасиеті тек жеке бөліктеріне емес, олардың байланыс құрылымына да байланысты.

3. Ортамен байланыс – жүйе ортадан оқшау емес, оның әсерімен дамиды және өзі де ортаға әсер етеді.

4. Иерархия – жүйенің әрбір бөлігі де жеке жүйе бола алады, ал өзі басқа жүйенің бөлігі болуы мүмкін.

5. Көптүрлілік – күрделі жүйелерді әр қырынан тану үшін түрлі тәсілдер қажет.

Тіл білімі саласында синергетикалық бағыттың пайда болуы В.Вилдген, Р.Келер, Г.Альтман сынды ғалымдар мен олардың зерттеуін жалғастырушы ізбасарлары – неміс синергетикалық лингвистика мектебінің өкілдерінің есімдерімен байланыстырылады (Vasylchenko, 2019; 23). Олар тіл жүйесін синергиялық құбылыс ретінде зерттеудің маңыздылығы туралы тұжырым қалыптастырады, нәтижесінде лингвистикада «синергетикалық лингвистика» терминінің орнына енді «лингвосинергетика» термині қолданылады. «Лингвосинергетика» ұғымын ғылыми қолданысқа украин ғалымы, ғылым докторы Лидия Сергеевна Пихтовникова енгізді, оның зерттеулері лингвистикадағы осы бағытты қолдануда шешуші рөл атқарды. Ғалымның пікірінше, тіл біліміндегі синергетикалық тәсіл тілдегі өзін-өзі ұйымдастыру процестерін, оның эволюциясын және мәдени, әлеуметтік және техникалық өзгерістер сияқты әртүрлі факторлардың әсерінен қоғамға бейімделуін тереңірек талдауға мүмкіндік береді.

Осы бағытта В.И. Аршинов, Я.И. Свирскийдің «Синергетическое движение в языке» (1994), Г.Г. Москальчуктің «Структурная организация и самоорганизация текста» (1998), И.А. Герман, В.А. Пищальникованың «Введение в лингвосинергетику» (1999) сияқты ғылыми-теориялық еңбектер қатарын атауға болады.

Аталған ғалымдардың қай-қайсысы болмасын, тіл жүйесін синергиялық құбылыс ретінде қарастырудың аппликативті әлеуеті жоғары деп санайды (Dombrova, 2019: 101). Аппликативті әлеует дегеніміз – кез келген теорияның нақты өмірде, ғылымда, білімде, технологияда, тіл оқытуда, мәтін талдау мен түсіндіруде, аудармада, стилистикада, дискурс-анализде қолдану мүмкіндігін көрсететін әлеует. Біздің пайымдауымызша, тілді жүйе ретінде қарастыратын лингвосинергетика ғылымының нақты қолданбалы салаларға тигізер пайдасы мен тиімділігі айрықша жоғары, атап айтсақ:

- лексикалық-семантикалық талдаулардың негізді болуы;
- көркем мәтіндегі мағыналық ұйымдасуды талдау;
- мәтіндердегі хаос пен тәртіп арақатынасын анықтау;
- стиль мен дискурстың өзгеруін болжау;
- тілді оқытуда динамикалық модельдерді қолдану;
- тілдік нормадан ауытқулардың заңдылығын түсіндіру.

Аталған авторлардың зерттеулерін қорытындылай келе, «лингвосинергетика – тілді өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде зерттеудің әлемдік әдістемелік құралы» деп тұжырым жасауға болады.

Лингвосинергетика теориясының дәстүрлі лингвистикалық мектептерден басты айырмашылығы – тілді тұтас, ашық, динамикалық жүйе ретінде қарастыруында. Дәстүрлі лингвистика, әсіресе структурализм мен жүйелік-құрылымдық бағыттар, тілді статикалық, тұйық жүйе ретінде сипаттап, оның элементтерін (фонема, морфема, сөйлем құрылымы) жүйелеуге басымдық береді. Яғни, олар тілдік құбылыстарды сыртқы факторлардан оқшау, ішкі заңдылықтарға ғана сүйене отырып түсіндіреді. «Бұл бағыт тіл қызметі мен дамуына қатысты зерттеулеріне жаңа серпін беріп, тілдің құрылымы мен дамуын жан-жақты түсінуге айтарлықтай үлес қосады» (Қожахметова, Манкеева, Хабиева, 2025: 89)

Бұл бағыт тілдің дамуында кездейсоқтық, хаос, тармақталу, өзара әсер етуші факторлар

рөлін де ескеріп, когнитивтік, әлеуметтік, мәдени контексті қоса зерттейді (Khramchenko, 2023: 371). Жалпы тілді жүйе ретінде қарастырудың мәні мынада: тіл бізден тәуелсіз, өз принципімен жұмыс істейтін құбылыс болып табылады. Лингвист сол заңдылықтарды зерттейді, ал тілді қолданушы адам сол принциптерге бағынады.

Синергетика терминінің мәнін келесі аталған ұғымдардан бөліп қарауға болмайды: күрделілік, ашықтық, өзгермелілік (тұрақсыздық), хаос (бейберекет) және өздігінен ұйымдастырушылық.

Олай болса, тіл – өзін-өзі реттейтін, ұйымдастыратын, сыртқы ортамен үздіксіз әрекеттесіп отыратын ашық әрі күрделі жүйе. Тілдік бірліктер мен құрылымдар тіл иелерінің саналы әрекетінсіз-ақ, өздігінен реттеліп, жаңа деңгейге бейімделіп отырады. Бұл, әсіресе, ауызекі сөйлеу тілі мен интернеттегі коммуникацияда айқын көрінеді. Жаңа сөздер мен тіркестер халық арасында тез таралып, тілдің өздігінен дамуын қамтамасыз етеді. Енді сол тілді синергиялық жүйе ретінде сипаттайтын ұғымдарға жеке-жеке тоқталсақ:

1. Тіл жүйесінің күрделілігі

Тіл – көпқабатты, иерархиялық құрылымнан тұратын жүйе. Онда фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және семантикалық деңгейлер бір-бірімен тығыз байланысып, өзара ықпалдасады. Мысалы, бір ғана сөздің формасы мен мағынасы оның сөйлемдегі орнына, тұлғалық өзгерісіне және контекстке байланысты түрленіп отырады. Бұл тілдік бірліктердің арасындағы күрделі байланыстың айғағы.

2. Тіл жүйесінің ашықтығы

Тіл – қоғаммен, мәдениетпен, уақытпен тығыз байланыста дамитын жүйе. Ол сыртқы ақпаратқа, тарихи-әлеуметтік өзгерістерге бейім келеді. Мысалы, қазіргі қазақ тіліне жаһандану үдерісінің әсерінен жаңа кірме сөздер, терминдер (*смартфон, вакцинация, онлайн, стартап* т.б.) кеңінен еніп, тілдік қордың ашықтығын көрсетіп отыр.

3. Тіл жүйесінің өзгермелілігі мен тұрақсыздығы

Тіл статикалық емес, динамикалық жүйе. Тілдегі нормалар, ережелер мен қолдану үлгілері уақыт өте келе өзгеріске ұшырап отырады. Бұл – тілдің ішкі заңдылығы ғана емес, қоғамдық қажеттіліктің де көрінісі. Мәселен, бұрын әдеби норма саналмаған кейбір сөздер мен қолданыстар (мысалы, *тренд, хайп, пранк*) қазіргі таңда тілдік нормаға жақындап келеді.

4. Тілдің өздігінен ұйымдасуы

Тілді синергетикалық жүйе ретінде қарастырудың басты белгілерінің бірі – оның өзіндік ішкі тәртібінің болуы. Яғни тілдік бірліктер мен құрылымдар тіл иелерінің саналы әрекетінсіз-ақ, өздігінен реттеліп, жаңа деңгейге бейімделіп отырады. Бұл, әсіресе, ауызекі сөйлеу тілі мен интернеттегі коммуникацияда айқын көрінеді. Жаңа сөздер мен тіркестер халық арасында тез таралып, тілдің өздігінен дамуын қамтамасыз етеді.

Сонымен, тіл жүйесі – үнемі қозғалыста, дамуда, өзгерісте болатын ашық, күрделі, өздігінен ұйымдасатын динамикалық сипаттағы синергиялық жүйе.

Келесі статистикалық талдауымызда 2005-2025 жылдар аралығында Scopus мәліметтер базасында лингвосинергетика саласы бойынша жарияланған ғылыми мақалалардың сандық көрсеткіші ұсынылады (Диаграмма 2). Бұл талдаудың мақсаты – зерттеліп отырған бағыттың ғылыми кеңістікте қаншалықты қарқынды дамып жатқанын, уақыт өте келе зерттеушілердің қызығушылығы қалай өзгергенін анықтау. Сонымен қатар бұл статистикалық мәліметтер лингвосинергетика теориясының заманауи лингвистикадағы орны мен маңызын бағамдауға, ғылыми трендтер мен зерттеу әлеуетін талдауға мүмкіндік береді. Жарияланымдар динамикасын саралау арқылы аталған саланың қандай кезеңдерде белсенді дамығанын немесе баяулағанын көруге болады, бұл өз кезегінде ғылыми қауымдастықтың назарын аударуға негіз болады.

Зерттеу нәтижесі бойынша 2005 жылы 4-5 мақала жарияланса, тақырыпқа деген ғылыми қызығушылықтың артқанын араға 3 жыл салып, 2008 жылы жиырмадан астам жарияланған мақала санынан аңғаруға болады. Осы жылдан бастап жариялымдар саны тұрақты өсіп, 2023 жылы жүзге жуықтайды. 2024 жылы екі есеге артып, 150 мақаланы көрсетеді. Бұл талдау осы бағыттағы академиялық базаның біртіндеп қалыптасуын көрсетеді.




Диаграмма 2 – 2005-2025 жылдардағы лингвосинергетика тақырыбы бойынша жарияланымдар динамикасы (ақпарат Scopus индекстеген басылымдардың деректері негізінде автор есептеуі бойынша алынды)

Диаграмма 2 – Динамика публикаций по теме лингвосинергетики за 2005-2025 годы (информация составлена автором на основе данных изданий, индексируемых в Scopus)

Diagram 2 – Publication Dynamics on the Topic of Linguosynergetics from 2005 to 2025 (Data Compiled by the Author based on Scopus-indexed Sources)

Лингвосинергетика тақырыбына қатысы бар ғылыми жарияланымдарды талдау әртүрлі журналдардың осы зерттеу саласының дамуына қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді. Springer Science+Business Media («Шпрингер: ғылым және іскери медиа») журналы ғылыми жарияланымдар арасында көшбасшы болды. Аталған журнал 2005-2025 жылдар аралығында синергетика және лингвосинергетика тақырыбына қатысты (тірек сөзді есепке алғанда) 30-дан астам мақала жариялаған. Сондай-ақ Routledge, Taylor and Francis сияқты гуманитарлық ғылымдар саласындағы көшбасшы журналдар мен Халықаралық компьютерлік лингвистика Ассоциациясы (Association for Computational Linguistics (ACL) журналы лингвосинергетика тақырыбы бойынша алдыңғы қатарлардан (10-нан аса мақала жарияланған) көрінді.




Диаграмма 3 – 2005-2025 жылдар аралығындағы лингвосинергетика тақырыбы бойынша 10 топ журнал тізімі (ақпарат Scopus индекстеген басылымдардың деректері негізінде автор есептеуі бойынша алынды, сәуір, 2025 ж.)

Диаграмма 3 – Список 10 ведущих журналов по теме лингвосинергетики за 2005-2025 годы (информация на основе данных изданий, индексируемых в Scopus, апрель, 2025 г.)

Diagram 3 – List of the Top 10 Journals on the Topic of Linguosynergetics from 2005 to 2025 (Data Compiled by the Author based on Scopus-indexed Sources, April, 2025)

Келесі кестеде лингвосинергетика тақырыбына қатысты мақалалардағы ең жиі қолданылатын тірек сөздерді зерделеп көрдік. Тізімді *тіл, талдау, тілдік жүйе* сөздері бастап тұр, одан кейін *тіл жүйесі, коммуникация, синергия жүйесі, тіл оқыту/үйрену, тілдік талдау, семантика, дискурс, мәтін, желі* сияқты сөздер жиі қолданылған.

Кесте 2 – 2005-2025 жылдардағы Scopus мақалаларын талдау. Лингвосинергетика тақырыбындағы мақалаларда жиі қолданылған тірек сөздер (ақпарат Scopus индекстеген басылымдардың деректері негізінде автор есептеуі бойынша алынды)

Таблица 2 – Анализ статей в Scopus за 2005-2025 годы. Часто используемые ключевые слова в публикациях по теме лингвосинергетики (информация составлена автором на основе данных изданий, индексируемых в Scopus)

Table 2 – Analysis of Scopus articles from 2005 to 2025. Frequently used Keywords in Publications on the Topic of Linguosynergetics (Data Compiled by the Author based on Scopus-indexed Sources)

Сөз	Қайталану саны	Сөз	Қайталану саны
language	81	systems	16
analysis	58	networks	15
fuzzy	49	natural	15
linguistic	44	intelligence	14
learning	38	critical	14
discourse	32	model	14
synergy	27	social	13
communication	22	english	13
processing	20	concept	13
linguistics	20	models	12
text	17	artificial	12

Сонымен, синергетиканы лингвистикада қолданудың негізгі принциптерінің бірі – тілді өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе деп санау түсінігінен туындады. Тіл жүйесінің сыртқы факторларға жауап беру имунитетінен туындайтын өздігінен реттелу құбылысы оның өзін-өзі дамыту және бейімделу қабілеті арқылы көрінеді, нәтижесінде тіл білімінде лингвосинергетика деп аталатын жаңа ұғым пайда болды.

Синергия құбылысының заңдылығын меңгеру тілдің даму мүмкіндігін, өсу траекториясын, өзгеру принципі сияқты факторларды айқындауда маңызды рөл атқарады десек, онда лингвосинергетика – тілдің дамуы мен қоғамдық өзгерістерге бейімделу заңдылығын анықтауда қызмет ететін тіл білімінің бағыты. Тілдік жүйедегі өзгеріс тіл білімінің қай саласына болмасын әсер етері анық.

Мысалы, *фонетика* саласындағы әр алуан дыбыстық өзгерістер: дыбыстардың айтылуда өзгеруі, ассимиляция, ықпал түрлері, орфоэпия, екпін сияқты ерекшеліктер осы синергия, яғни тілдік жүйенің өздігінен реттелу заңдылығынан туындайды. Әр тілдің өзіне ғана тән болатын дыбысталу ерекшелігі өзге тілдерден енген сөздерді де өзгертпей тұра алмайды. Кірме сөздер халықтың айту машығы, артикуляциясы сияқты өзіндік «қара қазанында» қайнап, қайта қорытылып, дыбыстық өзгеріске ұшырап, кейде тіпті кірмелік белгісі болмай да қалып жатады. Сөйтіп, сөз сапалық өзгеріске ұшырап, өздігінен реттеледі. Мысалы: *протеза* – сөздің алдынан басы артық дыбыстың қосылуы (Ы: лаж, лай, лас, лау («ылау деп, үй деп дікілдеп» (Абай) рас, рақмет, разы, рай т.б.) Бұл кірме сөздің айтылуын жеңілдету үшін қажет. *Эпентеза* сөз ішінде дауыссыздардың арасына дауыстының қыстырылуы: класс – кылас, аброй – абырой. Айта берсек, мұндай құбылыс өте көп, бәрін тізіп шығу мақсатымыз емес.

Тілдік жүйенің өздігінен реттелу құбылысы – сан ғасырлар бойы үздіксіз жүзеге асып келе жатқан процесс. Мұнда тілдік құрылымдар мен нормалар қандай да бір оралықтанған бақылаусыз, қатаң реттеусіз өздігінен дамитын процесс.

Тіл білімінің *лексика* саласындағы синергия мәнін ашып көрейік. Айналамыздағы кез келген затты немесе құбылысты көрген сәтте адамның санасына неше алуан ұғым, ассоциация келеді.

Мысалы «күн көру» сөз тіркесінің контекстегі мәні (күннің көзін көру немесе кунелту, тіршілік ету) анықталғанша хаос орын алары анық.

Синергия көрінісін тіл эволюциясында, әртүрлі контексте, тілдік қарым-қатынас барысында, тілдік формалар мен құрылымдардың пайда болуынан байқауға болады. Адамдар әңгімелесушілердің кері байланысына жауап ретінде өздерінің тілдік стратегияларын үнемі бейімдейді, адам коммуникацияға түскенде яғни қарым-қатынас барысында баяндауышты сөйлемнің соңына немесе анықтауышты өзі анықтайтын зат есімнің алдына қойып айту сияқты мәселелерге бас қатырып жатпайды. Мұның барлығы автоматтандырылған әрекет ретінде, тілдік жүйенің үнемі өздігінен реттелу құбылысы нәтижесінде туындап отырады. Осылайша, лингвосинергетика тілдің табиғи өзін-өзі ұйымдастыруын зерттеудің әлемдік құралы болып табылады. Бұл тілдің қоғамдағы жаңа жағдайларға бейімделу қабілетін сақтауға, сондай-ақ оның эволюциясына ықпал ететін механизмдерді анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ лингвосинергетика тілді үйренуде де маңызды, мұнда жаңа лингвистикалық формалардың пайда болуы сөйлеушілер арасында ортақ лексиканың пайда болуы үшін өте маңызды, өйткені бұл оларға мағынаны үйлестіруге және жалпы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл тілді әлеуметтік және экологиялық факторларға жауап ретінде дамитын динамикалық жүйе ретінде кеңірек түсінуге сәйкес келеді.

Лингвосинергетика ілімінің басты мақсаты – тілдік жүйелердің эволюциясын модельдеу. Бұл тіл элементтерінің бір-бірімен қалай әрекеттесетінін және бұндай өзара әрекеттесу жаңа тіл формалары мен құрылымдарына қалай әсер ететінін ескеруге мүмкіндік береді, сонымен қатар бір деңгейдегі өзгерістердің тілдің басқа деңгейлеріне әсер ету мүмкіндігін саралайды. Мәтіндік талдауда синергетикалық тәсіл мәтіннің символизм, метафора және контекстік ерекшеліктер сияқты пайда болатын қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді (Моисеева, 2013: 9).

Тіл жүйесі де өзге құбылыстар сияқты өзгеріске ұшырайтын қасиеттерге ие. Бізде ақпаратты қабылдау, сақтау, тасымалдау, негізінен, тұрақты жүйе арқылы жүзе асатыны туралы түсінік қалыптасқан. Алайда құнды ақпарат туғызу, сөз қуаты мен құдіретін таныту мен түсіну тілдік жүйенің тек тұрақсыздық жағдайында болатыны – тілдік жүйенің синергиялық ерекшелігін танытады. Яғни дүниені танудың үздіксіз үдерісі тілдік жүйенің ашық, іштей реттелетін қабілеті мен бір-бірімен байланысты әртүрлі ақпараттың ұйымдасуы арқылы синергиялық құбылыс түзетін қасиетіне сай жүзеге асады.

Қорытынды

Қазір әлемнің қай саласын алсаңыз да, оның ішінде қазақ ғылымында да «синергия» ұғымы жаңа бір үрдіске, үдеріске айналды. Мұны зерттеу жұмысының талдау нәтижесі көрсетіп отыр.

Сонымен, зерттеу жұмысының мақсатына орай синергия құбылысының шығу тарихына талдау жасалып, лингвосинергетика терминінің мән-мағынасы зерделенді. Аталған ұғымның шығу тарихын, дамуы мен семантикалық динамикасын талдай келе, сонау Аристотель заманынан бастау алған ұғымның негізі өте әріде жатқаны, бірақ нақты ғылым саласында қолданылуы өткен ғасырға тиесілі екені анықталды.

Ғалымдар құбылыстарға бұрынғыдай функционализм, структурализм тұрғысынан емес, тұтас, жүйелі және динамикалық құрылым ретінде қарай бастады. Дәл осы тәсіл болмыстың барлық саласы мен құбылыстары негізіндегі ғылымдарды жалпы синергетикалық жүйе деп түсінуге негіз болды.

Нәтижесінде келесідей тұжырым жасалды: синергетика – күрделі, бейсызық, өзара әрекеттесетін жүйелердің дамуы мен құрылымының өзгеруін зерттейтін ғылым ретінде, тіл сияқты ашық әрі көпдеңгейлі жүйені тануда тиімді әдіснамалық негіз бола алады. Лингвосинергетика осы бағыттың тіл біліміндегі көрінісі ретінде тілдің өзін-өзі ұйымдастыратын, үнемі өзгеріп, жаңарып отыратын тірі жүйе ретіндегі қасиеттерін ашады.

Сондай-ақ синергетика заңдылықтарын тілдік құбылыстарға қолдану тіл жүйесінің ішкі динамикасын, даму бағыттарын, мағына ауысуы мен жаңа құрылымдардың пайда болуын түсінуге мүмкіндік береді. Терминнің қалыптасу тарихын, ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерді саралай отырып, лингвосинергетика тілдің ішкі заңдылықтарын жаңа қырынан қарастыруға жол ашатыны дәлелденді. Осылайша, тіл жүйесін синергиялық жүйе ретінде тану – қазіргі лингвистиканың теориялық өрісін кеңейтіп, болашақ зерттеулерге тың бағыт ұсынатыны айқындалды.

Зерттеу жұмысының міндеттерін жүзеге асыру мақсатында салыстырмалы-хронологиялық әдіс пен статистикалық талдау әдістері қолданылды. Терминнің жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдардағы қолданыс ерекшелігі мен мазмұндық сипаты, ғылымға ену мерзімі мен алғаш ұсынған авторлары кесте түрінде берілді. Сонымен қатар 2005 жылдан бастап, 2025 жылға дейінгі Scopus дерекқорында жарияланған синергия және лингвосинергетикаға қатысты жүздеген ғылыми зерттеулерге шолу жасалып, олардың нәтижесі кестелер, диаграммалар мен динамикалық графиктер арқылы көрініс тапты. Бұл талдаулар лингвосинергетика теориясының қазіргі тіл біліміндегі орнын, зерттеу бағыты ретіндегі әлеуетін жан-жақты көрсетіп, оны жаңа ғылыми парадигма ретінде қарастыру қажеттілігін дәлелдей түсті.

Әдебиеттер

- Герман И.А. Лингвосинергетика. – Барнаул, 2007. – 168 с.
- Данилов Ю.А. Синергетика – наука о самоорганизации // Прекрасный мир науки. – Москва: Прогресс-Традиция, 2008. – 149 с. [Электронды ресурс]. – <https://vikent.ru/enc/3717/> (Пайдаланылған күні: 15.03.2025).
- Иванов Д.А. Понятие «синергия» и «синергический эффект»: семантический и эволюционный аспекты // Российское предпринимательство. – 2016. – Т. 17. – №20. – С. 2583-2594. <https://10.18334/rp.17.20.36917>
- Каиржанов А.К. Синергия языка: Монография. – Астана, 2007. – 240 с.
- Князева Е.Н. Интервью с профессором Г. Хакеном // Вопросы философии. – 2000. – №3. – С. 53-61.
- Қожахметова А.Қ., Манкеева Ж.А., Хабиева А.А. Поэтикалық дискурс лингвосинергетикасы // Tiltany, 2025. №2 (98). – 86-93-66. DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-86-93>
- Манкеева Ж.А. Қазақ сөзінің синергиясы. – Алматы: Қазақ ұлттық университеті, 2021.
- Моисеева И.Ю. Лингвосинергетика: метод. указания для самостоятельной работы студентов. – Оренбург: ОГУ, 2013. – 30 с.
- Dombrovan, T.Y. Linguistic synergetics: origin, key concepts and application. Writings in Romance-Germanic Philology, 2016, 2(37), 95-107. [https://doi.org/10.18524/2307-4604.2016.2\(37\).93771](https://doi.org/10.18524/2307-4604.2016.2(37).93771)
- Dombrovan, T.Y. On the complex nature of a simple word: a diachronic linguosynergetics view. Scientific Bulletin of Kherson State University Series Germanic Studies and Intercultural Communication, 2019 (1), 36-42. <https://doi.org/10.32999/ksu2663-3426/2019-1-5>
- Khranchenko, D. The power of synergy in discourse: Exploring persuasive language in English mass media. Indonesian journal of applied linguistics. Vol. 13 No. 2, September 2023, P. 368-379. <https://ejournal.upi.edu/index.php/IJAL/article/view/63068>
- Klymenko, O. Synergetic Linguistics as a New Philosophy of Language Studies, Theory and Practice in Language Studies, Vol. 12, No. 2, P. 417-423, February 2022. <https://tpls.academypublication.com/index.php/tpls/article/view/2206>
- The Oxford Dictionary of English Etymology. Oxford: Oxford University Press, 1966. 546 p.
- 2) Лексикалық минимумы: A1 (ішінде тізімі бар);
- 3) Сөз құрамы: дара;
- 4) Орфограммалары: дұрыс нұсқасы (кітап), қате нұсқалары (кітәп, кітаб);
- 5) Түбірі: кітап;
- 6) Сөз табы: зат есім;
- 7) Этимологиясы: ар. کتاب; ;
- 8) Мағыналары:

а) мерзімсіз баспасөз басылымы көркем-әдеби, қоғамдық саяси, ғылыми-практикалық мазмұндағы туынды;

ә) есеп-қисап, мәлімет т.б. мағлұматтарды тіркеп, жазып отыратын түптелген таза ақ қағаз, қалың дәптер;

б) мектеп оқушыларына арнап, белгілі оқу бағдарламасына негізделіп жазылған оқулық.

в) ауыс. Құран;

9) Мысалдар: Ахмет Байтұрсынұлы «Оқуға шақыру»: *Аллалап, ал кітапты қолдарыңа! Кекілбаев Әбіш «Түйелер»: Келеді ұзын көш шұбалып, Кебежеде кітап жоқ, ірімшік. Әбділда Тәжібаев «Ашықтар»: Қолтықтап жуан жуан кітаптарын, Бос тастап иығына тар шапанын, Барады өрлеп дөңге балғын ақын Шолуға алыстармен ауыл маңын т.б.;*

10) Тіркесімділігі: *кітап жүктеу, кітап оқу, кітап сөзі, қызыл кітап;*

11) Орысшасы: книга;

12) Ағылшыншасы: book;

13) Фразеологизмдері және мағыналары: *кітап кемірді* (кітапты көп оқыды, бас алмады), *кітап басу* (қолжазбаны дайын кітап етіп шығаратын полиграфиялық өндіріс процестерінің жиынтығы), *алтын кітап* (құрметті еңбек озаттары, үлгілі, табысты азаматтар тіркейтін кітап) т.б.;

14) Сөз тіркестері және мағыналары: *қызыл кітап* (көне дәуірлерге тән, бұл күнде сирек ұшырайтын аң-құстарды тіркейтін кітап), *еңбек кітапшасы* (еңбек өтілін көрсететін, істеген қызметін жазып отыратын құжат) т.б.

Электрондық сөздіктердің ғылыми зерттеулердегі, білім берудегі, коммуникациядағы және мәдениеттегі маңыздылығы күннен күнге артып келеді. Олардың үлкен дерекқоры зерттеушілерге әртүрлі ғылыми салалардағы соңғы жаңалықтар мен жарияланымдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Электрондық сөздікті жасанды интеллектіге интеграциялауға болады. Қазақтілді кез келген жасанды интеллекті электрондық сөздікті өз дерекқорына енгізіп, пайдаланушыларға сөздіктегі тілдік деректерді электрондық сөздік сілтемесімен бірге бере алады.

Қорытынды

Баспадан шыққан лексикографиялық сөздіктердің орнын бүгінде электрондық сөздіктер басуда. Әлемнің озық елдері мемлекеттік тілдерінің жан-жақты қырын ашатын әртүрлі сөздіктердің электрондық нұсқаларын жасаған. Мақалада А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеген «Қазақ тілінің әмбебап электрондық сөздігінің» сипаттамасы көрсетіліп, өзге отандық сөздіктермен ұқсастығы мен айырмашылықтары анықталды, сондай-ақ бағдарламалық

құрылымы мен мазмұны баяндалды. Цифрлық ресурстағы мұндай сөздік тілді цифрландыру ісінде, қолданысын кеңейтуде, әрбір сөз туралы терең ақпарат алуда және тілдің өміршеңдігін арттыруда аса маңызды электрондық құрал деп есептейміз.

Бұл әмбебап электрондық сөздік болашақта қазақ тілін зерттеушілерге және қазақ тілін меңгерушілерге бағытталып, дамып, толыға түседі. Атап айтқанда:

1) қазақ тілін зерттеушілерге бағытталған веб-сөздік мыналармен толығады:

а) іздеу жолына бірнеше категория бойынша сүзгілер қосылады;

ә) веб-сөздікті пайдалану жолын түсіндіретін жасанды интеллектіге негізделген бот іске қосылады;

б) барлық сөздер мен сөз тіркестері дыбысталатын болады;

в) дара және күрделі сөздерге грамматикалық талдау жасалады;

г) күрделі сөздер түріне қарай тереңірек ашылады;

ғ) омонимдердің электрондық нұсқасы ажыратылып, веб-сөздік құрамына енеді;

д) фразеологизмдер мен сөз тіркестерінің және олардың мағыналарының ара-жігі ажыратылып, жеке-жеке көрініс табады;

е) диалектілік сөзқолданыстар енеді (Қазақстан өңірлеріндегі отандастар мен шетелдегі қандастардың тілі);

ж) ассоциациялық сөздік енеді;

з) тарихи этимологиялық сөздік енеді;

и) ономастикалық сөздіктер енеді;

й) антонимдер сөздігі қосылады;

к) қазақ тілін ағылшын, француз, неміс, қытай және т.б. тілдерге аударатын аударма сөздіктер енеді;

к) өзге де сөздіктермен толығады;

л) «Сөзтексер» электрондық платформасы байланады;

м) болашақта Институт жасаған өзге өнімдермен де толығып отырады;

н) ай сайын жаңа сөздер жеке парақшада мысалдарымен және дереккөзімен бірге шығып отырады, жыл соңында көп қолданылған «жыл сөзі» жарияланады.

2) Қазақ тілін меңгерушілерге бағытталған веб-сөздік мыналармен толығады:

а) қазақ тілін меңгерудің әр деңгейі (қарапайым мен күрделі деңгей арасындағы) және сол деңгейдің тақырыптары бойынша тілді меңгерушілер білуі керек дара сөздер мен күрделі сөздер, сөйлемдер және олардың дыбысталуы, мысалдары енеді;

ә) деңгейлік тапсырмалар, ойындар қосылады;

б) қазақ тілін үйрететін жасанды интеллекті іске қосылады;

в) шетелдік қазақ тілін меңгерушілерге қазақтілді ортамен байланыс орнатуға мүмкіндік беретін парақша ашылады т.б.

Әдебиеттер

Акимов Э.Н., Акимов В.Л. Электронный словарь диалектных фразеологизмов // Вестник ННГУ. – 2013. – №6-2. – С. 1-3.

Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының жүйесі. – Астана, 2005. – 208 б.

Вепрева Т.Б. Расширение словаря магистрантов неязыковых обеспечивают подготовку при помощи онлайн-ресурсов // Вестник Череповецкого государственного университета. – 2017. – №6 (81). – 165 с.

Ефремова А.Н. Комплексный электронный словарь: особенности проектирования // Известия РГПУ имени А.Герцена. – 2015. – №178. – С. 40.

Көбденова Г. Электронды сөздік – заман талабы. – 2013. – URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/16025> (қаралған күні: 03.05.2024).

Кузьмина Р.В. Электронный словарь Oxford English Dictionary как основа проектной деятельности студентов // Вестник Гуманитарного института. – 2021. – №2. – С. 179-186.

Құлманов С.Қ., Бисенғали А.З., Шүленбаев Н.Қ., Омарова А.Д. Қазақ цифрлық терминологиясы: терминологиялық ішкорпус әзірлеу тәжірибесі (метамәтіндік және терминологиялық белгіленімдер параметрлері) // TILTANYM. 2024; (1): 155-165.

Мадьярова Г.А., Байсалбаева К.Н., Ибрайымқызы А. Сравнительный анализ существующих электронных словарей // Statistics, account and audit. – 2021. – 320 с.

Марус М.Л. Современные многоязычные электронные словари // Электронный научно-методический журнал

Омского ГАУ. – 2015. – №3(3). – С. 68-70.

Морель Морель Д.А., Шатилина С.И., Шашкин Л.М. Электронный словарь как средство обучения и исследовательский ресурс // Альманах современной науки и образования. – Тамбов: Грамота, 2008. – №8 (15): в 2-х ч. – Ч. I. – С. 132-133.

Фесенко О.П., Лаухина С.С. Электронные словари как продукт современной лексикографии // Омский научный вестник. – 2015. – №4(141). – С. 46-47.

Critchfeld, T.S. Visuwords: A handy online tool for estimating what non-experts may think when hearing behavior analysis jargon // Behavior Analysis in Practice, No.10. P. 318-320. <https://doi.org/10.1007/s40617-017-0173-0>

Karabuta, O., Mandych, T., Lemeshchuk, O. Electronic dictionary of sports metaphors as an instrument to develop the ukrainian computer lexicography // Journal of Information Technologies in Education (ITE). 2020. No.44. P. 42-48. <https://doi.org/10.14308/ite000725>

Karami, S., Riasati, M.J. A Study of Electronic Dictionary Use and Attitudes among Iranian Students of Translation during COVID-19 Pandemic // Education Research International. 2023. P. 2. <https://doi.org/10.1155/2023/7616256>

Makarych, M.V., Popova, Yu.B., Shved, M.O. Electronic Lexicography: Traditional and Modern Approaches // Science and Technique. 2020. Vol. 19. No.5. 424 p.

Sarmila N., Yauri, A.M., Resyadi, H. The Effectiveness of Electronic Dictionaries in Learning Vocabulary at Indonesia Junior High School Context // International Journal of Research on English Teaching and Applied Linguistics. 2022. T. 3. No.2. P. 40-43.

References

Abdirasilov, Ye. (2005) Qazaq terminografiasynyng zhujesi. Astana, 208 b. [Abdrasilov, Ye. (2005) System of Kazakh terminology. Astana, 208 p.] (in Kazakh)

Akimova, E.N., Akimov, V.L. (2013) Jelektronnyj slovar' dialektnyh frazeologizmov. Vestnik NNGU. No.6-2. S. 1-3. [Akimova, E.N., Akimov, V.L. (2013) Electronic dictionary of dialect phraseological units. Bulletin of the National Research University. No.6-2. P. 1-3.] (in Russian)

Critchfeld, T.S. (2017) Visuwords: A handy online tool for estimating what nonexperts may think when hearing behavior analysis jargon. Behavior Analysis in Practice. No.10. P. 318-320. <https://doi.org/10.1007/s40617-017-0173-0> (in English)

Efremova, A.N. (2015) Kompleksnyj jelektronnyj slovar': osobennosti projektirovaniya. Izvestija RGPU im. A.Gercena. No.178. S. 40. [Efremova, A.N. (2015) Comprehensive electronic dictionary: design features. Bulletin of the Russian State Pedagogical University named after A. Herzen. No.178. P. 40.] (in Russian)

Fesenko, O.P., Laukhina, S.S. (2015) Jelektronnye slovaki kak produkt sovremennoj leksikografii. Omskij nauchnyj vestnik. No.4(141). S. 46-47. [Fesenko, O.P., Laukhina, S.S. (2015) Electronic dictionaries as a product of modern lexicography. Omsk Scientific Bulletin. No.4(141). P. 46-47.] (in Russian)

Karabuta, O., Mandych, T., Lemeshchuk, O. (2020) Electronic dictionary of sports metaphors as an instrument to develop the ukrainian computer lexicography. Journal of Information Technologies in Education (ITE). No.44. P. 42-48. <https://doi.org/10.14308/ite000725> (in English)

Karami, S., Riasati, M.J. (2023) A Study of Electronic Dictionary Use and Attitudes among Iranian Students of Translation during COVID-19 Pandemic. Education Research International. P. 2. <https://doi.org/10.1155/2023/7616256> (in English)

Kobdenova, G. (2013) Jelektronnyj sozdik – zaman talaby. [Kobdenova, G. (2013) Electronic dictionary – a requirement of the times]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/16025> (review date: 03.05.2024). (in Kazakh)

Kuz'mina, R.V. (2021) Jelektronnyj slovar' Oxford English Dictionary kak osnova projektnoj dejatel'nosti studentov. Vestnik Gumanitarnogo instituta. No.2. S. 179-186. [Kuz'mina, R.V. (2021) Electronic dictionary Oxford English Dictionary as the basis of students' project activity. Bulletin of the Humanitarian Institute. No.2. P. 179-186.] https://doi.org/10.6060/BHIISUCT2021_179 (in Russian)

Mad'jarova, G.A., Baisalbaeva, K.N., Ibrajymqyzy, A. (2021) Sravnitel'nyj analiz sushhestvujushhih jelektronnyh slovar'ej. Statistics, account and audit. 320 s. [Madyarova, G.A., Baisalbayeva, K.N., Ibrajymqyzy, A. (2021) Comparative analysis of existing electronic dictionaries. Statistics, account and audit. 320 p.]. <https://doi.org/10.51579/1563-2415.2021-1.44> (in Russian)

Makarych, M.V., Popova, Yu.B., Shved, M.O. (2020) Electronic Lexicography: Traditional and Modern Approaches. Science and Technique. Vol. 19, No.5. P. 424. <https://doi.org/10.21122/2227-1031-2020-19-5-421-427> (in English)

Marus, M.L. (2015) Sovremennye mnogojazychnye jelektronnye slovaki. Jelektronnyj nauchno-metodicheskij zhurnal Omskogo GAU. No.3(3). S. 68-70. [Marus, M.L. (2015) Modern multilingual electronic dictionaries. Electronic scientific and methodological journal of Omsk State Agrarian University. No.3(3). P. 68-70.] (in Russian)

Morel' Morel', D.A., Shatilina, S.I., Shashkin, L.M. (2008) Jelektronnyj slovar' kak sredstvo obuchenija i issledovatel'skij resurs. Al'manah sovremennoj nauki i obrazovaniya. Tambov: Gramota. No.8 (15): v 2-h ch. Ch. I. S. 132-133. [Morel' Morel', D.A., Shatilina, S.I., Shashkin, L.M. (2008) Electronic dictionary as a teaching tool and research resource. Almanac of Modern Science and Education. Tambov: Diploma. No.8(15): in 2 hours. Part 1. I. C. P. 132-133.] (in Russian)

Qulmanov, S.Q., Bisengali, A.Z., Shulenbaev, N.Q., Omarova, A.D. (2024) Qazaq cifrlıyq terminologıjası: terminologıjalyq ishkorpus azırleu tazhıribesi (metamatındik zhane terminologıjalyq belgilenimder parametrleri). TILTANYM. (1): 155-165. [Kulmanov, S.K., Bissengali, A.Z., Shulenbayev, N.K., Omarova, A.D. (2024) Kazakh digital terminology: experience in developing a terminological subcorpus (parameters of meta-textual and terminological

designations). TILTANYM. (1): 155-165. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-155-165> (in Kazakh)

Sarmila, N., Yauri, A.M., Resyadi, H. (2022) The Effectiveness of Electronic Dictionaries in Learning Vocabulary at Indonesia Junior High School Context. International Journal of Research on English Teaching and Applied Linguistics. T. 3. No.2. P. 40-43. <https://doi.org/10.30863/ijretal.v3i2.3903> (in English)

Vepreva, T.B. (2017) Rasshirenie slovarja magistrantov nejazykovyh obespechivajut podgotovku pri pomoshhi onlajn-resursov. Vestnik Cherepoveckogo gosudarstvennogo universiteta. No.6(81). S. 165. [Vepreva, T.B. (2017) Expanding the vocabulary of non-linguistic undergraduates provides training using online resources. Bulletin of Cherepovets State University. No.6 (81). P. 165.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 26.03.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.09.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.09.2025.

© Ескендір Ж.Е., Құлманов С.Қ., Қайранбаев Н.А., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025



Айдана Махамбетова^{1*}, Қуатбек Қонысбайұлы Дүйсен²^{1*} автор-корреспондент, докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0005-5846-7433 E-mail: aidanamakhambett@gmail.com² философия докторы (PhD), А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-4242-1044 E-mail: kuat.duisen@gmail.com**BIG CITY LIFE: ҚАЛАЛАНУДЫҢ ӘН МӘТІНДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ**

Андатпа. Бұл мақала қазақ тілінің урбандану құбылысын ән мәтіндері негізінде қарастырады. Қазақстанда урбандану үдерісі, яғни қалаларға қоныс аудару 2000 жылдардың басынан бастау алып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұл құбылыс Қазақстан тұрғындарының табиғи кеңістігінің өзгерісімен ғана шектелмейді, сонымен бірге олардың дүниетанымындағы трансформацияны да қамтиды. Осы ретте ел тұрғындарының қалалық ортаны қабылдауын және жаңа ортаға сіңісуін тілдік тұрғыдан бақылау өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Себебі қалалық кеңістікті игеруді жеңілдету әрі жеделдету ісінде тіл факторы маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты біз «Қалаға көшіп келген қазақтілді тіл иелменінің санасындағы қала бейнесі қандай?» деген сауалға жауап іздеп көрдік. Қалалану үдерісінің көрінісін қазақ тілінде жарияланған ән мәтіндерін талдау арқылы көрсетуді зерттеу мақсатына айналдырдық. Зерттеу материалы ретінде 2014-2025 жылдар аралығында қазақ эстрадасында танымал болған қазақ тіліндегі ән мәтіндерін алдық. Мақалада ән мәтіндеріндегі қала аттарының кездесу жиілігі, Қазақстан қалаларын сипаттаудағы негізгі паттерндер және қалалық ортаға қатысты қатынастар талданған. Мақалада урбанданудың музыкалық мәдениетке және ағымдарға әсері көрсетіліп, қалалық өмір ырғағының ән мәтіндеріндегі көрінісі және қалалық ортаға тән мәдени құбылыстар сипатталған. Зерттеуде статистикалық талдау, дескриптивтік талдау, семантикалық талдау, салыстыра талдау әдістері қолданылған. Зерттеу нәтижелері Қазақстанда жүріп жатқан қалаға қоныстану үдерісінің әлеуметтік табиғатын айқындап, урбандануды жаңа қырынан көрсететін еңбек болады деген сенімдеміз. Қоғамның урбандануға қатысты көзқарасын ән мәтіндері негізінде талдау әлеуметтік-тілтанымдық үдерістерді зерттеудің теориялық деңгейін тереңдетуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Тірек сөздер: қалалану; урбандану; тілдік ландшафт; ән мәтіндері; ішкі миграция**Қаржыландыру көзі:** Мақала ЖТН АР19680279 «Қазақстандағы ұлт құрылысы контекстінде қазақ тілінің қалалануы» атты гранттық жобасы аясында әзірленді.**Сілтеме жасау үшін:** Махамбетова А., Дүйсен Қ. Big City Life: Қалаланудың ән мәтіндеріндегі көрінісі. *Tiltanym*, 2025. №3 (99). 202-214-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-202-214>**Айдана Махамбетова^{1*}, Қуатбек Қонысбайұлы Дүйсен²**^{1*} автор-корреспондент, докторант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0005-5846-7433 E-mail: aidanamakhambett@gmail.com² доктор философии (PhD), Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-4242-1044 E-mail: kuat.duisen@gmail.com**BIG CITY LIFE: ОТРАЖЕНИЕ УРБАНИЗАЦИИ В ТЕКСТАХ ПЕСЕН**

Аннотация. В данной статье рассматривается феномен урбанизации казахского языка через ее отражение в текстах песен. С начала 2000-х годов в Казахстане идет процесс урбанизации, то есть переселения людей в города. Это явление не ограничивается изменением привычной жизненной среды казахстанца, но также приводит к ее полной трансформации. В связи с этим, одной из актуальных проблем становится наблюдение за тем, как жители страны принимают городскую среду и внедряются в новое окружение с языковой точки зрения. Языковой фактор играет важную роль в упрощении и ускорении освоения городского пространства. Однако трансформация языковой среды людей, недавно обосновавшихся в городе, само по себе сложное явление. Вместе с тем, наблюдение за языковой перцепцией в принятии городской среды жителями Казахстана является одним из наиболее актуальных вопросов на сегодняшний день. В связи с этим, в этой статье мы ищем ответ на вопрос: «Каков образ города в сознании казахоязычного жителя недавно переехавшего в город?» В соответствии с поставленной целью, предпринимается попытка показать процесс урбанизации путем анализа текстов казахоязычных песен. В качестве материала для исследовательской статьи были использованы тексты песен на казахском языке, популярных на казахской эстраде с 2014 по 2025 год. В исследовании проанализирована частота встречаемости названий городов в текстах песен, основные закономерности в описании городов Казахстана и отношение к городской среде. В статье рассматривается влияние урбанизации на музыкальную культуру и ее музыкальные движения, отражение ритма городской жизни в текстах песен и культурные феномены, присущие городской среде. В исследовании используются методы статистического, дескриптивного, семантического и сравнительного анализа. Результаты исследования выявляют

социальную природу процесса городского расселения в Казахстане и показывают урбанизацию в новом свете. Анализ отношения общества к урбанизации на основе текстов песен способствует углублению теоретического уровня изучения социолингвистических процессов.

Ключевые слова: урбанизация, языковой ландшафт; тексты песен; внутренняя миграция

Источник финансирования: Статья опубликована в рамках грантового проекта ОГРН AP19680279 «Урбанизация казахского языка в контексте национального строительства в Казахстане».

Для цитирования: Махамбетова А., Дуйсен К. Big City Life: Отражение урбанизации в текстах песен. *Tiltany*, 2025. №3 (99). С. 202-214. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-202-214>

Aidana Makhambetova^{1*}, Quwatbek Duysen²

^{1*}Corresponding author, Doctoral student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0005-5846-7433 E-mail: aidanamakhambett@gmail.com

²Doctor of Philosophy (PhD), A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-4242-1044 E-mail: kuat.duisen@gmail.com

BIG CITY LIFE: THE REFLECTION OF URBANIZATION IN THE LYRICS

Abstract. This article examines the phenomenon of the urbanization of the Kazakh language through its reflection in song lyrics. Since the early 2000s, Kazakhstan has been undergoing a process of urbanization, that is, the migration of people to cities. This phenomenon is not limited to a mere change in the habitual living environment of Kazakh citizens but leads to its complete transformation. In this regard, observing the way the citizens perceive the urban environment and integrate into the new surroundings from the linguistic viewpoint becomes one of the most relevant issues. Language factor plays a crucial role in easing and accelerating the process of integration into the city space. However, the transformation of the linguistic environment among people who have recently settled in cities is, in itself, a complex phenomenon. At the same time, observing linguistic perception in the adoption of urban environments by Kazakhstan's residents is one of the most relevant issues today. In this regard, the article seeks to answer the following question: What is the image of the city in the mind of a Kazakh-speaking resident who has recently moved to an urban area? In accordance with this research goal, the article attempts to demonstrate the process of urbanization through the analysis of Kazakh-language song lyrics. The corpus for this study consists of Kazakh-language song texts that were popular in Kazakh pop music from 2014 to 2025. The study analyzes the frequency of city names in the lyrics, the dominant patterns in the description of Kazakhstani cities, and attitudes toward the urban environment. The article considers the impact of urbanization on musical culture and its stylistic movements, the reflection of the urban rhythm of life in song lyrics, and the cultural phenomena inherent to the cityscape. The research uses methods of statistical analysis, descriptive analysis, semantic analysis, and comparative analysis. The research findings reveal the social nature of the urban settlement process in Kazakhstan and offer a novel perspective on urbanization. The analysis of society's attitude toward urbanization based on song lyrics contributes to deepening the theoretical understanding of sociolinguistic processes.

Keywords: urbanization; urbanization; linguistic landscape; song lyrics; internal migration

Source of financing: The article was developed within the framework of the OGRN Grant Project AP19680279 «Urbanization of the Kazakh Language in the Context of Nation-Building in Kazakhstan».

For citation: Makhambetova, A., Duysen, Q. Big City Life: The Reflection of Urbanization in the Lyrics. *Tiltany*, 2025. No.3 (99). P. 202-214. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-202-214>

Кіріспе

Жеделдетілген қалалану үдерісі ұлт бейнесін түрлендіріп, жаңа мәдени трендтерді анықтайтын ерекше мәдени құбылыстарды қалыптастырады. Жаһанданудың бір сипаты ретінде қалалалану үдерісі әртүрлі мәдениеттердің бір-бірімен тез әрі қарқынды араласып, бір-біріне әсер етуіне ықпал етеді. Демек, мәдениеттердің өзара араластығы – қоғамның ықтиярынсыз, яғни өзгерген ортаға бейімделу түрінде болатын үрдіс. Сондықтан да қалалық жерлер бүгінде тұрақты өсудің, инновацияларды ынталандырудың, мәдениет пен шығармашылықтың тұрақты дамуының негізгі көзі болып саналады.

Қалалық орта өзгерістерге тез бейім келеді: онда дәстүрлі мәдениет пен байланыстарды әлсірететін жағдайлар болуы мүмкін, сонымен бірге жергілікті бірегейліктің орнын урбанданған жаңа мәдени бірегейлік басуы әбден мүмкін. Бұл жағдайда жеке адам өзін белгілі бір этнос немесе ауыл өкілі ретінде ғана емес, өзіндік паттерндері бар қалалық қауымдастық бөлшегі ретінде сезінеді. Мәселен ірі қалалардағы жастар көбінесе бірнеше тілде қатар сөйлейді (орыс, ағылшын тілдері және т.б.). Сонымен бірге бұл паттерндер музыкалық талғамнан да, сән стилінен де, қарым-қатынас формасын таңдаудан да байқалуы мүмкін. Бұл өз кезегінде мәдени кодтың өзгерісін де

тудырады.

Жалпы алғанда урбандану үдерісі қалалық ортаның жағдайына түбегейлі әсер етіп, әртүрлі құбылыстар тудырады. Қалалық жерлерде халықтың көбеюі, экономикалық және мәдени өмірдің жандануы қоғамдық үдерістерге әсер етпей қоймайды. Урбандану үдерісінің әсерінен мәдени институттар өзгеріске біртіндеп ұшырайды. Урбандану әсерінен қалалардың әлеуметтік-мәдени кеңістігінде де түрлі өзгерістер болып жатады.

2005-2010 жылдар аралығында Қазақстанда қала халқының үлесі аз болды. 2010 жылдардан бері қарай урбандану күшейіп, бүгінгі даму деңгейіне жетіп отыр.

Посткеңестік кезеңде Қазақстандағы урбандану қарқыны біркелкі болған жоқ. КСРО ыдырағаннан кейін республикадағы көптеген қалалар негізгі өндіріс орындарының жабылуына, қалалық инфрақұрылымның құлдырауына, қала тұрғындарының және жалпы халықтың, әсіресе, жергілікті емес ұлт өкілдерінің шетелдерге көшуіне байланысты ұзаққа созылған тоқырауды бастан өткерді. 1989 жылы урбанданудың ең жоғарғы деңгейі тіркелді. Одан кейінгі 20 жыл ішінде ол көрсеткіш әлдеқайда төмендеді. Осы уақыттарда ауыл халқының саны біртіндеп өсті. Мұндай өзгерістерден кейін кейбір қалаларда дезурбанизация (қалалардың өндіріссізденуі) кезеңі басталды. Осылайша 1989 жылдан бастап тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында халық санының өсу қарқыны баяулап, 1999 жылғы көрсеткіштер 1979 жылғы деңгейге жуықтады (Ахатова, Бекенова, Сейтхамзина, 2022: 85).

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сүйенсек, 2021 жылдың басында жалпы халық саны 18 879 552, оның ішінде қала халқының үлесі 11 млн 45 мыңды құрайды (<https://stat.gov.kz>). Қазақстандағы қалалану үдерісінің қарқыны жыл өткен сайын артып келеді. 2021 жылғы санақ қорытындысы бойынша республикада ішкі миграция ағыны республикалық маңызы бар үш қалада (Астана, Алматы, Шымкент) ерекше шоғырланғанын көреміз. Алматы және Астана қалаларында оң миграциялық тренд жиырма жылдан астам уақыт бойы тіркелген қалыпты құбылыс болса, Шымкент қаласындағы миграция құбылысының табиғаты өзгеше екенін айта кеткен жөн. Шымкент қаласында қалыптасқан оң миграциялық трендке Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі демографиялық өсімнің жоғары көрсеткіштері себеп болып отыр. Осының нәтижесінде Шымкент республикалық маңызы бар қала статусын иемденіп, жеке әкімшілік бірлік ретінде бөлініп шықты. Статистика деректері соңғы онжылдықта облыс орталықтарында көп өзгерістер барын байқатады. Мәселен Түркістан облысы қалалану деңгейі бойынша ең төмен өңір ретінде (қала халқының үлесі 20 – 22% ғана) тіркелген. Бірақ соңғы жылдары Түркістан қаласының әкімшілік мәртебесінің айқындалуы және инфрақұрылымының дамуы аймақтағы урбанизацияның жаңа серпінін көрсетеді.

Ішкі көші қон – қазіргі таңдағы урбанизацияның басты қозғаушы күші. Қалаларға қоныс аударып жатқан тұрғындар, негізінен, қолайлы өмір сүру ортасын және экономикалық тұрақты жағдайды іздеп барады. Қоныс аударушылар қалалық ортаға өзімен бірге дүние-мүлкін ғана көшіріп алып бармайды, сонымен бірге, көзбен көріп, қолмен ұстауға болмайтын құндылықтарын, тілдік ерекшеліктерін де ала барады. Қалалық орта көшіп келгендерді қалай қабылдайды? Қаладағы тілдік ландшафт көшіп келушілер үшін қаншалықты қолайлы жағдай туғызады? Қазақтілді ішкі мигранттар санасындағы қалалық кеңістіктің бейнесі қандай? Біз бұл зерттеуімізде осы сұраулардың жауабын іздеп табуға тырыстық.

Қалаға көшіп келушілердің материалдық жағдайына қатысты зерттеулер әлеуметтану, экономика ғылымдары тұрғысынан ұдайы зерттеліп келеді. Ал қалаға көшіп келушілердің сөйлеу тілінің жаңа ортаға бейімделуі туралы деректер жоқтың қасы. Біз осы мәселелерді субмәдениеттер шеңберінде талдауды көздедік.

Материал және әдістер

Біз зерттеу материалы ретінде 2014 – 2024 жылдар аралығында және 2025 жылдың қаңтар, ақпан айларында YouTube бейнехостинг сервисінде жарияланған ән мәтіндерін алдық. Материалдарды іріктеу кезінде әндердің YouTube бейнехостингі сервисінің Қазақстандық сегментіндегі қаралымына назар аудардық. Ән мәтіндерін зерттеудің бастапқы кезеңінде белгіленген талаптар бойынша жинақтадық. Бұл кезеңде сандық әдістерді, соның ішінде жинақтау, топтау, жалпылау әдістерін пайдаландық. Жинақталған материалдарды олардың ортақ және формалды белгілері негізінде (авторы, атауы, жариялау жылы) сұрыптап, бастапқы

дерекқорды құрып алдық.

Зерттеудің келесі кезеңінде алдын ала белгіленген талаптарға мейлінше сәйкес келетін ән мәтіндерін іріктеп алдық. Ән мәтіндеріне қойылған техникалық талаптар:

- ән мәтіні толықтай қазақ тілінде немесе ән мәтінінің кем дегенде жарты бөлігі қазақ тілінде болу керек;

- бір ән мәтінінің көлемі қайырмасын қоса алғанда 10 жолдан аз болмауы керек;

- ән жанрына байланысты шектеулер жоқ;

Зерттеу барысында ән мәтіндеріне қойылған этикалық талаптар мен шектеулер:

- кавер әндер зерттеуге алынған жоқ; каверлер бұрын жарияланған әндердің репродукциясы саналады, сондықтан олар зерттеу талаптарына сәйкес келмейді;

- аударма әндер мүлдем қарастырылған жоқ; ән мәтінінің аудармасы түпнұсқа өнім ретінде танылмайды;

- отандық және шетелдік киностудиялардың тапсырысы негізінде әзірленген, соның негізінде жарияланған кино, анимация өнімдерінің саундтректерін қарастырған жоқпыз;

- жаргон сөздер, дисфемизм сөздер (қорлау, өшпенділік мәндегі лексика) араласқан ән мәтіндері зерттеуге мүлдем алынған жоқ;

- белгілі бір этносқа, этникалық топқа (топтарға), нәсілге, әлеуметтік топқа бағытталған әндерді дерекқордан алып тастадық.

Зерттеудің бұл кезеңінде классификациялау, іріктеу, сұрыптау, сүзгілеу сияқты әдістер пайдаланылды. Бұл жұмыстардың бәрі бастапқы дерекқорда орындалды.

Зерттеудің келесі кезеңінде талдау жүргізіліп, дерекқорға енген ән мәтіндеріндегі қала атаулары, қалалық кеңістіктерге тән атаулар (әуежай, жолайырық, биік ғимараттар, қалың трафик т.б.), қала аумағында орналасқан табиғи нысан атаулары (өзен, төбе, көл т.б.) сұрыпталып алынды. Метабелгіленімге сүйене отырып, зерттеуде талданатын тілдік бірліктердің қайталану жиілігі шығарылды. Іріктеу сатысында атаулар семантикалық үшбұрыш тәсілі арқылы сұрыпталды. Метаны құрастыру барысында статистика әдісінің дескриптивті тәсілі қолданылды.

Зерттеудің келесі кезеңінде алынған нәтижелерге ұқсас әрі бағыттас зерттеу нәтижелерімен салғастыра талдау жүргізілді. Жинақталған урбонимдер мен қалалық кеңістікке тән нысан атауларының сандық көрсеткіштері негізге алына отырып, аталған урбонимдердің ортақ көрсеткіштері анықталды. Соның негізінде аталған қалаларға ортақ әлеуметтік құбылыстар айқындалды, олардың қалаларда жүріп жатқан тілдік миграциямен байланысы, тілдік санадағы көрінісі талданды. Сонымен қатар код миксинг құбылысының қазақ тіліндегі сипаты туралы айтылды. Бұл кезеңде зерттеу мақсатына сәйкес салыстыру, салғастыру, сәйкестендіру, аналогия құру әдістері пайдаланылды.

Әдебиетке шолу

Урбандану – экономикалық өмірдің қалаға жиналу үдерісі (Сүлейменова және т.б., 2020: 400).

Қалаға қатысты алғашқы зерттеулер экономикалық тұрғыдан жазылған еді. Өткен ғасырда әлеуметтанулық зерттеулердің саны артып, қаланың әлеуметтік-мәдени әлеуетін зерттейтін әдіс-тәсілдер де көбейді. Ол еңбектердің авторлары ретінде Дж. Кей-Шатлуорт, Ф. Ле Пле, К. Маркс, Ф. Энгельс сияқты ғалымдарды танимыз (Erlich, 2011: 238).

Қаланы әкімшілік-саяси жүйе ретінде қарастырған М. Вебер оны екі негізгі топқа: өндірушілер мен тұтынушыларға бөлуді ұсынды. Чикаго әлеуметтану мектебінің өкілдері қаланы әлеуметтану және жаратылыстану ғылымдары тоғысында талдады. Осы мектептің интеллектуалды жетекшісі Роберт Эзра Парк әлеуметтік мәселелерді шешудің алғашқы қадамы қаланы зерттеуден басталу керек деген ой айтты. Сөйтіп қала социализациясы В.Томас, Э.Бургесс, Р. Маккензи, Л. Вирт сынды ғалымдардың ықпалымен дамыды (Мигунова, Новиков, 2019: 43).

Кейінгі капиталистік қоғамдағы қалалардың урбанистік формалары Чикаго мектебінің модельдеріне сәйкес келмегендіктен Лос-Анджелес мектебі пайда болды. Осы мектептің өкілдері болып саналатын М. Дэвис, Ф. Джеймисон, Э. Соджа және бірқатар еуропалық зерттеушілер қалаға аймақтағы барлық ресурстарды алатын жалғыз орталық ретінде қараудан бас тартты. Олардың пікірінше әрбір елді мекен ерте ме, кеш пе, өздерінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері негізінде қалаға айналады. Қалалық кеңістіктің мәдени ортасына, архитектурасына және

әлеуметтік-мәдени әлеуетіне баса назар аудару осы бағыт өкілдеріне қаланың жаңа функцияларын бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: қала тұрғындарына тән өмір салтын қалыптастыру және күнделікті тұрмысты өзгерту (Valdes Audriosola, 2014: 320).

Экономикалық фактордың қалалық саясатты қалыптастырудағы рөлінің ерекше екенін және урбанданумен тығыз байланыстылығын Э.С. Демиденко, А.С. Синяковский, В.А. Русановский, В.А. Марков сияқты авторлардың зерттеулері растайды. Қаланың немесе аймақтың әлеуметтік-мәдени әлеуетіне бағалау түрінде талдау жасайтын авторлардың басым көпшілігі тұрғындардың өз әл-ауқатына өзіндік баға беруін, сондай-ақ қала халқының жан басына шаққандағы орташа табысының мөлшерін талдайды (Abdulkabatova, 2009: 326).

Урбанист әлеуметтанушы Э. Соджа урбандану салдарынан әлеуметтік теңсіздіктердің өсуі, табыс айырмашылығының артуы, стратификацияның жаңа түрлерінің пайда болуы сияқты құбылыстарды бір сөзбен «метрополия» деп атады.

Қала тұрғындарының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттырудың маңызды шарты – әлеуметтік инфрақұрылымға кіретін салаларды біріктіру және дамыту екені белгілі. Л.Абдулқабатова, Г.В. Эрлих, Ю.В. Ашнина, А.В. Борисов, Н.И. Борисова сияқты ғалымдар өз зерттеулерінде урбанизация және инфрақұрылымды дамыту процестерінің өзара байланысын кеңінен баяндайды (Сүлейменова және т.б., 2020), (<https://stat.gov.kz>).

Урбанданудың экологиялық жағдайға әсері – ең көп зерттелген тақырыптардың бірі. З.Фокина, А.Л. Поздняков, А.М. Самохвалов, С.В. Костарев және т.б. ғалымдар урбанданған және табиғи ортаның бірлескен дамуының өзгермейтіндігін, сонымен бірге бір-біріне теріс әсері болмауы үшін олардың арасындағы қатынастарды үнемі тиімді тұрғыдан реттеп отыру қажеттілігін айтады (Kostarev, 2012: 75), (Pozdnyakov, Samokhvalov, 2014: 54).

Зерттеушілер урбанданудың (қалаланудың) қала мәдениетіне әсері туралы көп жазып келеді. Өйткені ол оның әлеуетінің ажырамас бөлігі. З.А. Трифонова бұқаралық және жаһандық мәдениеттің басымдықтарын, сондай-ақ жергілікті мәдени стандарттарды сақтау мен олардың арасындағы қайшылықтардың бар екенін ерекше атап көрсетеді (Gres, 2017: 55).

Адамдардың білім деңгейі – мәдени компоненттің ажырамас бөлігі. Оларды қалалық жерлердегі жоғары өмір сүру деңгейі, дамыған инфрақұрылым, кәсіптік білім алу және әлеуметтік-мәдени мүдделерді іске асыру мүмкіндіктері қызықтырады (Klyachko, Semionova, 2018: 115).

Қала тұрғындарының өз өміріне қанағаттану деңгейі урбанизацияны анықтайтын фактор ретінде аз сипатталады. Н.В. Андрееenkova әлеуметтік орта факторларының тұрғындардың қанағаттану деңгейіне әсері туралы айтып, әлеуметтік қарым-қатынастың жиілігін және психикалық қарым-қатынас мүмкіндіктерін талдайды (Andreenkova, 2010: 190).

М. Кастельс халық тығыздығының артқан кезеңінде адамдардың бір-біріне неғұрлым жақын болуы оларды соғұрлым әлеуметтік қарым-қатынас пен байланыс тұрғысынан алыстататынын айтады (Castells, 1977: 77).

Бүгінде ЮНЕСКО-да әлемнің кез келген урбанданған қаласының шығармашылығын арттыру және ноу-хау алмасу мақсатында құрылған Creative cities Network деп аталатын бүкіләлемдік бірлестік бар (Рейтинг стран мира по показателю уровня урбанизации, 2020). «Шығармашылық индустрия», «креативті қала» ұғымдары – ХХІ ғасыр ұғымдары. Ал ХХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап бұл ұғымдар қалаларды дамыту үшін қолданыла бастады (Trifonova, 2008: 79).

Қалаланудың адам тіліне әсері туралы нақты зерттеулер бертінде жүргізіле бастады. Бұл үрдістің тілдік ландшафтыға әсері туралы зерттеулер ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап жүйелене бастады. Аталған мәселе бойынша М. Тандефелт, Т. Пепински, М. Абтахиан, А. Кон, Х.Төрән және өзге де зерттеушілердің ізденістерін айтуға болады (Pepinsky, Abtahian, Cohn, 2022: 2511). Фин социолингвистерінің осы тақырып бойынша зерттеулері «The Sociolinguistics of Urbanization: The Case of the Nordic Countries» (Қалаланудың социолингвистикасы: Солтүстік Еуропа мемлекеттерінің кейсі) жинағында жарияланған. Сондай-ақ М. Тандефелттің «Urbanization and Language Shift» мақаласында («Қалалану және тілдік жылжу») қаланың тілдік ландшафтындағы өзгерістер жайы аз-кем сипатталады, нақтырақ айтқанда, ол өзгерістердің тіл иелмендерінің жаңа кеңістікті игеру қажеттілігінен туындайтыны айтылады (Tandefelt, 1994: 251).

Тілдің қалалық кеңістікте түрленуінің прагматикалық сипатын Т. Пепински бастаған зерттеушілер талдаған. Т. Пепинскидің зерттеулерінде Шығыс Азия мемлекеттерінде жүріп жатқан қалалану деректері негізге алына отырып, тілдегі өзгерістер жайы сипатталған. Мәселен «Urbanization, ethnic diversity, and language shift in Indonesia» («Индонезиядағы қалалану, этникалық әралуандылық және тілдік жылжу») зерттеуінде қалаланудың тілдегі көрінісі жан-жақты талданған.

Қазақстанда урбандану тақырыбы түрлі аспектілер бойынша: демография, экономика, әлеуметтану, география және мәдениет салалары тұрғысынан зерттелді. Лингвистикалық тұрғыдан қазақ тілінің урбанизациялық үдерістегі мәселелері ішінара қарастырылып келеді. Белгілі социолингвист Ж. Смағұлова «Language Policies of Kazakhization and Their Influence on Language Attitudes and Use» мақаласында Қазақстандағы қазақтандыру саясатының тілдік ұстанымдары туралы талдай келе, соның негізінде социолингвистикалық зерттеу нәтижелерін ұсынады. Нұргүл Терлікбаева, Гүлбахыт Менлібекованың «The Dynamics of Language Shift in Kazakhstan: Review Article» мақаласында Қазақстандағы тіл ауысу үдерісінің баяу жүру себептері мен тілдік саясаттың әсері талданады. Әсел Ақжігітова, Шолпан Жарқынбекованың «Language planning in Kazakhstan: The case of ergonyms as another scene of linguistic landscape of Astana» зерттеуінде Астананың тілдік ландшафтысы және эргонимдер арқылы тілдік жоспарлау үдерістері жайы қарастырылады. Гүлнара Сүйінова, Ольга Андриющенконың «Regional urban studies as a promising trend in Kazakhstan linguistics» зерттеу мақаласында Қазақстан қалаларындағы урбанонимдер мен ономастикалық жүйелердің тілдік және мәдени аспектілері қаралады.

Нәтижелер және талқылау

Біз зерттеуге 143 әншінің репертуарындағы жалпы саны 351 ән мәтінін алдық. Жинақталған ән мәтіндерін олардың айналымға түсу жылдары бойынша жіктедік. Зерттеу материалдары осы әндер жарияланған сайттардан және жеке орындаушылардың сайттарынан алынып, арнайы ашылған дерекқорға (Excell кестеге) жинақталды. Дерекқор келесі мәліметтерді қамтиды: *ән атауы, ән мәтіні, орындаушысы, ән жарық көрген жыл.*

Ән мәтіндері жылдар бойынша төмендегідей жіктелді:

2014 жыл – 16 ән, 2015 жыл – 11 ән, 2016 жыл – 28 ән, 2017 жыл – 43 ән, 2018 жыл – 39 ән, 2019 жыл – 38 ән, 2020 жыл – 30 ән, 2021 жыл – 21 ән, 2022 жыл – 30 ән, 2023 жыл – 35 ән, 2024 жыл – 46 ән және 2025 жыл – 13 ән.

Зерттеуді бастағанда, ең алдымен, бір немесе бірнеше қала аттары аталған әндерді іріктеп алдық. Бұдан кейін ән мәтінінде нақты қала атауы болмаса да, қала кеңістігіне тән нысандарға сілтеме жасалған және белгілі бір қалаға қатысты нысан атаулары аталған мысалдарды да сұрыптап алдық. Халық көп шоғырланған аймақтардағы қала кеңістігіне тән нысан атаулары ретінде ғимараттар, инфрақұрылым элементтері және мәдени кеңістік атаулары (мысалы: әуежай, вокзал, даңғылдар, жолайырықтар т.б.) алынды. Осының негізінде алғашқы 351 әннен 69 ән талдауға жарамды болып шықты.

Біз талдау жасаған ән мәтіндерінде жалпы саны 17, соның ішінде Қазақстанның 10 қаласы: Алматы, Шымкент, Астана, Ақтөбе, Ақтау, Қызылорда, Орал, Атырау, Тараз, Көкшетау қалалары аталған. Бұл реттілік қайталану жиілігіне байланысты белгіленді. Әндерде аты аталған қалаларды өңірлер бойынша топтастырсақ: оның 4-еуі – Қазақстанның оңтүстігінде, келесі төрттік – республиканың батысында, Астана және Көкшетау қалалары – Қазақстанның орталығында орналасқан.

Ән мәтіндерінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан жеті қаланың аты аталады. Олар: Анкара (Түркия), Анталия (Түркия), Бішкек (Қырғызстан), Лондон (Біріккен корольдік), Мекке (Сауд Арабиясы), Париж (Франция), Рио де Жанейро (Бразилия). Ал шетелдік қалалардың төртеуі – Азия құрлығында, біреуі – Еуропа құрлығында және тағы біреуі – Оңтүстік Америка құрлығында орналасқан (толығырақ мәліметті Кесте 1-ден қараңыз).

Кесте 1 – Қазақ ән мәтіндеріндегі қала бейнесі және оған байланысты туындайтын ассоциациялар

Таблица 1 – Образ города в казахских песенных текстах и ассоциации, возникающие с ним

Table 1 – The Image of the City in Kazakh Song Lyrics and the Associations it Evokes

Қала аты	Ән мәтінде қала атауының кездесу жиілігі	Ән мәтіндеріндегі мәдени нысан немесе кеңістік атаулары	Ән мәтіндеріндегі табиғи нысан атаулары	Ән мәтіндеріндегі қалаға қатысты туындаған ассоциациялар
Алматы	20	Абай мен Достық даңғылдарының қиылысы, түнгі қала, барахолка, Медеу	Көктөбе Алатау	үлкен, қатігез, шулы, тәкаппар, құбылмалы, ұмытылмас, жалғыздық
Шымкент	7	түнгі қала		жайлы
Астана	6	Ақорда, Бәйтерек		мемлекет орталығы, ел ордасы
Ақтөбе	3			туған жер
Ақтау	3		жағалау	туған жер
Қызылорда	2			туған жер
Орал	1			туған жер
Атырау	1			туған жер
Тараз	1			
Көкшетау	1			әдемі
Жалпы қалалық кеңістікті сипаттау	20	вокзал, әуежай, парк, алаң		

Ән мәтіндерін талдау барысында алынған нәтижелер қазақ ақындары мен композиторларының қоғамда жүріп жатқан үдерістерден хабардар екенін, олардың трендтерге уақытында ілесе алатынын көрсетеді. Бұл, ең бастысы, шығармашылық топтың халық сұранысына сай ән тудырып жатқанын да байқатады. Талдау барысында анықталған қалалардың үшеуі – халық саны миллионнан асатын ірі метрополистар (Астана, Алматы, Шымкент). Қалған жеті қала – өсу қарқыны жоғары облыстардың орталықтары.

Ән мәтіндерінде белгілі бір қала атының аталуының өзіндік мақсаттары бар. Соның негізгісі – сол қалада жүріп жатқан демографиялық үдерістерді көрсету, қала тұрғындарының сезімін таныту. Ән мәтіндерінде қалаларды белгілеудің өзіндік корреляциясы бар. Біз тізбектеп шыққан 10 қалада 2000-жылдардың басынан бастап қалалану үдерісі жоғары қарқынмен жүруде. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, ән мәтіндерінде аталған 10 қаланың халқы 2014 – 2025 жылдар аралығында орта есеппен 37,7%-ға өскен. Қалалардағы халық санының өзгерісі туралы толық мәліметті Кесте 2-ден қараңыз.

Кесте 2 – Қазақстандағы халық санының өзгерісі (2014 – 2025 жылдар аралығы)

Таблица 2 – Изменение численности населения в Казахстане (за период с 2014 по 2025 годы)

Table 2 – Population Change in Kazakhstan (2014 – 2025 Period)

Қала халқы	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025	Өсу (%)
Ақмола облысы	352 866	354 955	360 319	357 938	360 557	360 789	362 786	365 691	438 207	441 997	445 715	450 271	27,60%
Ақтөбе облысы	548 955	561 946	573 619	585 757	601 955	614 328	627 866	640 810	681 135	692 467	703 670	717 622	30,73%
Атырау облысы	305 272	315 445	325 867	336 242	344 719	350 812	355 351	360 895	376 056	382 459	389 872	390 932	28,06%
БҚО	307 533	312 847	317 775	324 892	333 697	339 690	344 826	348 712	382 302	386 803	391 761	398 389	29,54%

Жамбыл облысы	436 373	442 619	449 416	448 558	443 775	446 926	448 059	453 997	521 943	526 938	530 817	535 394	22,69%
Қызылорда облысы	316 329	324 587	333 286	340 422	345 762	351 606	357 705	364 530	385 564	391 207	395 163	398 336	25,92%
Маңғыстау облысы	277 225	282 837	286 299	288 274	285 702	287 515	293 091	304 168	336 108	346 958	358 235	370 671	33,71%
Астана қаласы	820 745	859 129	878 913	979 017	1 036 905	1 084 712	1 142 470	1 190 711	1 295 711	1 354 559	1 430 105	1 528 703	86,26%
Алматы қаласы	1 605 537	1 646 144	1 707 439	1 755 935	1 806 609	1 859 288	1 921 499	1 981 992	2 101 485	2 161 901	2 228 675	2 292 055	42,76%
Шымкент қаласы	828 698	857 883	886 095	912 120	951 974	1 008 894	1 037 924	1 074 221	1 162 308	1 192 199	1 222 066	1 256 164	51,58%

Көші-қонның жоғары көрсеткіштері қалалардағы тұтынушылар аудиториясының өскенін дәлелдейді. Ән мәтіндерінің авторлары қала аттарын референт түрінде белгілеу арқылы өз аудиториясын қалыптастырады. Бұл өз кезегінде оны коммерциялық мақсатта пайдалануға жол ашады.

Жалпы ән мәтіндерінде қалаларды атаудың тағы бір ерекшелігі байқалады. Бұл үрдіс Кеңес уақытынан бері қарай өз жалғасын тауып келеді. Кеңестік кезеңде, *Алматы қаласын* әнге қосу тренд болған еді. 2000 жылдардың ортасында бұл тренд айтарлықтай бәсеңдеген. Трендтегі түбегейлі өзгеріс 2017 жылы болды десек қателеспейміз. Өйткені 2017 жылдан бұрынырақ жарияланған әндерде қаланы тегтеу құбылысы әлсіз болған. 2017 жылы эстрадада «Қайда?» деген атпен жаңа ән шықты, осыдан кейін ән мәтіндерінде қалаларды атау жиілігі едәуір артқанын байқаймыз. Ерке Есмаханнның орындауындағы бұл әнде 2000 жылдардың басынан бүгінге дейін халық саны едәуір артқан қалалардың аттары аталады. Ән көпшілік көңілінен шығып, ютубта аз уақыт ішінде 100 млн-нан көп қаралым жинады. Ерекше ықыласқа бөленіп, аудиторияны өзіне еріксіз тартқан ән Қазақстанның облыс орталықтарында жүріп жатқан урбандану үдерісін ұтымды көрсеткен. Біз музыка индустриясында Ерке Есмаханнның «Қайда?» әнінің жетістігінен бастау алған бұл құбылысты «*Ерке Есмахан эффектiсi*» деп атауды жөн көрдік. «*Ерке Есмахан эффектiсiнiң*» коммерциялық тұрғыдан да бәсекеге қабілетті бола алғанын айта кеткен жөн.

Зерттеу барысында ән мәтіндерінде көп ұшырасқан англицизмдер мен цифрлық жаргондар да өзіне назар аудартап қойған жоқ. Поэзияда пафостың азайып, ұйқастың жеңілдеу формаға ауысқаны ерекше аңғарылады. Әсіресе рэп және хип-хоп стиліндегі әндер қалалық ортаға тән үйреншікті көше динамикасын байқатады. Сондай мысалдардың бірнешеуін келтірейік (Agugai.kz, 2024), (Muzzona.kz, 2024), (Kazamuz.kz, 2024).

«Айналада лай, айналада лай
Үйде бәрі теп-тегіс, үйде бәрі мол
Далада тек – *кептеліс*, дала лайға толы
Бататын бәрі лай, бала, абай бол,
Айналада – у-шу, кунг-фу мен у-шу
Мағыналы әңгіменің сүйектері бар-ау».

(«*Ninety One*» тобының орындауындағы «*Lie*» әні)

Қазіргі урбанданған қоғамда «кептеліс» сөзі уақыт тапшылығы, жүйелік тығырыққа тірелу сияқты кең әлеуметтік проблемаларды қамтиды. Сондықтан бұл сөзді естігенде тілдік санада жағымсыз ассоциацияның туындауы түсінікті. *Кептеліске тап болдым, кептеліс басталды, кептеліс уақыты, т.б. сөз тіркестері* сөйлеу актісінде уақытша қиындықты немесе қандай да бір жағдайға тәуелділікті білдіреді.

«У (у), Әлемді бері қарату

Жақсы мен жаманды оңай ажырату
Төрт дөңгелектер, түнгі көбелектер
Қаланы айналып, әрі-бері жүрсің не істеп?»

(Prince лақап атымен танымал орындаушының «Big City Life» әні)

Бұл үзіндідегі мысалдар санада қайшылықты сезімдер тудырады: бір жағынан еркіндік пен қозғалысты меңзесе, екінші жағынан урбанданудың көлеңкелі жақтарын көрсетеді деп болжамдаймыз. Эвфемизм мәніндегі сөз жастардың бос жүрісін, жүйесіз түнгі өмірін аңғартады.

Ал сен жоқсың, жоқсың, таба алмадым сені
 Сен жоқсың, жоқсың, іздемейсің мені
 Сен жоқсың, жоқсың, бар болсаң, қайдасың?
 Сен кімсің? Жүрсің қайда?
Алматыда жоқ-жоқ, Астанада жоқ-жоқ
 Сені іздедім, үмітті үзбедім...

(Ерке Есмаханнның орындауындағы «Қайда?» әні)

Бәрімізге таныс бұл әнді тыңдағанда, оқырман санасында мынадай ассоциациялар туындайды: үлкен қаладағы жалғыздық, жан айқайы, келер күнге үміт арту т.б. Демек, автор жеке адамның сезімі арқылы қоғамдық көңіл-күйді көрсетуді көздеген. Қоғамның урбандануы жағдайында нәзік сезімдердің бәсендеуі, адамдар арасындағы байланыстардың әлсіреуі сияқты мәселелер де көрініс береді.

Аэропорт
 Кездесу мен қоштасу,
 Мүмкін емес достасу...

(Ерке Есмаханнның орындауындағы «Аэропорт» әні)

Урбандану кезеңінде *аэропорт* сөзі қоғамдағы байланыстардың тұрақсыз және уақытша сипатын білдіреді. Бұл үзіндіде *кездесу мен қоштасу* мағыналық контрасты арқылы эмоциялық шиелініс көрініс тапқан деуге болады. Сонымен бірге урбандану мен әлеуметтік мобильділіктің әсерінен терең, тұрақты байланыстардың сиреу жайы тыңдарманды ойға қалдырады.

Ән мәтіндерінің көбінде «үлкен қалалардағы жалғыздық» тақырыбы көтерілген. Бұл тақырыптың жиі көтерілуі қала өмірін толық сипаттайды десек қателеспейміз.

Біз талдаған ән мәтіндерінде, сонымен бірге, қалалану динамикасы, қала өмірінің ерекшеліктері көп көрініс береді, ауыл өмірінен ажыраудан туындаған адамның ішкі сезімдерінің қайшылығы да ұшырасып жатады. Адамның бұл күйі бұрыннан үйренген кеңістікті әртүрлі себептерге байланысты (білім алу, жұмыс бабы және т.б.) ауыстырғандықтан туындауы мүмкін деп топшыладық. Мысалы:

«Бұртиғаныңды сүйдім, сүйгенім үшін күйдім,
Не десең де келмейді ауылды қизым...».

(Әділет Жауғашардың орындауындағы «Бұртиғаныңды сүйдім» әні)

Бұл жолдардан ауыл мен қала өмірі арасындағы әлеуметтік қарама-қайшылық, қалалық махаббат пен ауылдағы жайлы өмір арасындағы әлеуметтік таңдау да байқалады.

